

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ



«Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

№11-12 (4011), 20 наурыз, 2026 жыл

www.qazaqadabiet.kz



ЕЛДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ, ЕГЕМЕНДІГІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Ата заңымызды қабылдауға арналған салтанатты жиында Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Жаңа Конституцияның қабылдануы – елімізді құқықтық және саяси тұрғыдан түбегейлі жаңғырту мақсатында жүргізілген ауқымды реформалардың бірі. Елдің ұзақмерзімді мақсат-мұратын айқындайтын, ұлтымыздың келешек тағдырына тікелей әсер ететін тарихи құжат тек мемлекеттік институттардың құрылымын ғана өзгертіп қоймай, билік тармақтарының өзара қатынасын да жаңаша анықтайды.

Салтанатты рәсімнен кейін сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жаңа Конституция – халқымыздың ынтымақ-бірлігінің жарқын символы. Оның баптарында әрбір қазақстандықтың арманы мен ансары, ұрпағының баянды болашағына деген үміті мен сенімі көрініс тапқан. Ата заң барша азаматтың – Отанымыздың шынайы патриоттарының басты бағдарына айналады. Қазақстанның жаңа Конституциясы – әлемдік өркениеттің биігіне бет алған ұлтымыздың берік әрі мызғымас тұғыры.

Жаңа Конституцияны қабылдау – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру деген сөз. Бұл – дұрыс пен бұрысты тани білетін, жақсы мен жаманның ара-жігін ажырата алатын, кемеліне жеткен жұрттың ғана қолынан келетін іс. Жаңа Конституция елдігіміздің тірегі, егемендігіміздің тұғыры болады. Оның әр нормасы, әр тармағы Тәуелсіздігімізді нығайта түседі, – деп атап өтті. – Әділдік қағидаты бас құжаттың өзегіне айналды. Сондықтан жаңа Ата заңды Әділетті Қазақстанның төлқұжаты десек, кателеспейміз. Мен ел Президенті және Конституция кепілі ретінде бас құжаттағы ережелердің мүлтіксіз орындалуы үшін бар күш-жігерімді саламын. Жаңа Конституциямызға сәйкес адал қызмет етуге серт беремін!»

ҚР Орталық референдум комиссиясы жариялаған республикалық референдумның қорытындысы бойынша жаңа Конституцияны еліміздің барлық өңірінде азаматтардың көпшілігі қолдады. Референдумға қатысуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны 12 482 613 адамды құрады. Дауыс беруге 9 127 192 азамат қатысты, бұл – референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың жалпы санының 73,12 пайызы. Оның ішінде 2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау туралы мәселенің он шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны 7 954 667 адам, бұл дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы санының 87,15 пайызын құрады.

Сонымен, жаңа Конституция 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Ал Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін болдык.

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ

«НАУРЫЗ»

Сәлем бердік! Жас наурыз,
жылдың басы!
Жұрттың күткен мінеки, ықыласы!
Көжесін құйып, күйбендеп, басын асып,
Бермек әркім барынша қонақасы.

Келгеніңе құттықтап бірін-бірі,
Қуанышта, көрісіп кәрі, жасы.

Көңілі түгіл адамның сен келген соң,
Самарқанның елжіреп тұр көк тасы.

Күйін көріп қуанған мұңсыз деме!
Толып жатқан көбінің бар мәнісі,
Табак тартып «әумин» деп
қол жайды жұрт,
Батанды бер жарылқар, жыл мырзасы!

«Қазақ» газетінің 1914 жылғы 9 наурыздағы
№53 санының беташары ретінде жарияланған
«Наурыз» атты редакциялық өлеңі.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ - ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТИ - «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін - **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін - **15353**

Баспасөз-2026

«Казпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:
Қалаларда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:
Қалаларда:
1 айға – 1918,53 т.
3 айға – 5755,59 т.
6 айға – 11511,18 т.
12 айға – 23022,36 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 1720,82 т.
3 айға – 5162,46 т.
6 айға – 10324,92 т.
12 айға – 20649,84 т.

«Евразия пресс» ЖШС бойынша

Жеке жазылушылар үшін:
1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге
6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге

Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:
1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге
6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге

Ақтөбе облыстық Халықтық шығармашылығы орталығының жанынан құрылған «Ер Едіге» жыр мектебі Ұлы дала елінің ерлікке толы тарихын, батыр бабаларымыздың болмысын насихаттауға арналған «Жыраулар жолымен...» атты жыр жобасын өткізіп, бір тәулік бойы үзіліссіз жыр төкті.

ӘЛЕМДІК РЕКОРДҚА ЕНГЕН «ЕР ЕДІГЕ»

16 наурыз күні ертеңгісін басталған жыр жобасы қасиетті Рамазан айының Қадір түнінде де жалғасын тауып, келесі күннің сәске түсінде өз мәресіне жетті. Бабалар аманатындай болған жыраулық өнердің ғасырлық үнін тәулік бойы танды-танға ұрып, қайта жаңғыртқан бұл шараға қатысқан облыс әкімі Асхат Шахаров өз сөзінде аталған жобаның қазақ халқының ғасырлар сүзгісінен өтіп, атадан балаға мирас болып келе жатқан жыраулық өнерін жаңғыртуға және оны дүниежүзілік деңгейде насихаттауға бағытталғанын айтып, жас жыршыларға сәттілік тіледі. Ұлттық рухты көтеретін тағылымы мол осы шара аясында «Ер Едіге» жыр мектебінің 36 жыршысы бірінен соң бірі үздіксіз 24 сағат бойы «Қырымның қырық батыры» эпикалық циклына енген 36 дастанды және қасиетті Рамазан айына байланысты «Пайғамбарлар қиссасы» циклына кіретін насихат термелерді, тамыры тереңде жатқан халық әндерін орындап, қазақтың жыраулық дәстүрінің өміршендігін дәлелдеді. Жырлау көне дәстүрлі құрылым бойынша жүргізіліп, орындаушылар әрбір үш сағат сайын алмаса отырып, бір-бірінен іліп әкету тәсілі арқылы орындалатын эпостық шығармалардың үздіксіздігін сақтады. Құрамында Қазақстан Жазушылар одағының Ақтөбе облыстық филиалының директоры Бижан Қалмағанбетов, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Гүлімай Қуанышова, филология ғылымдарының кандидаты, эпостанушы-ғалым, «Қолжазба және мәтінтану» ғылыми-инновациялық орталығының директоры Асқар Тұрғанбаев және осы орталықтың жетекші ғылыми қызметкері Сейілбек



Сәкен бар тәуелсіз сарапшылар орындаушылар шеберлігіне өз бағаларын берді. Жыр жобасына Азия мен Африка елдері бойынша GBR әлемдік рекордтар кітабының бас офицері Қуандық Құдайбергеновтің қатысуы жоба қорытындысының 192 елге ресми таралып, қазақ жыраулық өнерінің мәртебесін жаһандық мәдени кеңістікте танылуына жол ашты. Қуандық Шыңғысұлы өткізілген шараның қорытындысы талаптарға сәйкес деп ресми танылған жағдайда «Ер Едіге» жыр мектебінің «Жыраулар жолымен...» жобасы Әлемдік рекордтар тізіміне енгізілетінін айтты. Ұлттық өнерімізді халықаралық мәдени платформада кеңінен насихаттайтын бұл шараға зиялы қауым өкілдері, мәдениет саласының мамандары, ардагерлер мен шығармашылық ұжымдар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Жыршыларға GBR рекордтар кітабының арнайы сертификаттары мен естелік сыйлықтары салтанатты түрде табысталды.

Қазақстан Жазушылар одағы өткен 2025 жылды үлкен табыстармен аяқтады. Жыл барысында Қазақстан жазушыларының шығармашылық іскерлігін дамытуға арналған көптеген ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Жалпы Жазушылар одағына қарасты қай саланы алсаңыз да ауыз толтырып айтарлық жетістіктер аз емес. Бұған Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Қазақстан республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қазақстан Жазушылар одағына жолдаған Алғыс хаты айқын дәлел бола алады.



Құрметті салық төлеуші

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті сізге 2025 жылдың қорытындысы бойынша салықтық міндеттемелерді адал орындағаныңыз үшін алғыс білдіреді.

«Қазақстан Жазушылар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігі, сіздің мемлекеттік бюджетке қосқан үлесіңіз 97 621 912.6 теңгені құрайды.

Еліміздің тұрақты дамуындағы еңбегіңізді бағалаймыз. Сіздің жауапкершілігіңіздің нәтижесінде мемлекет негізгі әлеуметтік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз етуде. 2025 жылы бюджет қаражаты әлеуметтік сала (52%) сияқты басым бағыттарға жолданды, оның ішінде 17,1% зейнетақы мен жәрдемақы төлемдерін құрайды.

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелеріне айтарлықтай көңіл бөлінеді, осы мақсаттарға 22,3% бағытталды.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытуға арналған шығыстардың үлесі 8,1%-ды, көлік пен коммуникациялар – 6,1%-ды құрайды.

Экономиканың нақты секторын дамытуға арналған шығыстар 6,1%, ауыл шаруашылығы – 3,2%.

Сіздің белсенді азаматтық ұстанымыңыз бен бизнесті ашық жүргізуіңіз Қазақстан Республикасының өркендеуінің және әрбір азаматтың өмір сапасын арттырудың фундаменти болып табылады.

Сізге еліміздің болашағына қосқан үлесіңіз үшін алғыс айтамыз!



ҚАЗАҚ СУРЕТШІСІ АКАДЕМИК АТАНДЫ

13 наурызда Баку қаласында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат», III дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, Алматы қаласының Құрметті азаматы, талантты суретші Алпысбай Қазғұлов Түркі дүниесі Көркемсурет академиясының академигі атанды. Бұл – қазақ бейнелеу өнерінің хас талантының ұзақ жылғы еңбегіне берілген үлкен баға.

Алпысбай Қазғұловтың өнер кеңістігіндегі басты ерекшелігі – көп ізденеді, көп еңбектенеді. Ол бейнелеу өнеріндегі өз жолын, дербес стилін қалыптастырды. Алпысбай картиналарында экспрессивтік бір күш бар. Эмоционалдық алабөтен ырғағы қалыптасқан шебердің картиналарының көрерменді тартып тұратын

қарым-қабілеті осы күшінде жатыр. Оның картиналары этнографиялық мазмұн мен ұлттық дәстүрге өте бай. Туындыларында адам жанын, оның психологиялық көңіл күйін әдемі аша біледі. Суретші ұлттық нақыштың контекстінде өзіндік түс ерекшеліктерін тиімді пайдаланатыны да оның шығармашылығын жоғары деңгейге көтеріп тұр. «Кез келген суретші үшін түс пен кеңістікті сезіне білу өте маңызды. Осы орайда Алпысбай үлкен биікке көтеріле алды. Жарықты да жақсы көре біледі. Талантты суретшінің картиналарында сюжеттің шиеленісуі мен кульминациясы бір линияда ұштасып жататыны да оның шеберлігі өз шыңына жеткенін көрсетеді», – дейді зерттеушілер қылқалам шеберінің өзіндік қолтаңбасы хақында.

ЖЫР мен ГҮЛ



Жетісу облысының С.Сейфуллин атындағы орталық кітапханасы Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу облыстық филиалымен бірлесіп, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған «Жыр мен гүл» атты еркін форматтағы поэзиялық кеш өтті.

Мерекелік кешке Жетісу өңірінің белгілі акын-жазушылары мен әдебиетсүйер қауым қатысты. Олардың қатарында жазушы-драматург, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаттары Л.Егембердиева, Н.Бектемірова, балалар тақырыбына қалам тербеп жүрген ұстаз, акын Ж.Балақанова, сондай-ақ акындар Г.Демеуова, Р.Жылқайдарова, Г.Қасен, З.Әуезова, З.Нұрданбек,

К.Сейітжанқызы жас ақындар Л.Жанбота, Г.Кенес, П.Алмазова және журналист-жазушы А.Қасенова болды.

Кеш барысында акындар бір-біріне арнау өлеңдерін оқып, «Сұлулыққа сұлу сөз» атты поэзиялық бөлімде жүрек тербейтін жырларын көрерменге жеткізді. Жетісу облысының Дәнеш Рақышев атындағы филармониясының әншілері әсем әндерін тарту етті.

Мерекелік шара соңында әдебиет пен мәдениет саласына сүбелі үлес қосқан жазушы, драматург, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Лидия Егембердиеваны мерейлі 75 жасымен филиал төрағасы Жангелді Немеребай мен кітапхана басшысы Самал Қанатханқызын құттықтап, ұйымдастырушылар тарапынан құрмет көрсетті.

Лина АЙДЫНҚЫЗЫ

● НАУРЫЗ БАТА

Бексұлтан НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ,
Қазақстанның Халық жазушысы

Наурыз – қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық мерекесі. Жаңа жыл... Жаңарудың, жақсылықтың мерекесі. Өзін қазақпын деп санайтын әрбір жан осы жаңа жылдан бастап өзіме жақсылық келсе екен, отбасыма, еліме, жұртыма, мемлекетіме жақсылық келсе екен деп тілейді. Бұдан артық тілек болмайды.

«Бұл тілекті орындау үшін не керек?» деген сұрақ та тұрады көкейде. Бірінші, әлбетте, бірлік, ауызбіршілік керек. Ауызбіршілік бар жерде береке бар. Халық та, әулет те құлашын кенге жаяды бірлік барда. Ал оны қамтамасыз ету үшін бізге сабақтастық керек. Ата-бабамыз жерді, елді сақтау үшін қанын төкті, жанын берді. Халықтың басынан өткерген тарихы арқылы балаларды тәрбиелеудің маңыздылығы зор. Өткенімізде осындай жақсылық, осындай қателік болған деп саралай отырып, жақсыдан сабақ алып, қателікті түзеуіміз керек.

Қазақ мемлекеттігін сақтау жолындағы күрестердің бірі – қазақ пен қалмақтың шайқасы. Екеуі бірде дос, бірде қас болған. Отбасылары өзара аралас-құралас болды. Бірақ ешқашан ұзақ бірігіп тұра алмаған. Соның кесірінен қалмақ тәуелсіз мемлекеттігінен айрылды, қазақ та зобаландардан өтті. Құдай жар болып Тәуелсіздігімізді алдық. Тәуелсіздікке жету барысында бірліктің арқасында Орбұлақ шайқасында әлемде болмаған жеңіске қол жеткіздік. Жеті жүз-ақ қазақтың батыр ұлдары екі

БІРЛІГІМІЗ БЕКЕМ БОЛСЫН!..

таудың ортасын қазып елу мың жау қолына қарсы шығып қана қойған жоқ, ойсырата жеңді. Аздаған қазақ жауынгерлері ұзақ шайқасқа шыдай алар ма еді, шыдай алмас па еді, сонау Самарқаннан жиырма үш мың қолмен Жалантөс батыр көмекке келді. Міне, қазақтың бірлігінің құдіреті! Жанын да, қанын да, терін де аямай, ел үшін бірікті. Осыны халық санасына тарих, білім арқылы жеткізу керек.

Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама 35 жылға созылды. 35 жылдан кейін қазақ бола ма, болмай ма, сын үстінде тұрған еді. Бұл нәубеттен де кім сақтады? Батырларымыз, билеріміз сақтады, халықты біріктіре білді. Бүкіл қазақ батырларының 60-70 пайызы – осы «Ақтабан шұбырындыда» аты шыққан батырлар. Әйгілі Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай ерлікпен, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер даналығымен хандардың өзін ақылға жүгіндірді.

Осы жылы Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадағы алғашқы ұлы жеңіс

– 1726 жылғы Қалмақ қырылған шайқасына 300 жыл толып отыр. Биыл осыны атап өту арқылы қалың қазаққа, өскелең ұрпаққа ата-бабаларымыздың ұлағатын ұғындырамыз. Қазыбек Тауасарұлы осы соғысқа қатысып, әрбір батырдың қалай соғысқанын жазып алған. «Ол адам жоқ қой» дейді кейбіреулер. Ол адам жоқ болса, тарих та жоқ. Отарлық жүйе халықты өзара соғыстырып қояды, «анау адай», «мынау суан» деп ру-руға, жік-жікке бөліп. Олай емес, адай да – сенің бауырың, суан да, арғын да – сенің бауырың. Бәрі де – Арыс деген ұлы шалдың ұрпағысыңдар.

Жаңа жылда, Ұлыстың ұлы күнінде осыны ескеруіміз керек. Биыл – ұлы жыл. «Ақтабан шұбырындыдағы» жеңіске 300 жыл. Неге екенін, тарихшылар айтпай отыр осыны. Қаламгерлер неге жырға қоспасқа?! Ұлттық мейрамды ұлықтау да осындай отансүйгіштіктен бастау алады. Жаңа жылдың басты мақсаты да осы деп есептеймін. Жаңа жыл құтты болсын! Бірлігіміз бекем, елдігіміз берік болғай!

Жұмат ТІЛЕПОВ, әдебиеттанушы, профессор

БАҚ-БЕРЕКЕМІЗ АРТА БЕРСІН!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Мемлекетіміздің бақ-берекесі, қуанышы арта берсін! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміздің еңсесі биік болсын! Жаңа Конституция еліміз үшін жаңа жақсылықтардың бастауы болғай!

Халықаралық ахуал тұрақсыз болған барлық кезеңде еліміз тыныштық пен бейбітшілікті сақтап келеді. Осынау береке-бірлігіміз бейбіт заманмен жалғасын таба берсін. Дамып, өркендеудің сара даңғылымен алға қарай жылжи берейік. Барлық ізгі тілек, асыл мұрат орындалсын деп тілеймін.

VIII МАХМҰТ ҚАШҚАРИ
АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ӘНГІМЕ БАЙҚАУЫТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ
ӘДЕБИ БАЙҚАУЫ

Еуразия Жазушылар одағының құрылғанына 20 жыл және Др. Якуп Өмероглуның туғанына 60 жыл толуына орай ұйымдастырылған

VIII МАХМҰТ ҚАШҚАРИ
АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘНГІМЕ
БАЙҚАУЫ

Тақырып: Еркін
Әңгімелерді жіберудің уақыты:
2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін қабылданады;

Халықаралық жүлдегерлердің жариялануы:
2026 жыл 1 қарашасында;
Халықаралық марапаттау рәсімі:
2026 жылдың 8 желтоқсанында;
Халықаралық сыйлықтың жүлдесі:
Бірінші орын – 45 000 түрік лирасы;
Екінші орын – 25 000 түрік лирасы;
Үшінші орын – 20 000 түрік лирасы;
Ынталандыру сыйлығы – 10 000 түрік лирасы.

Байқаудың шарттары:
Байқауға жолданатын шығармалар kmahmut2026@gmail.com электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

Байқауға ұсынылатын шығармалар бұған дейін ешбір байқауда жүлде алмаған және еш жерде жарияланбаған болуы керек.

Байқауға ең көбі екі әңгімемен қатысуға болады. Жіберілетін әр әңгіменің көлемі кемінде 1000 (мың), ең көбі 7500 (жеті мың бес жүз) сөзден тұруы тиіс.

Байқауға электрондық пошта арқылы жіберілетін әңгімелерде тек бүркеншік ат (румуз) қана көрсетілуі тиіс; бүркеншік аттан басқа қатысушының кім екенін білдіретін қандай да бір белгі болған жағдайда, әңгіме байқаудан шығарылады. Әңгіме салынған файлыңызда да тек бүркеншік ат және әңгіменің атауы көрсетілуі қажет.

Байқауға қатысушы жеке куәлігінің көшірмесін, толық мекенжайын, бүркеншік атын, қатысатын елдің атауын, I дана цифрлық фотосын және өмірбаянын бір Word құжаты түрінде әңгіме жіберетін э-поштаға сол электрондық хаттың екінші қосымшасы ретінде жіберуі тиіс.

Шығармалар компьютерде 12 шрифт қарпімен жазылуы керек.

Байқауға жіберілген әңгіме мәтіндері қайтарылмайды, жазушы бұл жөнінде ешқандай талап қоя алмайды.

Әңгіме түпнұсқа болуы тиіс. Түпнұсқа емес шығармалар (мысалы, AI арқылы жазылған мәтіндер) қаралмайды.

«ҰЛТТЫҚ КІТАП» БАЙҚАУЫНА ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСУДА

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен Ұлттық кітап күніне орай «Ұлттық кітап» республикалық байқауына өтінімдер қабылданып жатыр.

Байқаудың мақсаты – оқу мәдениетін қалыптастыру, үздік кітап авторын анықтап, қазақ әдебиеті мен руханият дамуына ықпал ету, аудармашыларды және баспагерлер мен кітап дизайнерлерін қолдау,

ынталандыру.

Байқауға соңғы 2 жылда отандық баспалардан жарық көрген туындылар қабылданады.

Байқау 10 номинация бойынша өтеді:

1. Балаларға арналған үздік кітап;
2. Үздік комикс;
3. Нон-фикшн жанрындағы үздік кітап;
4. Детектив жанрындағы үздік кітап;
5. Сатира жанрындағы үздік кітап;
6. Үздік иллюстрациялық кітап;
7. Үздік аударма кітабы;

8. Фантастика жанрындағы үздік кітап;

9. Үздік баспа;

10. «Жыл кітабы» Гран-при сыйлығы. Өтінімдер 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасында (Алматы қаласы Пушкин көшесі 2/76, 8 қабат, 817 кабинет) қабылданады.

Байқау ережелерімен төмендегі сілтеме арқылы таныса аласыздар: gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/982958?lang=kk

ЕЛ БИЛЕГЕН КӨШБАСШЫ ӘРІ МЫРЗАЛЫҒЫМЕН ТАНЫЛҒАН ТАНА МЫРЗА
ТІЛЕМІСҰЛЫНА АРНАЛҒАН «АЛАШҚА ТҰЛҒА БОЛҒАН ТАНА МЫРЗА» АТТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЫР МҮШӘЙРАСЫ

«Алашқа тұлға болған Тана Мырза» атты республикалық жыр мүшәйрасының ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. «Алашқа тұлға болған Тана Мырза» атты республикалық жыр мүшәйрасының қорытындысы 2026 жылдың маусым айында Абай облысы, Ақсуат ауданында жарияланады.

2. ЖЫР МҮШӘЙРАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

2.1. Қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын Тана Мырза Тілемісұлының есімін жас ұрпақ санасында жаңғырту, ұлтжандылық қасиеттерін арттыру, ерлігін дәріптеу арқылы ұлт рухын асқақтату;

2.2. Ұлттық әдебиетімізді рухты, тың туындылармен толықтыру, қазіргі қазақ поэзиясының талантты өкілдерін қолдау, жаңа есімдердің танылуына жол ашу.

3. ЖЫР МҮШӘЙРАСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ:

3.1. Байқауға екі тақырыпқа арнап жазылған шығармалар қабылданады:

1. «Алашқа тұлға болған Тана Мырза» атты Тана Мырза Тілемісұлы туралы поэзиялық шығармалар;

2. Еркін тақырыптағы өлең;

3.2 Жыр мүшәйрасына қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды;

3.3. Шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында (14-шрифт, жол арасы 1 интервал) Times New Roman қарпімен ұсынылуы қажет;

3.4. Жыр мүшәйрасына бұрын еш жерде жарияланбаған жаңа шығармалар ғана қабылданады;



3.5. Тақырыпқа сай келмейтін, көркемдігі төмен шығармалар қазылар алқасына ұсынылмайды.

3.6. Жүлде қорын ұйымдастырушылар тарапы өзгерте алады.

3.7. Мүшәйраға қатысушы шығармасын, қысқаша өмірбаянын, суретін, байланыс нөмірін tana_myrza@mail.ru эл. поштасына жібереді.

3.8. Жүлдегерлердің жол шығыны жіберуші жақтан төленеді.

4. ЖЫР МҮШӘЙРАСЫНЫҢ МЕРЗІМІ:

4.1. Жыр мүшәйрасына қатысатын шығармалар 2026 жылдың мамыр айына дейін жіберілуі тиіс;

4.2. Қабылданған шығармалардың ішіндегі ең үздік өлең авторлары 2026 жылы маусым айында Абай облысы, Ақсуат ауданында марапатталады.

5. ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ:

5.1. Қазылар алқасы танымал ақындардан құралады.

6. ЖҮЛДЕ ҚОРЫ:

Бас жүлде – 800 000 теңге;

I орын – 550 000 теңге;

II орын – 450 000 теңге.

III орын – 300 000 теңге;

Арнайы жүлде – 150 000 теңге (үш адамға).

Ұйымдастырушы:

Тана Мырза атындағы қоғамдық қор

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАС ЖАЗУШЫСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Жалпы ереже

1.1. «Қазақстанның жас жазушысы» республикалық дәстүрлі байқауы (бұдан әрі — Байқау) әдеби шығармашылыққа қызығушылық танытатын балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін анықтау, қолдау және дамыту мақсатында өткізіледі.

1.2. Конкурс 2026 жыл — «Кітап оқитын ұлт» ұлттық жобасы мен 2026—2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасын іске асыру аясында, тіл саясатын ескере отырып, оқуды насихаттау, білімге ұмтылысты арттыру және білімнің беделін көтеру мақсатында, сондай-ақ мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменовтің 90 жасқа толуына орай өткізіледі.

1.3. Байқауды ұйымдастырушылар: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі; «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ; «Өркен» балалар әдебиетін дамытуды қолдау қоғамдық қоры; ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы.

1.4. Байқау Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі және республикалық мәртебеге ие.

1.5. Осы Ереже Байқаудың мақсаттары мен міндеттерін, қатысу шарттарын, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін, байқау жұмыстарының бағалау критерийлерін, сондай-ақ ұйымдастырушылардың, қазылар алқасы мүшелерінің және қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

2.1. Мақсаты: Мемлекет басшысының қоғамда оқу мәдениетін дамыту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру; Балалар мен жасөспірімдер арасында оқуға және әдеби шығармашылыққа тұрақты қызығушылық қалыптастыру; Оқушылардың сауаттылық деңгейін және оқырмандық мәдениетін арттыру; Жастарды қазақстандық және әлемдік әдебиетті оқып-үйренуге тарту; Талантты жас авторларды анықтау, қолдау және сүйемелдеу; Шығармашылық тұрғыда өзін-өзі жүзеге асыруға және кәсіби бағдарлануға жағдай жасау; Байқауға қатысушылардың жаңа әдеби шығармаларын кеңінен насихаттау.

2.2. Міндеті: Оқушыларға көркем шығармаларды оқу және жазуға ынталандыру; Талантты жас авторларды анықтау және қолдау; Қазақстан Республикасының білім беру және мәдениет мекемелері арасында Байқау туралы ақпаратты тарату;

Байқауды республикалық деңгейде өткізу және қорытындысын шығару;



Байқаудың үздік жұмыстарының жинағын шығару.

3. Байқауға қатысу шарттары

3.1. Байқауға Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарының 14—17 жас аралығындағы оқушылары қатыса алады;

3.2. Байқауға қатысу тегін және ерікті түрде жүзеге асырылады;

3.3. Қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет: өтінім (Қосымша № 1); дербес деректерді өңдеуге келісім (Қосымшалар № 2, 3);

3.4. Байқауға бұрын еш жерде жарияланбаған, түпнұсқа жұмыстар қабылданады;

3.5. Әр қатысушы бір ғана жұмыс ұсына алады;

3.6. Жұмыстың көлемі 10 бетке дейін;

3.7. Форматы: doc немесе docx, қаріп Times New Roman, өлшемі 12, жоғарылық интервал — 1.

3.8. Төмендегі жұмыстар қабылданбайды:

плагиат анықталған; интернетте бұрын жарияланған; белгіленген мерзімнен кейін ұсынылған; жасанды интеллектті пайдалану арқылы жазылған; алауыздықты насихаттайтын.

4. Номинациялар мен тақырыбы

4.1. Байқау «эссе» номинациясы бойынша өткізіледі.

4.2. 2026 жылғы байқау тақырыптары:

1. Ақын Олжас Сүлейменовтің әдеби шығармашылығы, ақындық жолы;
2. Қоғамдық-саяси қызметі және «Невада — Семей» қозғалысы туралы;
3. Олжас Сүлейменов шығармашылығындағы халықтар достығы.

Жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

5. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі мен мерзімдері

5.1. Конкурс екі кезеңде өткізіледі.

I кезең — облыстық деңгей:

9 ақпан — 15 сәуір жұмыстарды қабылдау (онлайн форматта);
15 — 20 сәуір қазылар алқасының отырысы, қорытындылау;
20 - 23 сәуір «Ұлттық кітап» күніне орай облыстық кезеңнің жеңімпаздарын жариялау және салтанатты түрде марапаттау;
25 сәуір — 25 мамыр жеңімпаздардың жұмыстарын республикалық кезеңге жолдау.

II кезең — республикалық деңгей:

25 — 30 мамыр — республикалық деңгейде жұмыстарды бағалау;
1 маусым — «Халықаралық балаларды қорғау» күніне орай Алматы қаласында марапаттау рәсімі.

5.2. Облыстық деңгейде конкурстық

жұмыстар жергілікті ұйымдастырушы ұйымның (мекеменің) поштасына жіберіледі. Ол үшін осы байқау бойынша облыс деңгейінде жауапты ұйым өзінің поштасын осы жерге жазып көрсетуі тиіс.

5.3. Республикалық конкурстық жұмыстар orken_fond2026@mail.ru поштасына жіберіледі.

6. Байқауды ұйымдастыру

6.1. Жұмыстарды бағалауды әдеби қауымдастық өкілдері, педагогтар және мәдениет саласының мамандарынан тұратын қазылар алқасы жүзеге асырады;

6.2. Қазылар алқасының құрамын «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ филиал, Басқарма басшылары бекітеді;

6.3. Облыстық деңгейде 1,2,3 - орын иегерлеріне демеушілердің қолдауымен алғысхат немесе марапат қағаздары, т.б. сыйлықтар табыстау қарастырылады;

6.4. Облыстық деңгейдегі конкурста 1-орын иеленген жеңімпаз республикалық конкурста жолдама алады;

6.5. Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды, ақырғы шешім болып табылады.

6.6. Бағалау критерийлері:

тақырыпқа сәйкестігі;
түпнұсқалығы;
мазмұндылығы;
логикалық тұтастығы т.б.

7. Қорытынды шығару және марапаттау

7.1. Республикалық байқау нәтижесінде 1,2,3 - орын иелері анықталып, ақшалай сыйақылармен марапатталады;

7.2. Республикалық деңгейдегі 1,2,3 орын жеңімпаздары (қазақ және орыс тіліндегі номинант алты адам) «Қазақстанның жас жазушысы — 2026» атағына ие болады;

7.3. Республикалық Конкурсның екі санат бойынша I орын иегерлерінің марапаттау рәсіміне қатысу үшін Алматы қаласына сапары (жауапты тұлғаның сүйемелдеуімен) жергілікті ұйымдастырушының есебінен жүзеге асырылады (жол шығындары мен тұру шығындары қоса алғанда).

7.4. Үздік жұмыстар жинақта және БАҚ-та жарияланады.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Байқауға қатысу қатысушының жеке деректерін өңдеуге келісімін білдіреді;

8.2. Ұйымдастырушылар байқау жұмыстарын коммерциялық емес мақсатта пайдалануға құқылы;

8.3. Жұмыстарға рецензия жасалмайды және қайтарылмайды.

9. Байланыс ақпараты

«Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ хатшысы **Айнагүл Садыкова** (куратор);

Байланыс нөмірі: +7 705 7272 975

Сабыр ҚАСЫМОВ,
«Қаһармандар» РҚК Президенті,
Саяси қуғын-сүргін құрбандарын
толық ақтау жөніндегі
мемлекеттік комиссияның
Жобалық кеңесінің басшысы, заң
ғылымдарының кандидаты

Мемлекеттік комиссия қызметі аясында жүргізілген кешенді пәнаралық ғылыми сараптама мен тарихшы-ғалымдардың тұжырымын бағалау олардың, негізінен, зерттеу нысанының сыртқы әрі баяндаушылық қырларын сипаттаумен шектелетінін, ал зерттеліп отырған объектілердің саяси, экономикалық, құқықтық және әлеуметтік мәні мен мазмұнына жеткілікті дәрежеде назар аударылмайтынын көрсетеді. Бұл түсінікті де, өйткені олар аталған ғылым салаларының маманы емес. Дегенмен, олардың басты еңбегі – ұлттық тарихымыздағы «ақтаңдақтарды» ашуы.

Осыған байланысты Мемлекеттік комиссия пәнаралық зерттеулер барысында құбылыстарды, фактілерді, құжаттарды, сондай-ақ көрнекті тұлғалардың тарихи орны мен ролін зерделеуде тарихи, саяси, құқықтық және әлеуметтік антропология әдістерін қолданды. Мұндай бағытта зерделенген тұлғалардың қатарында Әлихан Бөкейхан да бар. Оның қоғамдық-саяси, мемлекеттік, ғылыми және өзге де ауқымды қызметін дәл осындай кешенді ғылыми тәсілдер арқылы зерттеп, бағалау қажет.

Мемлекеттік комиссияның ғалымдары мен сарапшылары «Алаш» қозғалысының көрнекті лидерлерінің қазақ халқының ұлт-азаттық күресін ұйымдастырудағы айрықша ролін, олардың өз халқына үлгі боларлық істерін, отансүйгіштігі мен ерлігін, сондай-ақ ұлттық мемлекеттікті халықаралық прогрессивті стандарттар негізінде жаңғырту мен қалыптастыру жолындағы қызметін ескере отырып, олардың төл тарихымыздағы болмысын жан-жақты зерттеді.

Әлихан Бөкейханның жасаған ерлігін, қалдырған саяси, ғылыми тұрғыдағы баға жетпес еңбектерін саралап жүрген екі азаматты білемін: бірі – Сұлтан-Хан Аққұлұлы (Әлиханның тұлғасына арнап 21 том құжат шығарған) болса, екінші зиялы азамат, шымкенттік Әбдімәжіт Сыздықбеков (отаршылық зардабына ерекше ұшыраған Қызылжарда Әлиханның атына мешіт салды). Бұл шараның маңызы өте зор! Шет ел азаматтарының ішінен «Алихан Букейханов – человек эпоха» кітабын жазған Виктор Козодойды атап айтқым келеді.

Президент Қ.Тоқаевтың Жарлығымен 2020 жылы қарашада құрылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары мен қорытындылары Әлихан өз халқына, мемлекетіне биік дәрежеде адал қызмет етудің үлгісін көрсетіп, ұлы ерлік жасағанын анық дәлелдейді. Әлекеннің ұлтына, мемлекетіне адал қызмет етуі – қазіргілерге де, болашақ ұрпаққа да, әсіресе саяси лидер боламын деген тұлғаларға үлгі-өнеге.

Әлихан азаттық күрес туын көтеріп қана қоймай, ғасырларға созылған отаршыл саясаттан әбден қалжыраған, жаныштаған халқын ұлттық бостандық жолындағы күреске жұмылдырды. Халқының бойын тіктеді. Халқына деген адалдықтың арқасында Ұлттық мемлекеттіктің жаңғыруына, егеменді Қазақ мемлекетінің құрылуына дейін жеткізді. Ресей империясының Қазақстанды жүйелі әрі ұзақ уақыт бойы отарлау саясатын жан-жақты зерттеп, халқын азаттыққа жеткізудің өркениетті, прогрессивті және демократиялық бағдарламасын әзірледі. Ресейдегі Ақпан революциясынан кейін, негізгі отарлаушылар – II Николай мен оның отбасы мүшелері биліктен мәжбүрлі түрде бас тартқан соң демократиялық Уақытша үкімет билікке келгенде Әлихан Ресей, ақыры демократиялық мемлекетке айналады деп үміттенді. «Ресей федеративті демократиялық республикасын» құру идеясын қолдады. Ресейдің демократиялық мемлекет болуына көмектескісі келді. Алаш лидерлері демокра-

тиялық Федерация шенберінде болашақ үшін егемен, тәуелсіз мемлекеттің әлеуметтік, саяси өзге де негіздерін жасауды мақсат етті.

Алайда Петроградтағы мемлекеттік төңкерістен соң большевиктер 1917 жылы 25 қазанда Ресейде билікті басып алып, диктаторлық билік орнатқаннан кейін Әлихан, өзге де Алаш зиялыларымен бірге 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында жалпы қазақ съезін (құрылтай) ұйымдастырды. Оған Қазақстанның түкпір-түкпірінен

баласының болашағы, мақсат, тағдыры бір екенін айғақтады»;

– Қазақстанның барлық өңірінде көптеген қоғамдық ұйым, соның ішінде қазақ халқының ұлт-азаттық күрес мәселелерін көтерген жастар ұйымдары құрылды;

– Мемлекеттік комиссия анықтағандай Әлекеннің ұсынысы бойынша 1917 жылы ақпан революциясынан кейін 144-тен астам құрылтай (съездер) өткізіліп, жер-жерде «Алаш» партиясының бағдарламалық жос-

және мемлекеттік қызметінің барлығы тарихи маңызды және бірегей деп санайды. Бірақ ерекше атап өтетін мәселе бар. Ол – 1917 жылғы шілде мен желтоқсанда Орынбордағы Жалпықазақ съезінде «Алаш» автономиясы (Республикасы) қалпындағы қазақ ұлттық мемлекеттігін жаңғырту, Алашорда үкіметін легитимді сайлау үшін қабылданған тарихи шешім. Сондықтан саяси және халықаралық стандарттарға сай жалпы қазақ съезіндегі қабылданған шешімдер заңды (легитимді) болып есептеледі.

Өкінішке қарай, осы бір ел тағдырын шешкен тарихи шешімге біз, тәуелсіздік жылдарында объективті, мемлекеттік, саяси және ғылыми баға бере алмадық. Халық, демократиялық және прогрессивті қоғамдастық, тіпті шетел де өз бағасын баяғыда-ақ берді. Мысалы, Оксфорд университетінің Орталық Азияны зерттеу орталығы 1985 жылы «Алаш» партиясын басқарған қазақ зиялылары мәдени революция – мәдени ренессанс жасағанын мойындады.

Мемлекеттік комиссия ғалымдары мен сарапшылары бұрын қолжетімсіз болған архив деректерін, әсіресе бұрын зерделенбеген өңірлік архив мәліметтерін талдау негізінде Ә.Бөкейхан басқарған «Алаш» партиясы мен Алаш Орда үкіметі дәуірі – қазақ халқының ұлттық ренессансы деген қорытындыға келді.

Әлиханның саяси және ғылыми мұрасы – бірегей де қасиетті ұлттық қазына әрі мемлекеттік құндылық. Бұл құндылықтар жан-жақты, терең зерттеліп, насихатталуы тиіс. Олар туралы ғылыми диссертациялар, көркем шығармалар жазылып, көркем фильмдер түсірілуі керек. Алаш қайраткерінің тұлғалық болмысын, оның «Алаш» қозғалысы мен партиясын, Алаш Орда үкіметін құруы мен басқаруы турасында да ғылыми ұжымдар, ғылыми институттар арнайы зерттеуі қажет. Қазақстанның мектептері мен жоғары оқу орындарында Әлекеннің саяси көзқарастары, шығармалары, қазақ халқының ұлттық бостандығы мен мемлекеттік тәуелсіздігі үшін күресі арнайы оқытылып, «Бөкейхан оқулары» және т.б. шаралар тұрақты ұйымдастырылуы тиіс.

Әлихан Бөкейхан өз халқына адал және принципті қызмет еткені үшін 40 жыл бойы, оның 20 жылы патша отаршылығы, 20 жылы тоталитарлық-коммунистік режим тарапынан мемлекеттік қудалауға, қуғын-сүргінге ұшырады. Өкініштігі, алғашқы қазақ большевик-коммунистері де халқымыздың ұлы Көсемін қудалауға және қуғын-сүргінге ұшыратуға қатысты. Олардың есімдерін кейбіреулер жасырғысы келгенімен, тарих шындығы халыққа белгілі болып келе жатыр.

Ол патша билігі мен кеңестік режим тарапынан бірнеше рет тұтқындалды, жер аударылды, қуғын-сүргіннің өзге де түрлерін басынан өткерді. Ақыр соңында большевик-сталиндік қылмыстық билік «буржуазиялық ұлтшылдық» пен «контр-революциялық», «шпиондық» қылмыс» жасалды деген жалған айыппен, атып тастады. Ол «Өмірімнің соңына дейін халқыма адал қызмет етемін» деген қағидасына берік болды.

Мен көптеген оқиғалардың куәсі болғандықтан, мынаны айтқым келеді: 1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздік алған кезде біздің саяси элита, зиялы қауым, негізінен, субъективті себептер бойынша, «Алаш» партиясы мен оның көшбасшысына қатысты қоғамдық санада жасанды қалыптасқан жағымсыз синдромды еңсері алмады. Нәтижесінде, Алашорданың саяси бағдарламасын мүлде қашылдамады, тіпті түсінуге де тырыспады. Әзербайжан, Армения және Грузия сынды басқа посткеңестік мемлекеттердегідей ұлттық мемлекет құру жолындағы тарихи сабақтастық ескерілмеді.

XX ғасырда Әлихан халқына адал қызмет етіп, мемлекет басқарған қазақ халқының жалғыз және шынайы көсемі еді. «Қаһармандар» Республикалық қоғамдық қоры 2017 жылы Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметінің 100 жылдығы құрметіне орай, Әлихан бастаған барлық көрнекті Алаш қайраткерлеріне – Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышпаев, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтерге қазақ халқына сіңірген орасан зор еңбектері үшін «Халық қаһарманы» атағын беруді ұсынды. Бұл қазіргі және болашақ ел қорғайтын, ел басқаратын ұрпақты тәрбиелеу үшін өте маңызды.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ РЕНЕССАНСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ӘЛИХАН



делегаттар қатысты.

1917 жылғы 12 желтоқсанда Заңды және Өкілетті халықтық құрылтай-съезі қазақ халқының еркімен, ұлттық мемлекеттікті жандандырып, Республикалық үлгідегі Алаш егеменді автономиясын құрды. Әлихан Бөкейхан басқарған Алашорданың ұлттық үкіметін сайлады.

1900 жылдардың басынан бастап Әлихан Ресей патшалығына қарсы жүйелі және ұзақ мерзімді күресті ұйымдастыру мақсатында еліміздің барлық өңірінен, А.Байтұрсыннов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Тынышбаев, М.Жұмабай, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер сияқты халықтың басқа да көрнекті ұлдарының басын біріктіргеніне ерекше назар аудару қажет. Коммуникациясы жоқтың қасы, яғни ауыр жағдайдағы Ұлы далада ағартушылық және насихат жұмыстары өрістеді. Сөйлеген сөздерінде, мақалаларында күйзелген, ұйқыда жатқан халқын оятып, халыққа ұлттық, саяси және әлеуметтік құқықтары үшін ғана емес, ұлттық бостандық пен тәуелсіз мемлекет құру үшін күрес жүргізуді үйретті.

Әлекеннің идеялық және рухани жетекшілігімен жоғарыда есімдері аталған көрнекті тұлғалар бүкіл Қазақстан бойынша ауқымды, саяси, идеологиялық жұмыстар жүргізді:

– «Айқап» журналы мен «Қазақ» жалпыұлттық газетін жарыққа шығарып, оның төңірегіне халқымыздың ең көрнекті өкілдерін жинады, сондай-ақ ағартушылық мақсаттағы ондаған газеттер мен журналдар халықтық партияның саясатын түсіндіріп, бұқара халықтың санасына прогрессивті демократиялық құндылықтарды енгізді. Осылайша, жаңа ұлттық мақсат, ұлттық сана жаңғырды;

– «Алаш» жалпыхалықтық қозғалысын ұйымдастырды. «Алаш» атауы түркі халықтарының бостандығы үшін күрес бірлігі стратегиялық мақсатын көрсетті: «Алты Алаш

парлары талқыланды;

– В.Лениннің қолдауымен Әлихан бастаған Алаш лидерлері бұлтартпас фактілер мен дәлелдер арқылы патшалық тартып алған қазақ жерлерін Қазақстанға қайтаруға қол жеткізді. Халқымызға сіңірген осы зор еңбекті біз әлі күнге дейін өз денгейінде бағалаған жоқпыз;

– Ә.Бөкейханның басшылығымен «Алаш» партиясы мен қозғалысы үлкен танымалдыққа, халықтың сеніміне ие болып, республикадағы басты саяси және ықпалды күшке айналды. Бұл халықтың ерік-жігерімен бірнеше рет расталды;

– М.Жұмабай мен Ә.Бөкейхан «Табалдырық» («Алқа») бағдарламасын әзірледі. Артта қалған елдерден үлгі алмай, дамыған елдердің мемлекеттік, саяси, идеологиялық, ғылыми, көркемдік, шығармашылық және басқа да салалардағы озық стандарттарын Қазақстанға енгізуді ұсынды.

– Ә.Бөкейхан және оның әріптестері, Алаш зиялылары отаршыл патша билігі мен тоталитарлық большевиктер жүйесін халықаралық стандарттар бойынша ғылыми-зерттеу, көркем әдебиет, мәдениет, өнер және өзге де этномәдени, рухани салаларда іргелі ғылыми-сыни бағалаудың негізін қалады;

– Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы және т.б. Алаш лидерлері марксистік-лениндік доктринаны, большевиктердің қазақ халқына енгізген таптық жіктелуін, тап күресін жоққа шығарды. Сондай-ақ «Бүкіл әлемде социализм мен коммунизм жеңіске жетеді» деген авантюристік ұраннан бас тартты. Олар бірінші кезекте нақты ұлттық идеяны алдарына тімірқазық етті, яғни «Ұлттық мемлекетті жаңғыртып, тәуелсіздік алу керек» деді;

– Алаш лидерлері жүзге, руға бөлінбеді, жеке бастың мүддесінен ұлттық мүддені жоғары қойды. Бұл да қазіргі біздің жастарға үлгі болуы тиіс.

Мемлекеттік комиссияның ғалымдары мен сарапшылары Ә.Бөкейханның саяси

Наурыз – қазақ халқының ұлттық мерекесі. Қаһарлы қыс аязынан аман-есен шыққан көшпенді халық көктем айының тууын шаттықпен, мерекемен тікелей байланыстырған. Ел қазан көтеріп, ас беріп, ат шаптырып, бәйге тіккен. Наурыз айы сол себепті де жыл басы, мереке айы, думан айы деп бекерге айтылмаса керек. Бұл мерекенің қазақ тұрмысында тууының әу бастағы себебі осы. Наурыз айында аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктесіне келіп, күн мен түн теңелетін, жан-жануарлар түлеп, жер көктеп, мал төдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер бетіне мейірім орнаған күн.

Григориан күнтізбесі бойынша ескіше наурыз айының тоғызы, жаңаша 21-нен 22-не қараған түн осы күнге сәйкес келеді. Наурыз – қазақтармен қатар түркітестек ұлт өкілдерінің баршасы атап өтетін ортақ мереке. Ерекшелігі әр халық өз әдет-ғұрып, салт-санасына, ішкі менталитеттеріне қарай әр ұлт әртүрлі өзгерістермен атап өтеді. Мәселен, наурыз көженің дайындалуы мен киетін киім үлгілері, ұлттық ойындары мен салт-дәстүрлерінде де айтарлықтай айырмашылықтар болады. Бұл ерекшеліктер мерекенің түпкі сипатын, шығу тарихын жойып жіберуі мүмкін деп қорқу әсте орынсыз. Керісінше, оны әрлеп, әр ұлт арасына байланыс орнатуда үлкен рөл атқаратын ортақ себеп. Наурыз түркі халықтарының бір-бірімен жақындастырып, байланыстыратын алтын көпір іспетті. Наурыз – «Самарканның көк тасы жібитін күн». Бұлай деуіміздің себебі Самарқанда әйгілі ақсақ Темірдің тағы бар, бұл күні қаһарлы ханның қаһары да жібиді, егер біреу өлім жазасына кесілсе, оны өлімге бұйыртпай аман алып қалатын, райынан қайтаратын күн. Бұл – адам бойындағы жүректің жылылығымен байланысты күн.

Қазақ әдебиетінде Наурыз туралы мәліметтің алғашқысын Абайдың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» еңбегінде айтылған. Көшпелі халықтардың сонау «хибағи», «хұзағи» деп аталатын заманға дейін апарып, «Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен деп жазған. Бұл мәліметтен байқарымыз наурыз мерекесінің өте көне заманнан тойланғаны туралы, «тамаша қылуы» мейрамның ойын-сауық формада өткені туралы және ұлыстың ұлы күні аталуы барша халықтың қатынасуымен ең үлкен мерекелік әрекеттер атқарылғанын көрсетеді. Қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов: «Наурызнамада» жұрт қысқы соғымның шекесін асып, бір-бірін қонаққа шақырып, қарындағы майды бастайтын. Үлкендер «жылдың жерге түскен кезі осы уақ» дейтін». Классик жазушы Ғабит Мүсірепов: «Менің мына жарық дүниеге келген күнімді қалай анықтауға болады? Біздің отбасымызда бұл ретте ортақ шешімге келу бірден оңай болған жоқ. Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Сол түні жыл атауын иемденген ілкімді барыс жұмсақ секіріп, сиыр жылын алмастырған екен. Туған күнімді өткен жылға телісек, онда мен шылқыған байлық иесі болады екенмін және өз жолымда береке мен ырысқа кенеледі екенмін», – деп ескі жыл санауы бойынша 22-наурызда, мейрам қарсаңында дүние есігін ашқанын естеліктерінде баяндаған.

Наурыз мейрамының қазақ халқына келуі турасында нақты мәлімет көзі жоқ. Мерекенің шығу тарихы, түсінігімен таныс халық оның қазақ даласына қай асырда келгенінен хабарсыз-ақ.

«Қаз жайлауын жаз деймін,
Наурыздан соң жаз деймін»
«Көлден ұшқан қаздаймын,
Наурыздан соң жазбаймын»
(«Қобыланды батыр» жырынан), – деген үзінділердегі «Наурыз» парсы сөзі болғанымен көне түркілерге, оның ішінде қазақ халқына ертеден етене сіңісіп кеткен термин. Қазақтар «наурыз» мерекесін «жыл басы» ретінде ғана емес, көктемнің, жылұлықтың келуі, табиғаттың жанаруы деп мереке ретінде тойлаған. Көшпенді қазақ халқының ауқатты бай-бағландары мерекені бір тұтас ауыл арасында той қылып, ауқымды түрде тойлаған. Оған дәлел ретінде мына деректерді келтіреміз: Арғыннан шыққан Едіге би Баянауылдан қасына жүз кісі ертіп, «Наурызнама»

ДӘСТҮР мен ЖАҢАШЫЛДЫҚ

тойлаймыз деп Қызылтауда Сәті мырзаның отауына соғады. Өзі қансонарда бүркіт салуға сапарлап кеткен Сәті мырза бәйбішесі Баяуға «наурызнамалап кісі келсе, менің жоқтығымды білдірме» деп аманат етіп кетеді. Баяу бәйбіше үйіне келген қонақтарын мол дастарқанмен, думан тоймен қарсы алады. Артынша аңшылықтан келген Сәті мырза бұл Наурызнама бәйбішенікі, менікі бөлек сый болсын деп, үйіне мейрамдатып келген жүз жолаушының астына ат мінгізіп, Едігеге үш түйе, үш жылқы, үш ірі қара мал берген екен. Наурызнама жасау қазақ байларының мырзалығына сын болған. Олар бұл мерекені барынша молшылықпен атап өтуге, сынға қалмауға, ел-ішіне мереке сыйлауға барын салған. Сол кездері қазіргі таңдағы «Наурыз» мерекесі атауының өзінің алғашқы формасы «Наурызнама» деп аталған екен.

Жазба деректердегі наурызнама тойлаудағы кейбір әдет-ғұрыптардың көбі жойылған, кейбірі синтезделіп өзгеріске ұшыраған. Мәселен, сегіз күн бойы ауқатты адамдардың ас беруі; әулие басынан тәтті су ішу; көктеуге ерте көшкен қазақтардың мал-мүліктерін отпен аластауы – жойылған ғұрыптар, көненің сарқыншағы. Себебі қазіргі таңда Наурыз мерекесі біздің елде бірнеше күн қатарынан тойланады. Бірақ бұл күнді жетім-жесірге жәрдемші болып азықтандырайын, ас берейін деп ниет ететін қалталы азаматтар санаулы-ақ. Себебі қазіргі таңда Наурыз мейрамын рухани мереке емес, «қазақтың жаңа жылы, жыл басы» деп қана салмақсыз қабылдауымыздан деп білеміз. Діни сауатты қазіргі қазақ жастары әулие басынан су ішу, отқа табыну, жер-көктен тілек тілеу, аластау, қауақ сындыру сынды шамандық ғұрыптардың қалдығы мен оның исламдағы үкімі арасын дұрыс ажырата білуінің нәтижесінде, бұл ескі ғұрыптар да қазіргі таңда қолданыста жоқ. Ал қазіргі таңда ел түсінігіне сіңімді, дүниетанымымызға сай бірқатар үрдіс те бар. Олар: жаңа-жылға қарызысыз кіру, бар қарызынан құтылып жылды жақсы оқиғалармен бастау; араздасып қалған жандармен тауласу; Наурыз келгенде жаңа киіммен, жаңа энергиямен қарсы алу; көшеде кезіккен бейтаныс адамдарды мерекемен құттықтау, қуаныш сыйлау; көрісу сынды салт-әдеттердің мәні зор. Олардың негізгі идеясы: табыну, табиғаттың тылсым күшін құдірет көру емес, керісінше жаман энергиядан арылып, рухани баю. Өзіне, өзгелерге мерекелік қуаныш сыйлау мақсатында мәмілеге келіп, ізгі тілектер білдіру.

Кенес өкіметі заманында Наурыз мейрамын тойлауға тыйым салынғанымен, Ұлы даламыздың әр жерінде бұл күнді атап өту ұмытылмаған. Тіпті ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде де ел


Ұлыстың ұлы күнін атаусыз қалдырмаған. Мұны сол заманды көзімен көрген қариялардың естеліктерінен білуге болады. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында халық Наурызды тойлады. 1925 жылы 22 наурыз күні «Еңбекші қазақ» газеті бұқара халықты наурыз мейрамымен құттықтап, өзінің бірінші бетіне ірі әріптермен:

«Қыс өтіп, қар кетіп,
Шырайлы жаз жетіп,
Шаруаның кенелген,
Мейрамы ежелден

Құтты болсын бұл Наурыз!» – деп жазылды. Алайда бастапқы уақытта тойланып келе жатқан бұл мереке асыра сілтеушіліктің салдарынан 1926 жылы күрт тоқтатылды. Бірде «діни мейрам», бірде «ескіліктің сарқыншағы» деген жа-

тән салт-дәстүрлері, ерекше мерекелік тағамдары мен танымдық ойындары бар. Осы құндылықтардың бәрі әрдайым толық мазмұнда насихатталып, кеңінен тойланып жүр деп айту қиын. Сондықтан Наурыздың мағынасын тереңірек түсіндіріп, оның бай мұрасын заманауи форматта жаңғырту маңызды.

Айталық, Наурыз мерекесі дегенде, ең алдымен, жеті түрлі дәмнен жасалатын ұлттық тағам – Наурыз көженің еске түсері ақиқат. Көжеден бөлек ұлттық тағамдар мен ағарған сусындар, тіскебар сар дәмдермен қатар «Наурыз» ұғымын айшықтайтын «Ұйқыашар» тағамы бар. Ұйқыашар – дәстүрлі тағам. Наурыз мерекесінде қыз-келіншектер көңілі бар ер-азаматына ұйықтап қалмасын деген



лаға ұшырады. 1917 жылы Ресейдегі төңкерістен соң әлем тарихымен бірге қазақ мәдениеті де сойқан өзгеріске ұшырады. Ақ патша құлап, Совет өкіметін орнатқан большевиктер 1926 жылы КСРО құрамындағы Орталық Азия елінің бәріне Наурыз тойлауға тыйым салды. Себебі бұл күні жұрт рухани бірігіп кететін. Халық жаппай жиылып, діни қисса, тарихи жыр айтып, ән-күй шырқайтын. Наурыздың ерте оралуына 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тікелей әсер етті. Әз-Наурыз алғаш рет 1988 жылы Алматы қаласында тойланады. Мереке күні қаланың көрнекі жерлерінде ұлттық киім киген ансамбльдер көктемде құлпырған қызғалдақтай жайқалып шыға келді. Республика сарайының алдында алтыбақан құрылып, ел-жұрт мерекені көңілді өткізді. Киіз үйлер тігіліп, тегін наурыз көже таратылды. Балуандар белдесіп, жігіттер жамбы атты. Бұл мерекенің тәуелсіз Қазақстанға оралуына бірден-бір себепкер болған 1987–1988 жылдар аралығында қызмет еткен Мәдениет министрі Өзбекәлі Жәнібеков.

Наурыз мерекесі 1991 жылы 15 наурызда Қазақ КСР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22-жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген атақ берді. Бас ассамблеяның берген мәлідемесі бойынша, Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орталық Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатыр.

Наурыз – қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық мерекесі. Дегенмен бүгінгі креатив пен білімге басымдық берілген заманда біз бұл мейрамды көбіне тек «ұлттық» сипат аясында ғана атап өтумен шектеліп жүрміз. Ал, шын мәнінде, Наурыздың терең тарихы, өзіне

мақсатпен «Ұйқыашар» әзірлеген. Бұл тағам екі жастың арасын жақындатуға себепші болған ғұрып ретінде саналған. Ұйқыашар – ет, тәтті уыз сияқты дәмді тағамдар. Әдетте ұйқыашарды соғымның соңғы етін уызға салып дайындайды немесе ұлттық тағамдардың басқа да түрлерін ұсынады. Жылқының майы мен құйрық-бауырын араластырып та ұйқыашар ұсынғандар болыпты. Тіпті бұлақтың таза суын да берген деседі. Ұйқыашар ретінде, сондай-ақ зерге боза, қымыз құйып әкелген екен. Қыз қолынан дәм татқан ер-азамат қауымы қызға сыйлық берген. Оны дәстүр бойынша «Селт еткізер» деп атаған. Дәстүр мен жаңашылдықты қатар алған заманда осы ұмытылып бара жатқан, тек теория жүзінде ғана айтылып жүрген ас түрін мереке күндері ас мәзірлеріне енгізіп, мерекелік қойылымдарда «Ұйқыашар» мен «Селт еткізерге» қатысты қойылымдар қойылса, көрерменнің көңілінен ыстық орын алар еді. Сол секілді күн мен түннің теңелуіне байланысты, қыс пен көктем мезгілдерінің айтысын ұйымдастыруға болады. Бұл ақындардан интеллектуалды дайындықты талап ететін жаңаша бағыттағы мерекелік айтыс болады.

Наурыз мерекесі әлі де болса ғылыми тұрғыдан толық зерттелген жоқ. Десек те, аңыз-әпсаналардағы, Наурыз туралы ертегілер мен әңгімелер желісіне, мерекенің шығу тарихына сүйенсек, мейрамда көрініс табатын дәстүрлі кейіпкерлер бар. Қыдыр ата, Көктем қыз, Қалтырауық кемпір, Ақпан-Тоқпан, Үт бикеш, Әзмырза, Зымыстан, Табысқан секілді образдар халыққа қайтадан оралуы қажет. Осы кейіпкерлер сомдалған қойылымдар, мереке қарсаңында телеарналарға, әлеуметтік желілерге шығатын бейнероликтер дәстүріміздің іргетасын нығайтып, Наурызды жаңаша бағытта, ерекше тойлап өтуге үлкен үлесін қосады. Көктем мезгілінің символы – қызғалдақ, бәйшешек, жауқазын гүлдері болса, Наурыздың символы – «нәурізек» гүлі. Қызыл кітапқа ен-

НӘУРІЗЕК ТУРАЛЫ АҢЫЗ

ген бұл өсімдік көктем мезгілінде, наурыз айында өсетіндіктен халық «нәуризе», «наурызгүл» деп атау берген. Жұпар иісті, емдік қасиетке бай бұл өсімдік турасындағы грек мифтерінде былай делінеді: «Эулие Петр АPOSTол жұмақ қақпаларын күзетіп тұрып, қолындағы жұмақ қақпаларының алтын кілттерін жерге түсіріп алады. Ол күнә толы жерге құлап сол жерге алқызыл гүл өсіп шыққан» деседі. Періште кілтті дереу жерден көтеріп алса да жұмақ қақпаларының кілттерінің алтын әдемілігі сол гүлге беріліп үлгерген екен. Осы гүл турасындағы түсінікті де халық санасына сіңіріп, оны Наурыз мейрамының символына айналдыруға жұмыс жасау керек.

Қазіргі таңда ұлттық ойын сапасын арттыруда мәдениет және спорт салаларында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Мейрам күндерінде ойналатын ұлттық ойын түрлерін көбейтуді де қолға алу шарт. Мәселен, мереке күндері тек алтыбақан құрумен ғана шектелмей, қала қонақтары үшін қызықты ақсүйек, теңге тастамақ, көкпар, сақина алу сынды қазақ дүниетанымына сай ұлттық ойындарымызды мереке күндері насихаттау шарт. Заман талабы бойынша өскелең ұрпаққа мейрам турасында түсінік беріп қана қоймай, ол түсінікті қалыптастыруда бойға сіңіруге жұмыс жасау керек. Мерекеде шілдехана, бесікке салу, тұса-укесер, келін түсіру секілді тұрмыстық салт-дәстүрлерді көрсетумен қатар мереке турасындағы дәстүрлі әдет-ғұрыптарды да іс-шаралар қатарына қосып мереке рухын көтеріміз шарт.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Біз озық ойды ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты сұхбатында қоғамды толғандырған көп мәселені көтерді. Соның бірі Наурыз мейрамы турасында да сөз болды. Президент: «2024 жылды қалай қарсы алдыңыз?» деген сұраққа: «Жаңа жыл – әрине, күнтізбенің жаңа парағын ашатын маңызды меже. Осы сәтте өткен жылды қорытындылап, келешекке жоспар құру әдетке айналған. Бір жағынан, Жаңа жыл мен үшін қастерлі мереке емес. Оның үстіне, өзіміздің төл жаңа жылымыз – Әз Наурызды естен шығармағанымыз жөн. Бұл мейрам – тіршіліктегі нағыз табиғи жыл басы», – деп жауап берген екен.

Сонымен қатар Қазақстанда Наурыз мерекесін 10 күн, 14–23 наурыз аралығында тойлау форматы алғаш рет 2024 жылы Президент бастамасымен ресми түрде енгізілді. Осы жылдан бастап ол «Наурызнама» деп аталып, әр күн ұлттық салт-дәстүрлер мен қоғамдық құндылықтарға арналатын мерекелік бағдарлама ретінде бекітілді. Бұл бастама арқылы Наурыз мейрамының тарихи мәні мен мәдени мазмұны кеңейтіліп, елімізде кең ауқымды іс-шаралар өткізіледі.

Наурыз ән салып, думан-тоймен ғана шектеліп қалатын мереке емес, ол – рухани жаңғыру күні. Адами қасиеттерді бойымызға жиып, жаман әдеттерден құтылып, ел ішіне ынтымақ, береке сыйлайтын ізгі мейрам. 5000 жылдан астам тарихы бар Ұлыстың ұлы күні Қазақстанда жоғарғы деңгейде өтуі тәуелсіз, дамыған ел ретінде біздің бедел, абыройымыз. Сол себепті, мерекені қарсы алуда, тойлауға деген шын ықылас ниетімізбен бабалар дәстүрі ізімен инновацияны қатар алып биылғы жыл мерекені тойлауға жұмыла атсалысуымыз керек. Тәуелсіз Қазақстанға бұл мерекенің келуі оңай болған жоқ. Қаншама жыл дәстүрінен ада болған, байырғы бодан халық үшін Наурыздың ел ішіне қайта келуі үлкен бақыт болып саналды. Қолымыздағы бақыт қысын бағалай білейік. Ұлыс оң болсын!

Мөлдір САҒЫМБАЕВА,
Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қызметкері

Наурыз – тіршілік атаулы ұйқысынан оянып, тамам табиғат түлеуге көшетін бипаз мезгіл. Күз түсе жылы жаққа қоныс аударған құстардың көктем лебін сезініп, қайта оралатын шағы да осы наурыз айы. Бәрінен бұрын мұхит асып, тауларды артқа тастап ұшып жететіні – Нәуризеке аталатын құс.

Осындай сүйкімді құстың әсем дауысы жан дүниенді әдемі есерге бөлейді. Нәуризеке – нәп-нәзік болғанымен, алған бетінен қайтпайтын табанды құс. Құшағы құштарға толы адал да еңбекқор құс. Қанатының талғанына қарамастан, біздің оңтүстікке алғашқы болып жетеді. Ел көзіне бірінші болып көрініп, елжіреген жүректерге алғашқы болып қуаныш сыйлайды. Міне, осы Нәуризеке жайлы аңызды мен бала кезімде анамнан естіген едім. Оны ол өз анасынан естіген екен. Нәуризеке жайлы сол аңызды енді сіздерге баяндап берейін.



қызығып, жүрегі от пен шокқа оранған жігіттер сөз салайын десе, анасынан бата алмайды. Наурыздардың сұлулығы алысқа жайылады, данқы аспандаған үстіне аспандай түседі. Сонымен бірге бұл елдің ынтымағы жарасып, ауызбіршілікте өмір сүруі дұшпандардың қызғанышын тудырып, олар қандай да бір қастандық жасауды ойластырады. Андыған жау алмай қойсын ба?! Бірде түн жамылған жауыздар аңдып жүріп, Наурызқыздың анасының қос жанарын

ғой...» – деп оңашада Құдайға мұның шағып, күні-түні жалбарынады екен.

Құдайдың құдіреті деген шексіз емес пе. Күндерден бір күн Наурызқыздың тілегі қабыл болып, күтпеген жерден жұдырықтай бір уыс құсқа айналыпты. Ол қамаудағы үйден бір саңылау тауып ұшып шығып, теңіздің арғы жағындағы ауылдағы анасына жетеді. Жанарының шуағы сөнген анасының қолына барып қонып, бұрын-соңды ешкім естімеген мұңлы әуенге басады. Осылайша өзінің құс бейнесіне енгенін білдіреді. Сорлы ананың жүрегі оны бірден сезеді. Ол перзентінің пешенесіне мәңгілік құс болу жазылғанын жан-тәнімен ұғынып, қауырсын қанатынан сипалап, сүп-сүйкімді үнін тындап, мауқын басады. Құдайдың басқа салғанына көнгеннен басқа амалы қалмаған кейуана:

*«Нәуризекем, келдің бе,
Хақ ісіне көндің бе,
Самарқанның көк тасы
Жібігенін көрдің бе,
Тайдан асып өттің бе,
Теңіз суын кеуітің бе,
Көзің жасын төктің бе,
Қазығұртқа жеттің бе?»* – деп ынылдап, үнсіз егілге беріпті.

Наурыздардың Құдайдың құдіретімен кіп-кішкентай құсқа айналып кеткені туралы сыбыс төңіректегі елге де жетеді. Сондықтан да оны кездестіргенде ел-жұрт әлі күнге дейін: «Нәуризеке, Нәуризеке! Ананың көзі жазылды ма?» – деп сұрайды. Адам тілін түсінетін құс қайыра ұн қатып, сұрасқандармен құс тілінде жауаптасады екен.

Наурыздар осылайша жұдырықтай Науризеке құсқа айналып жер-көкті кезіп ұшып жүр деседі.

Болат ШАРАХЫМБАЙ

Кәдірбек СЕГІЗБАЙҰЛЫ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

ІШКІ ДАУДАН, СЫРТҚЫ ЖАУДАН САҚТАСЫН!..

Ұлыс оң болсын!
Жаңа жылда бырыстарың мол болсын,
Ұстаған ораза қабыл болсын,
Жүректерін қуанышқа толсын!
Менен бата сол болсын!

Әз Наурыз берекелі болсын,
Әр күндерің берекелі болсын!

Құдайым өмір берсін,
Жақсылықтың төрін берсін,
Көктемдей көркем көңіл берсін,
Қара жердің нәрін берсін,
Көк аспанның әрін берсін,
Асқар таудың сәнін берсін!
Қолымды жайып сұрайын,
Ел-жұртым не сұраса, соның бәрін берсін!

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, жаугершілік заманда осы Қазығұртта бір кейуана ғұмыр кешіпті. Оның Наурыз айында кіндігі кесіліп, Наурыздару есімін еншілеген ажарлы да ақылды жалғыз қызы барлапты. Кейуана басынан өткізгені көп, парасатты жан екен әрі жанары қанжардай өткір болыпты, әрі елінің де қорғаны екен. Өзге жұрттың құтын қашырып, тыныштық бермейтін жау бұлардың ауылына тимек түгелі, маңайына да жолай алмапты. Себебі қыз анасының көзінің өткірлігі соншалық, бір қарағаннан-ақ қарсыластары қоғадай жапырылып қалатын көрінеді. Күндерден күн, жылдардан жыл өтеді. Тұлымшағы желбіреген қыз бойжетеді. Сұлу қызға

ойып алудың амалын табады. Қос жанарынан бірдей айырылған ана бұрынғыдай қаһарына мініп, айбат шақыруға шарасыз болып қалыпты. Көп ұзамай қорғанысыз қалған халыққа ту сыртынан шапқыншылық жасалып, Наурыздару қапыда қолға түседі. Қаншама қорлық-зорлықтың азабын тартқанмен ержүрек бойжеткен жаудың ыркына көнбейді. Зомбылық бірнеше күнге созылады. Мүмкін айларға созылған шығар, оны ешкім білмейді. Әбден жаны қиналып, жапа шеккен бойжеткен: «Мынадай азапқа салып қинағанша, неге бір құсқа айналдырып жібермейсің, Жаратқан! Сонда анамның қасына барып, сағынышымды басар едім ғой, жәрдемімді ұсынар едім

Ауылда Әз-Наурыз қалай тойланады?

Көктем – бар тіршілік қалың ұйқыдан оянып, барша тірі жан атаулы жаңа кезеңге аяқ басатын мезгіл. Көктемнің алғашқы айы – наурыз. Ал наурыз айы келгенде құт пен береке бірге келеді.

Айнала жасыл желекке еніп, күн шуағын жан-жаққа таратып, әлем жаңарғандай күйге енеді. Наурыз айындағы Әз-Наурыз мейрамын әр өлке өзінше бір ерекшелікпен атап өтеді. Бұл мейрам – қазақтардың айрықша атап өтетін Жаңа жылы. Бұл күнде бар тіршілік жаңарады. Өмір жаңа жанданғандай күй кешеді. Жер бетіне көк шығып, түрлі-түсті кілем жайылғандай көріктенеді. Бір сөзбен айтқанда, айнала құлпыра түседі.

Наурыз мерекесін тойлау – қуаныш пен молшылықтың, жаңашылдық пен жақсылықтың айқын көрінісі. Ауыл-аймақ түгел осы атаулы күнді ерекше өткізеді. Қазақылық пен салт-дәстүрдің иісі аңқып тұрады. Әйтсе де қала тұрғындары да ауылдан кем тойламайтынын айтып өткен жөн болар. Өкпе-реніш өткенге қалып, бір-бірін құттықтап татулықта бас қосатын мейрам. Ақ дастарқан жайылып, қазақтың ыстық бауырсағы ауылдың қара қазанында дөңгеленіп қызарып пісіп, әпке-жеңгелеріміз



қазан-ошақтың басында наурыз көже қайнатып, асыр салып тойлайтын күн. Сөйтіп, Наурыз күні қазандар көжеге толады. Ән шырқалып, би билейді. Үлкендер ақ батасын беріп, «ақ мол болсын, қайда барсаң, жол болсын» деп бата-тілектерін айтады. Үлкеннен бата алу мәртебе саналған.

Наурыз айында ұлттық ойындарымыз ойналып, түрлі жарыстар ұйымдастырылады. Көк жайлауда алтыбақан құрылып, ауыл жастары сауық-сайран құрады. Салтымыз бен дәстүріміз ерекше дәріптеліп, ұлттық киім киіп, киіз үйлер тігіліп, абыр-сабыр той-думанның көрінісі ерекше қуантады. Ұлттықдәм де тыс қалмайды. Құрт, ірімшік, жент және қолдың сары майы мен ыстық бауырсағы дастарқанның сәнін келтіреді.

Дәмін айтсаңызшы! Тандайында қалып қояды. Сол күні бәрі думанды, көңілді өтеді.

Менің әлі күнге дейін есімде, әжем жыл сайын наурыз көже дайындайтын. Көрші-қолаң, туыстуғанды шақырып көже беретінбіз. Әжем ылғи да: «Жыл сайын қалдырмай көже берейік, қонақ келсе, үйге құт-береке бірге келеді. Жылда бермесем, жүрегім біртүрлі болады», – деп айтып отыратын. Бір күн бұрын ерте дайындаламыз. Жеті түрлі қоспасын дайындап, бидай, жүгерісін бұқтырып дайындап қоятынбыз. Әжем таң ертесімен тұрып қазанға от жағып, үлкен қазанға көжесін бұрқыратып қайнататын. Алғашқылардың бірі болып мен дәм тататынмын. Әлі күнге дейін дәмі аузымнан кеткен емес. Солдәстүрді жалғастырып, анам да жылда наурыз көже әзірлейді. Сондықтан бұл мерекенің мен үшін орны бөлек. Әсіресе наурыз көже – балалығымның ең ерекше дәмі.

Міне, Наурыз – көптеген жақсылық пен жылулық алып келетін мейрам. Тек жарқын көріністерімен есте қалады. Әз-Наурыз әр шаңыраққа молшылық пен шарапат алып келсін! Бұл мерекені тек жоғары деңгейде тойлай берейік.

Жанерке БАСАРОВА

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ, ҰҒА академиясы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

*Біз – Жетісуданбыз. Біз – «Жетісу»
газетіненбіз. «Біз» деп отырғаным, газетте
қызметті қатар бастап, сыйластық пен
сырластықта жүрген, кемел журналист,
атпал азамат –
Жақыпжан Нұрғожаев*

Мен «Жетісу» газетіне 1972 жылы жұмысқа орналастым. Секретариатта Марат Тоқашбаев, Рақымжан Өтегенов, Жақыпжан Нұрғожаев, Тұрлыбек Мәмесейітов жұмыс істеді, бәрі – ҚазМУ-дің журналистика факультетінде сырттай оқиды екен. Осы жерде таныстық, жақын араластық. Оның үстіне, бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болып сайландым. Біз бұрынғыдан да жақындасып кеттік. Кейін Жақыпжан «Лениншіл жас» газетіне ауысыпты. Бірақ достық қарым-қатынасымыз жалғаса берді.

...Бірде Нарынқол ауданына іссапарға бардым. Ол кезде комсомол-жастар шопандар бригадасының дәуірлеп тұрған шағы. Үкіметтің саясаты. Сондағы Айғайтас деген жердегі жас шопандар бригадасында болдым. «Жетісу» газетінде «Жас түлек» атты ай сайын арнайы жастар бетін шығаратын едім. Соған Нарынқолдың шопандар бригадасы жөнінде шағын суреттеме жаздым.

Бірде телефон шыр етті. Көтерсем, Жақыпжан Нұрғожаев екен. Неге екенін қайдам, бір-екі жас үлкендігі болса да, маған «Уәке» дейтін. Ал мен «Жақа» деймін.

– «Жас түлекке» шыққан мақаланды оқыдым. Соның негізінде бізге кеңейтіп, романтикалық лебі бар бір бет мақала жазып бер, – дегені.

Отырдым да жаздым... Сол мақала «Лениншіл жасқа» жарқ етіп жарияланды. Жарқ етіп дегенім, «Лениншіл жас» – ең көп тарайтын басылым. Газеттің беделі де жоғары. Журналистің есімін тез танымал етеді.

Сонымен мақала мені республикаға танымал етті. Газеттің «летучкасында» мақталыпты. Комсомолдың Орталық комитетінің бірінші хатшысы Қуаныш Сұлтанов пен Алматы облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Шәмша Беркімбаеваның назарына ілініпті. Шәмша Беркімбаеваның ұсынысымен Алматы облыстық комсомол комитетінің пленум мүшесі және комсомол съезіне делегат болып сайландым. Бұл менің өміріме үлкен бетбұрыс әкелді. Арада біраз жыл өткен соң Комсомолдың Орталық комитетіне әуелі нұсқаушы, содан соң Баспасөз секторының менгерушісі болып бекідім.

«Жетісу» газетінде жақсы бір дәстүр бар еді. Басқа қызметке ауысқанда «Бес қаруын бойында болсын, «Жетісуың» ойында болсын» деп қалам сыйлайтын. Сол «Жетісу» газетінің табалдырығынан басталған жол құтты болды. Кейін Жақыпжан дос «Жетісу» газетін 20 жылдай басқарып, зейнетке шықты. Зейнеткерлік – шығармашылық адамы үшін жаңа қадам. Жаңа жол...

Марат Тоқашбаев қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді. «Тіл жанашыры», «Президент және халық» атты газеттің бас редакторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Тұрлыбек Мәмесейітов көрнекті романист-жазушы, филология ғылымдарының кандидаты атанды. Таңжарық ақынды туған халқына танытты. Шерғаң – Шерхан Мұртаза туралы кітап жазды. Бүгінде дүниеден өтті.

Рахымжан Өтегенов 45 жыл ғана өмір сүрді. Бірақ артына өлеңмен күмбез қалдырып кетті.

Менің де өмір жолым оқырманға таныс болар. Ұлттық үш газетті «Ұланды», «Жас Алашты», «Егемен Қазақстанды» басқардым. Парламент

Мәжілісі үш шақырылымының депутаты болдым. Ғылыми-зерттеу институтын басқардым, академик атандым.

Біз – Жетісуданбыз. Біз – «Жетісу» газетінен қанаттанған қаламгерлерміз.

Енді Жақыпжан Нұрғожаев «Мұқағали» атты журналдың тізгінін қолына ұстады. Ұстады да, журналдың атын шығарды. Мұқағали Мақатаевты тандудың жаңа дәуірі басталды. Сол дәуірдің көшін де өзі бастады. Мұқағали поэзиясы мен өмірінің тылсым дүниесінің кілтін ашты. «Сыр сандықты» ашқан Жақыпжан Нұрғожаев Мұқағали Мақатаевтың сырлы әлеміне, оқырманға мүлде бөлек ақын Мұқағалидың жұмбақ әлеміне бойлады. Оның белгісіндей «Кең дүние, төсіңді аш, мен келемін» деген кітап жарыққа шықты.

Мұқағали Мақатаев ағамыздың өзі: «Бүкіл менің жазғаным – бар-жоғы бір ғана бүтін поэма» деген екен. Иә, ақын бейнелеп сөйлейді. Көркемдеп кесте-

қойылып жүрген операларын көріп-тыңдап жүрсем де, мына «Реквиемін» бірінші рет тыңдауым.

Асқар: – «Сур киімге оранған адам» Моцарттың қиялында «Қара адамға» айналып кеткен. Қара адам – мистикалық бейне.

Мұқағали: – Сергей Есениннің «Қара адамы» сияқты ғой, тәрізі.

Осы арада автор Асқар Сүлейменов пен Мұқағали Мақатаевтың әңгіме ауанын Данте Алигьеридің «Құдіретті комедиясы» туралы аудармасына назар аудартады. Бұрын білмеген, білсек те, оған онша мән бермеген деректерге тап боласың. «Жерден жеті қоян тапқандай» мәз болсын.

Қайнекей Жармағамбетовтің «Ақын мен ажал» балладасы туралы айта келіп, Мұқанның «Чили, шуағым менің» атты кітабы туралы Асқар төмендегідей дерек келтіреді. Өйткені біраз бұрын Қайнекей Жармағамбетов Павло Неруданың өлең-

хаббатына бөледі. Дін өкілдерінің қарсылығына қарамастан, Дантенің ескерткішін шіркеудің кіре берісіне ауыстырған. Италияның атакты ұлдары Микеланджело және Леонардо Да Винчи кабіріне барып тәу ету үшін тұрғындар, туристер, адамзат ең әуелі Дантенің ескерткішіне осылайша бас иіп өтеді. Бұл – поэзия күдіреті.

Мұқағали ақын бұдан кейін тәржіма жасауды мүлде тоқтатады.

Кітап авторы қазақтың жоқтау өлеңінің тарихы туралы кең мәлімет береді. Мұқағали мен Асқардың өзара пікір алмасуын, ренессанс, өркендеу дәуірінің жолдары туралы жақсы мысалдар келтіреді. Соған назар аударып көрелік.

Ежелгі Мысыр елінде жоқтау дәстүрі болған. Өлімнен кейін өмір бар ма?! Пирамидалар – соның айқын көрінісі. Бірақ ислам орныққан соң бұл дәстүр жоғалған. Дегенмен ол ұлы қазақ даласында сақталып қалды. «Қазақ жоқ-

ТАЛҒАМ мен ТОЛҒАМ

немесе жазушы Жақыпжан Нұрғожаев туралы бір үзік сыр

лейді, өмірін бір ғана дастан деп бағалайды. Сол өмір-дастанды тану онай ма? Жақыпжан достың хикаяттары мен әссе, әңгімелерін Мұқағалидай ақиық ақынға қойылған монументтік ескерткіш деп бағалауға болады.

Сонымен, поэзия – ғұмырына, ғұмыры – поэзияға айналған Мұқағали туралы сыр сандыққа үңілейік. Бір шығармасы «Мәңгілік аза күй (Реквием-хикаят)» деп аталады. Бұл Асқар Сүлейменов пен Мұқағали Мақатаевтың өмір өлшеммен өрнектеліп, әлем әдебиетіндегі, әлем мәдениетіндегі В.Моцарттың, А.Сальеридің, Анна Ахматова мен Роберт Рождественскийдің реквиемін жазу барысындағы жанкүйзелісін беру арқылы Жақыпжан Мұқағали ақынның тағдырлы жан дүниесін терең зерделейді.

Асқар мен Мұқағали арасындағы әңгіме-сыр астарынан ақиық ақынның мәңгілік шығарма жазу кезіндегі жанталасқан психологиялық, психикалық, эмоциялық ғажап тебіренісін түсінесің. Ара-тұра, хикаят барысында екі адамның білімділік пен тарихи-танымының тереңіне ой жүгіртесің.

Әрине, бұл – көркем туынды. Бірақ деректі. Сондықтан хикаят жаныңды толқытады, тебіренетеді, түйсікті оятады. Ақынның болмысын, жан дүниесін басқаша танысын. Басқаша түйсінесің. Ақын өмірінің қиындығына күрсінесің. Бірақ қазақ поэзиясына қалдырған «күпі киген қазақтың қара өлеңін, шекпен жауып, өзіне қайтарамын» деген ақын биігіне сүйсінесің.

Мұқағали ақын Вольфганг Амадей Моцарттың өмірінің соңғы сәтін көзге елестетіп, өзінің де өмірлік миссиясын сезінгендей болады.

Вольфганг әйелі Констанцияға: «*Рас айтам. Маған біреу у берген сияқты. Осы күдікті ойдан қашып құтылар емеспін. Қара киінген адамды күнде түсімде көремін. Ол менен «Реквиемді» сұрайды, тәрізі. Мен бұл «Реквиемді» біреуге емес, өзіме арнап жазғандаймын», – дейді.*

Мұқағали Пушкиннің «Моцарт пен Сальериін» оқығанда оны өз басынан өткізгендей күйге түседі. Мұны Жақыпжан өте өрнекті етіп көрсетеді.

Асқар: «*Мұқа, байқаймысың, Моцарт сізді біраз тереңіне батырған сияқты.*

Мұқағали: «*Моцарт теңіз емес, мұхит қой, шіркін!... Мен Моцарттың бізде*

дерін аударып, кітап етіп жариялаған болатын.

Қайнекей ақынның «*Әй, Мұқаш, онсыз да қалт-құлт етіп жүр едім, сен мені жылаттың ғой, жылаттың*» деген сөздерін Асқар еске салады.

Асқар: «*Қаза болар ғасырлар, замандар да*» – мықты айтылған сөз. *Зады, өлім мен өмір туралы тереңінен қозғаған дүниенің бірі осы-ау, Мұқа.*

Мұқағали: «*Шекспирдей болу қайда-а бізге? Шекспир демекші, ол бізде жеткілікті дәрежеде дерліктей аударылды. Әсіресе Зейнолла Шүкіровтің тәржімасы – төрт аяғын тең басқан теңдессіз дүниелер.*

Бейне бір тұтқын мен де үйде, Төсекте буып тастаған. Көнбеймін, дүние, бұл күнге, Кеңірек есік аш маған!

...Шекспирді қазақша сайратқан нағыз Сыр сүлейі.

Иә, Дантеге қайта оралайық. Әуелде «Божественная комедия» – «Тәңір тәлкегі» деп аударылған болатын. Үзінділері Сейдахмет Бердіқұлов ағамыз бас редактор болған кезде «Лениншіл жасқа» жарияланып еді. Енді кітап болып «Жазушы» баспасына өткізілгенде баспаның бас редакторы Мұхтар Мағауин оның атына келіспей «Құдіретті комедия» деп атауға ұсыныс береді.

Мұқағалидың авторлық ремаркасы: «*Құдіретті комедия*» Дантенің пір тұтқан «*Декамеронның*» авторы Джованни Боккачоның қойған аты ғой. *Жұрт «Декамеронды» соның үлгісінде «Адам комедиясы» деп атап кеткен. Кейін Оноре де Бальзак өз жинағын «Адам комедиясы» деп қояды. «Тәлкегіміз» жақсы еді-ау деп өкініп қалғандай, басымды шайқасам да, қисынды сөзге тоқтадым.*

Иә, Италияда, Флоренцияда болып едім. Дантенің ескерткіші тұрған шіркеудің қасында суретке түстім. Мұны тағдырдың сыйы деп қабылдадым.

Микеланджело және Леонардо Да Винчи мәңгілік қоныс тапқан шіркеуде Дантенің бейіті жоқ. Құдайға қарсы комедиясы үшін оның денесін шіркеуге қойғызбаған. Бірақ Италия халқы ұлы қалагер Дантеге өз қаржыларына ескерткіш қояды. Оны шіркеу алдындағы алаңға орнатады.

Уақыт, заман сырғып жатты. Дантенің өлмес жырлары оны халық ма-

тауы – әрі жұбату, ауыртпашылықты бөлісу». Бұл – Асқар Сүлейменовтің пайымы.

Осындағы деректер Жақыпжан Нұрғожаевтың бұл хикаятты жазуға өте тиянақтылықпен, ашығын айтсам, ғылыми ізденіспен келгенін нақты көрсетеді. Мына бір деректі еске түсірелік.

Шокан Уәлихановтың әжесі – Айғаным күйеуі хан Уәлиді бір жыл бойы жоқтаған. Бірде Байдалы шешен Айғаным ханымға келіп, басу айтпақшы болады. Ол кіріп келгенде, Айғаным жоқтау айтуға ыңғайланады. Сонда Байдалы шешен: «Сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын, – дейді. –...Мен қайғынды қозғағалы келгенім жоқ, қайратынды қайрағалы келдім».

Осы бір деректі сәтті автор Асқар Сүлейменовтің сөзімен түсіндіре кетеді.

Асқар: «*Зады қазақ жоқтауларының озық үлгілерінен қазақтың ой-қиялын, арман-тілегін, мұң-мүддесін жазбай тануға болады. Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы Мәскеу баспасынан «23 жоқтау» атты кітап шығаруы тегін емес.*

...Ахаң кітап кіріспесінде жоқтаудың «қазақ тарихының төрт жүз» жылын қамтитынын айтады».

Мұқағали: «*Халықтың тарихын санасынан өшіру мүмкін емес қой... Қараулектің өз баласы Мамайды жоқтауын, Бұқар жыраудың Абылай ханды жоқтауын, Қаз дауысты Қазыбек бидің қызы Қамқаны жоқтауын халқы неге ұмытады?»*

Автор осындай деректерді келтіре отырып, әңгімені қайтадан Мұқағали ақынның «Реквиеміне» ойыстырады. Бұл таңғажайып, тылсым жанрдың қазақ өркениетімен астасып кеткенін көрсетеді. Осылай мәдениеттің, өркениеттің, еуропалық реквиемнің тарихы туралы, оның музыкадағы сарындары жөнінде ақпарат алып, музыканың танымдық рухани жолына кірігесің.

Мұқағали айтады: «*Өмір мен өлім. Өлім мен өмір. Бұл – адамзат танымның ең жоғары ілімі. Қорқыт философиясы, шумерлердің «Гильгамеш» жыры, Абайдың өлім туралы толғанысы, Мағжанның «Қорқыты», болмаса «Әлдиле, өлім, әлдиле» деген өлеңдерінің болмысы туралы ой толғаулар ше?!*

...Жел, күңіренбе, жасың тый,

Өлім күйі — тәтті күй,
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!»

Мағжанның осы өлеңінің сарынын Жақыпжан Нұрғожаев Мұқағалидың Константин Бальмонттан тауып алғанын дәйектейді.

«Жизнь утомила меня,
Смерть, наклонись надо мной!
В небе — предчувствие дня,
Сумрак бледнеет ночной...
Смерть, убавокай меня».

Бақсаң, Мағжан Бальмонтпен бір арнада жазыпты. Еліктесе, еліктеген де шығар, бірақ аудармаған. Мұнда тәржіманың иісі де жоқ. Бальмонтта бар болғаны 15 жол болса, Мағжанда ұзын ырғасы — 95 жол. Есесіне, қазақтың құлағына тосын естілетін жаңа жыр дүниеге келген.

Иә, бұл аударма емес. Философиялық түйсік. Романтикалық, символикалық поэзия. Екі ақынды осы поэзиялық жанр

қосамын!..»

Екі данышпан аурухана ішінде де Лев Толстой, Александр Пушкин, Блок пен Лермонтов туралы ой бөліседі. Олар мәртебелі поэзия, Бетховен, Моцарт музыкасы туралы әңгімелейді.

Өмір мен өлім тартысы жүріп жатқан осы бір жан азабы қармаған сәтте мұндай әңгімеге кім бара алады? Жақыпжан Нұрғожаев ақын бейнесін осындай детальдармен ашып береді.

Мұқағали айтады: «Менің ойымша, Блок орыс әдебиетінде оқшау тұр. Ешкімге ұқсамайды. Ол өз поэзиясынан биікте тұр. Оныкі мәдениетті, күрделі поэзия. Блок — көңілі қалып, түңілген жан. Ал оның «Он екісі» Моцарттың «Реквиемі» сияқты асау жан дүниенің толғауы.

...Бетховеннің бір дөкейге айтқан, мұрдың оғындай сөзі бар екен. «Князь, мен қазір кім болсам, қандай биікте болсам, сол болғаным үшін өзіме-өзім қарыздармын. Князьдар мыңдап болған, бола да бермек. Бетховен болса, жалғыз!»

Әлде бір адам болар ма?!

Аза тұтқан,

Бір жақыны жоғалған!?

Жақыпжан Нұрғожаев Мұқағали Мақатаев ақынның жан дүниесін, бүкіл табиғи болмысын билеп алған сәтті осындай көркем ойлармен кестелейді. Оған сөз береді. Оған жан береді.

Мұқағали айтады: «Иә-иә, бұл рекви-ем. Ал сынасып көріңдер, менімен?»

...Иә-иә, бұдан кейін бес бөлімде өмір мен өлім сырласады. Табыттың, халықтың, жесірлердің, жетімдердің үнімен жеткіземін азала сырласуды. Ең соңында бесік жырына салып, әлдилеймін...»

1976 жылдың 12 ақпаны. Мұқағали тағы да ауруханада. 11 қаңтардан 15 ақпанға дейін жатып емделуі керек. Ол үшін «Жан азасы» деген аты болмаса, Реквием — өлімге ода емес, өмірдің мәні жайлы философиялық толғау.

Өмір дегенге,

Тірлікте, сірә, жетер ме ой.

Жарық сәуледен басқаның бәрі

бекер ғой

Бекер ғой.

Бекер ғой бәрі — бөтен ғой.

Өмір дегенің — бір күндік сәуле

екен ғой!..

Міне, осыдан ары қарай автор Мұқағали ақынның өмірбаяны туралы сыр шертеді.

Мұқағалидың әкесі Сүлеймен, анасы Нағима туралы жазылған сәттер ешкімді бей-жай қалдырмайды. Енді Мұқағали ақынның 1976 жылы 14 ақпан күнгі күнделігіне көз жүгіртелік: «...Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінемін. Естеріңде болсын, менің жеке өлеңім өзінше ештеңе құрамайды. Ол поэма іспетті, біртұтас. Басы бар, аяғы бар.

...Өзімнің «Мені» арқылы жасырып, жаппай, өмірімнің шежіресін жасап шықтым. Жанымның басқа жүректерге өз сәулесін түсіруге тиіс мұңы мен қуанышы — бәрі сонда».

Міне, Жақыпжан Нұрғожаев Мұқағали туралы жазған хикаяттарының, эсселерінің, әңгімелерінің бәрінде ақиық ақынның өлеңмен астасып кеткен өмірін суреттейді. Шытырман тағдырдың бұлың-бұлың жолдарында Мұқағали ақынның өзінің рухымен сырласқандай, тауқыметті өмірдің әр сәтін көз алдына әкеліп, жанды сурет салады.

Мұқағали ақын күнделігінен: «Мен бір нәрсеге, поэзияның тіршілікпен бірге, яғни адаммен, табиғатпен бірге өлетініне кәміл сенемін. Адамзат жаны қатыгез тартса тарта берсін, қайтсе де бір парасатты адам қалады. Ол — ақын. Ақырғы сөз сонікі».

Жақыпжан Нұрғожаевтың «Акку-арман», «Гәкку-ғұмыр», «Жыл құсы» сынды хикаяттарында Мұқағали ақынның сырт көз біле бермейтін өмір жолдары жатыр.

Нұрғиса Тілендиев, Әбіш Кекілбаев, Шәмші Қалдаяқов, Немат Келімбетов, Оспанхан Әубәкіров, Зейнолла Серікқалиев, Әсет Бейсеуов, Бексұлтан Нұржеке, Лашын жеңгеміз туралы жазғандары — жібек матадай жұмсақ келіп, дала самалындай желпіп өтетін кестелі сөз, кемел ой.

...«Жас Алаш» газетінің бас редакторы болып жүрген кезімде, белгілі журналист қарындасым Нұрлытай Үркімбаева Мұқағали ағамыздың орысша жазған күнделігін тауып әкелген болатын. Оны қазақтың көрнекті жазушысы Бексұлтан Нұржеке аға аударып беріп еді. Ол газетіміздің бірнеше номерінде жарияланған. Сол күнделіктің ішінде Мұқағали Мақатаев ағамыздың жан шері де бар еді. Осы Жақыпжан достың кітабын оқып отырғанда, сол күнделік еске оралды.

Мұқағали ақын да, оның жыр әлемінің сырына үңілген Жақыпжан Нұрғожаев та осындай сырлы әдеби дүниелерімен асқақтап, Хантәңіріндей биікте тұр.

Сейфолла ОСПАН

КӨКТЕМ КЕЛДІ

Бұршіктерге бір ғажайып сыр тұнып,
Шығар кезде жер анамыз құлпырып.
Қаһарлы қыс аппақ қарын лақтырды,
Ақ қағаздай жерде жатыр жыртылып.

Тоң боп қатқан жер танабы қақырап,
Әр түгінен жарып шықты жапырақ.
Мезгілінде көктем жерді кезіп жүр,
Тіршілікке бейімделіп топырақ.

Жер бусанып көкірегің жібітіп,
Айналасын мейіріммен жылытып.
Бір тылсым күш қойды үнсіз жер бетін.
Көкте жүзген күн нұрына жүгінтіп.

Бір құдірет көркін шашса көктемнің,
Риза боп күлімдейді көктен күн.
Жер әлемі жасыл желек жамылып,
Ашып жатыр жер тынысын төккен нұр.

Барша әлемнен салқындықты қуғандай,
Әр жыл сайын әлем қайта туғандай.
Адам жаны сан құлпырып түлейді,
Күллі әсемдік жер бетіне тұнғандай.

Жаңа жылым жаңа әлемді жаңғыртып,
Қуанышқа бөленгендей албыртып.
Құшақтасып жатыр әне адамдар,
Жібергендей жат мінезді қаңғыртып.

Қандай ғажап көктем көркі көңілді,
Бақ дарыған, құт берекем сөгілді.
Бір құдірет бақыт құстай құпия,
Гүлдендіріп жатыр мына өмірді.

Жанға сая жаз мезгілі жайдарлы,
Көңіл тоқтар күз мезгілі айдарлы,
Қаһар шашқан қыс мезгілі айбарлы,
Үш мезгіл де бір көктемге байланды.

Болғаннан соң көктем көркі арайлы,
Жаны жайсаң жыл басына балайды.
Тағдыр бізге жер ананың көктемін,
Жаңа жыл ғып жібергені ұнайды.

Содан бері жаңа жыл деп тойлаймыз,
Терең ойдың қатпарына бойлаймыз.
Барша әлемге жасыл желек, жан берген,
Жер-ананың бусанғаның тойлаймыз!



жақындастырады.

Асқар айтады: «Мағжан жеке басының қайғысын, өз тағдырын жырға қосып отыр. Есесіне, қазақтың құлағана тосын естілетін жаңа жыр дүниеге келген».

Автор Асқар мен Мұқағалидың Пушкин, Абай, Лермонтов, Мағжан, Блок туралы әңгімелерін сыр-сұхбат дәрежесіне көтереді. Әрине, бұл кезде Мағжан Жұмабаев әлі ақталмаған болатын.

Асқар айтады: «Мұқа, күмәніңіз болмасын, Мұхтар Әуезовтің өзі «бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге жарайтын сөз — Мағжанның сөзі» деген».

Иә, солай болды да.

Хикаяттың үшінші бөлімін Жақыпжан Нұрғожаев «Жан азабы» деп атапты. Бұл тарауды ол «Мұқағалидың» ауруханада жатқан кезінің жүрек жылтатар, көңіл толқытар көрінісін суреттеуден бастапты.

«...Мұқағали аурухана палатасында, ауыр ойдың құшағында жатқанда Асқар Сүлейменов сөйлей кіреді.

— Бауырым, Асқар екенің рас болса, маған екі жыл өмір қосамысың?
— Қосамын. Екі жыл емес, екі ғасыр

Мұқағали айтады: «Мен де осы күнде Мақатаев болғаным үшін Бетховен сияқты өзіме-өзім қарыздармын.

...Мен жайында не ойлайтындарын жұрт, мейлі, айта берсін. Оларды тоқтату менің билігімдегі нәрсе емес.

...Мұның бәрін неге айтып отырмын? Себебі, мен адамдармен істес боламын, оларды зерттеймін.

...Адамдарды түсіне отырып, олардың да мені түсінгенін қалаймын. Менің бүкіл поэзиямның мәні, міне, осы. Поэзия мен үшін жанымның шырылы...»


Ақын өзінің жан азабын жақсы түсінеді. Поэзия — Мұқағали үшін жанының жарығы мен шырағы...

1975 жылдың 7 қаңтары. Күнгірт көңіл күй. Ол «Моцарт. Жан азабын» жазуға отырды. Жастық шағы өзіне соқпай, жанай өтіп кеткен күндерді ойлады. Шекспирдің «өлім шақырамын: мен тым асығыспын» деген сөздері санасына кіріп, кетпей тұрып алды.

Ақ қағазға жүрек сөзі түсіп жатты.

«Моцарт. Жан азасы»

Біреу келді де, қара киімге оранған —
Жаназа күйін жазшы бір, Моцарт
жоғалған...
Әлде бір елес...



соғысы туралы алғаш рет әкемнен естідім. Оған қатысқан Құрманқұл бабамыздың немерелерінің біреуі Ізтілеу қан майданда опат болып, сүйегі соғыс даласында қалады. Бірақ көмүсіз қалмайды, жанында бірге болған бауырлары ақ жауып, жаназасын шығарып көмеді. Екеуі — Қазыбек пен Нәзібек жарақат алып, мүгедек болып оралса, екі немересі Айдос, Құлынқара Наполеон Бонапарттың әскерін Парижге дейін өкшелеп қуып барып, жеңіске өз үлестерін қосады.

Бұл бала мені ғана емес, естімеген, білмеген үлкендердің өздерін еліктіретін қызықты сауалдар ғой. Содан айта түссе екен деп, түнде төсекке жатып, көзім қашан ілініп, тәтті ұйқыға кеткенше

де ресми мойындауы. Демек, ақиқатқа әмәнда Құдай жақ деген сой.

Оны бір деп қойыңыз, екіншіден, менің бұл тақырыпқа қалам тербеуіме себеп болған тағы бір жағдай — 1979 жылғы неміс автономиясына қарсы толқулар мен атакты Желтоқсан көтерілісінен кейін империялық амбицияның тіптен күшейіп кетуі. Қазақ зиялысы есебінде мен оны бір адамдай жақсы түсіндім. Олай болатыны Мәскеудегі оқуым кезінде де осы бір ұнамсыз амбицияларға байланысты біраз кедергі көргенімді тілге тиек етейін. Ақыры соның бәрі жиналып, мені соңғы кездері ашық айтыла бастаған 1812 жылғы соғысқа қазақтардың қатысуы туралы деректерді мұқият зерттеуге еріксіз итермеледі.

— Әдебиет тарихында тарихи оқиғаларға қатысты туындылар баршылық. Соның ішінде сізге әсер еткені бар ма?

Жалғасқали ДҮТМАҒАНБЕТОВ,
*Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты,
Қазақстанның Құрметті жазушысы*

— Құрметті Жалғасқали, таяуда әлемдік мәдениет пен өркениеттің орталығы саналатын Париж қаласына барып, біраз қабырғалы жұмыс бітіріп келгеніңізді естіп, білдік. Әуелі әңгімеміз сол туралы өрбісе деп отырмын.

— Иә, Қазақстан Жазушылар одағы тарапынан мұндай ізгі әрекеттің болуын құп көріп отырмын. Өйткені менің Парижге сапарым жеке басымның мақсаты емес, бүкіл алты алаштың мәртебесін асқақтату болатын. Әрине, көзіқарақты қауым жақсы біледі, менің о бастағы мақсат-мүдде ел тарихына қатысты, ұлт тағдырына байланысты ақтандақтарды ашып, шама-шарқым жеткенше тарихи ақиқатты оқырман талқысына ұсыну еді. Мен одан бұрын да жұмыс бабы және ел көру, жер тану мақсатымен шетелге жиі шығып тұратын едім. Францияда әлденеше рет болдым. Ал осы жолғы Париж сапарының себеп-сыры мүлде бөлек болғанын айта кеткенім жөн шығар.

— Демек, бұл жолы Парижге жетелеген ниет те ел тарихына қатысты айтулы оқиғаны Еуропа төрінде жаңғырту болған сыңайлы ғой?

— Кез келген тарихи оқиғаның дүбірімен қоса жалғаса жүретін жаңғырығы болуы да заңды құбылыс. Адамзат тарихындағы ең алап-пат қырғынның бірі саналатын 1812 жылғы орыс-француз соғысы да сондай оқиға. Оған қазақтар орыс патшалығы бізге кеңдік береді, теңдік жасайды деген үмітпен де қатысып еді. Бірақ, өкінішке қарай, отарлау саясаты барған сайын кеңейе тамырланып, күрделене түсті. Сөйтіп, XIX ғасырдың ортасынан басталған ерекше дүмпулі оқиғалар легі бүгінгі формациялар дамуына ұласты.

— Кітаптың жазылуына не түрткі болды?

— Кітапқа орыс-француз соғысындағы тарихи оқиғалар, оған қатысушы батыр бабаларымыздың ерлігі алтын арқау болды. Екі елдің арасындағы сұрапыл соғыс өрті өшті. Ел бейбіт өмірге көшті. Патшалық Ресейдің құзырындағы қазақ халқының өмірі анау айтқандай ізге түсіп, «кой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман орнай қоймады. Бұйырқанған оқиғалар тізбегі жалғасты. Бәрі бірдей момақан халқымыздың пайдасына шешілмеді. Бейбітшілік кезеңдерінің өзінде де оның кері көріністері үзілмеді. Сол себепті тәуелсіз ел болсақ деген үкілі үміт қасиетті қазақ жерін жанындай сүйетін әрбір жұмырбасты пенденің ойынан бір кетпеді. Ол 1991 жылы Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құрғанға дейін сағыздай созылды.

Өзіңіз білесіз, кеңестік тоталитарлық режим заманында айтылмай, тыйым салынған тақырып деп құжатталған 1812 жылғы орыс-француз соғысына қазақтардың қатысқаны, онда ерекше ерлік көрсеткені туралы айрықша жаңалық хабарды француздар тарапынан естідік.

— Сіз бұл жөнінде сонау балалық кезіңіздің өзінде естіп, білген сияқтысыз, солай ма?

— Дәл солай, Өмек! Әкем өте әңгімешіл кісі болатын. Оң тізесіне қонжып, аталар туралы сұрайтын едім. «Айналайын, балам, бұл жөнінде осы бастан білгенің жақсы. Біз — Құрманқұл би бабадан тарайтын ұрпақтармыз. Ол кісі менің бесінші, ал сенің алтыншы атаң болып келеді. Орыс патшалығы заманында өмір сүрген. Балалары елге белгілі би, болыс болған. Бес бірдей немересі соғысқа қатысып, Парижге дейін барған», — дейді.

Сөйтіп, 1812 жылғы орыс-француз

әкемнен тағы да айтыңызшы деп қылқылдап сұрай беремін. Ол кісі содан жүз елу жылдан астам уақыт шамасы бұрын болған оқиғалардан естіген, білгендерінің бәрін айтады. Мен өстіп тұртпектеп сұрап, әкемнің аузынан талай керекті әңгіме, деректерге қанықтым.

Бір жылдары башқұрт жігіті Қайыршақтыға келіп, қыс бойы балаларды оқытып, діни сауатын ашады. Сол кісі апамыздың біреуін ұнатып қалады да, үлкендердің батасымен еліне алып кетеді. Содан тараған жиеніміз Жиһангер жеңімпаз орыс әскерінің сапында біздің аталарымызбен бірге Францияның астанасына дейін соғысып барады, одан кейін де қанды шайқастарға қатысады. Француз ғалымының қызына үйленіп, сонда қалып қояды. Атбегілікпен айналысады. Жылқы шаруашылығымен шұғылданып, байиды. Араға уақыт салып Америкаға кетеді. Үйренген кәсібін сол жақта да қолға алып, жалғастырады. Содан тараған ұрпақтар өсіп-өркендейді. Америка Құрама Штаттарының Трамптан бұрынғы президенті Джо Байден сол кісінің тікелей ұрпағы болып келеді.

Кешегі қылышынан қан тамған Сталиннің билігі дүрідеп тұрған кезінде қалың казакпен бірге біздің әулет те қатты қасірет шегіпті. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» болып, айрандай ұйып отырған жұрт жан-жаққа тарыдай шашырағанда, Жампоз деген бір атамыз қайтсем аман қаламын деп жездемздің еліне, Башқұртстанға кетеді. Сол Жампоз атаның ұрпақтарының бірі Саламат Молдабеков бастаған ағайындар елуінші жылдардың ортасына таман Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қызылту ауылына келіп қоныстанды. Мен тоқсаныншы жылдардың басында әдейі іздеп барып сөйлескенімде, ол кісі де бұрынғы аталарымыздың тағдыры туралы көп білетін болып шықты. Тіпті қолында Құрманқұл би бабамыздың жазбашысы (*niscari*), көмекшісі, аудармашысы болған Есенкелдің (*ол кісі туралы «Есенгелді тақылдақ, жетін келді жақындап. Келеді, келе сөйлей береді» деген сөз қалған. — авт.*) сол кездің оқиғаларын қысқаша баяндап жазған жалпақ, қалың дәптері сақталыпты. Аузынан шыққан әрбір сөзін құнығып тыңдағанымды көріп, «Жалғасжан, баяғы батыр бабаларыңның ерлік жолы жөнінде кітап жазамын деп ниеттеніп жүр екенсің, мынау менен гөрі саған көбірек керек екен, осыны ретіне қарай пайдаланарсың» деп, сары майдай сақтаған сарғыш дәптерді сандықтан алып, араб әрпімен жазылған мәтінді өзі оқып отырып маған жаздырып еді.

Менің қолыма қалам алып, сол тақырыпты тандап, тімтіне ізденіп соңына түсуіме себеп болған тағы да бір жайтты айта кетейін. Ол 1812 жылғы орыс-француз соғысына тоқсан мыңнан астам сарбаздарымыздың қатысқаны қазақ мүлде десе ішіне пышақ айналмайтын Владимир Путиннің сенімді көмекшілерінің бірі тарихшы Мединскийдің

— Жасырып, жабары жоқ, қазақтың өткен тарихына байланысты зерттеу еңбектермен қоса әдеби туындылар да жазылды, жазылып та жатыр. Алайда соңғысына, әдеби шығармаларды айтамын, көбіне мифтік сарын тән. Біз шамамыз жеткенше тарихи оқиғаларды нақты фактілер мен деректерге сүйене отырып баяндауға тырыстық. Дегенмен, оның әділ таразышысы тағы да қадірменді оқырманның өзі деп білемін.

Ел мен ұлыс тарихына байланысты шығармалар мен баяндарға тоқтала кетсек, бұл орайда біздің үлгі тұтар материалдарымыз аз емес. Мысалға, алысқа бармай-ақ, көрші орыс мемлекетін алайықшы. Менің осы шығарманы жазуыма тағы бір түрткі болған Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясы десем, одан кейін араға ғасырдан астам уақыт салып жазылған Михаил Шолоховтың «Тынық Доны». Алайда солардың бәрінде де негізінен әдеби сарынның басым болғаны белгілі. Шыны керек, бұл көп жағдайда көңілде күмәнмен қоса күдік те туғызатын еді. Біз осы жайды ескере отырып, сол орыстарға байланысты бір жайтты айта кетуге тиіспіз.

— Ұмытылған тарихи оқиғалар мәртебесінің сәтті кезін сарыла күтуге орай өрбитін ой ма мұныңыз?

— Иә. Енді соған келсем, өткен ғасырдың елуінші-алпысыншы жылдары ростовтық жазушы Виталий Закруткин «Сотворение мира» деген трилогия жазды. Көзіқарақты оқырмандар оның мәні мен маңызын жоғары бағалағанымен, сол замандағы коммунистік үкімет оған онша көңіл бөле қоймады. Оған себеп, жазушы Закруткин саяси жүйе тыйым салған кейбір деректер мен фактілерді ашық жазды. Мәселен, сол заманда атала бермейтін, алайда Ресей империясының тарихында ерекше орны бар Нестор Махно, Петлюра, атаман Анненков сияқты тарихи персонаждардың нақты өмірі шынайы қалпында арқау етілді. Сол секілді, осындай тарихи тұлғалар төңірегіндегі кенестік идеологияның мифтері жокқа шығарылды.

Дегенмен айта кетейік, сол кездегі салтанат құрған биліктің ұшар басында да көзіқарақты, көп жайттан хабары бар адамдар болғаны өтірік емес. Леонид Брежневтен кейін мемлекет басшылығына келген, оған дейін КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін басқарған Юрий Андропов билікке келісімен қалыптасқан стереотипті бұзып, еңбегі елеусіз болып келген Виталий Закруткиннің «Сотворение мира», яғни қазақшалағанда «Әлемнің жаратылуы» трилогиясына көп ойланбастан КСРО Мемлекеттік сыйлығын бергізді. Өйткені Юрий Андропов шығарма негізінен тарихи аргументтерге сүйеніп жазылғанын, сондықтан көпшілік оқырмандардың көкейіне қонымды екенін жақсы түсінді. Міне, біздің айтқымыз келген тарихи оқиғалар жаңғырығының ерекшелігі осында!

— 1812 жылғы соғысқа қазақтардың қаты-

суына байланысты күмәнді мәселелер КСРО кезінде аз болған жоқ қой. Дегенмен сол кездің өзінде де сіз қозғап отырған тақырыпқа байланысты жағымды әңгімелер айтылды емес пе?

— КСРО кезеңін ауызға алмағанда, ол соғысқа қазақтардың қатысуы туралы нақты деректі әңгімелер патша дәуірінде де болғанын менің де айта кетуім керек. Алдымен орыстың аса көрнекті лингвист ғалым-жазушысы Даль сол кездің өзінде «Көгілдір салт аттылар», яғни «Голубые всадники» деген танымдық мақала жазды. Онда 1812 жылғы соғыс өткен аймақтан топырақтың ызғары мен самалдан бұзылмай мумияланған, тіпті үстеріндегі сол замандағы француз әскерінің көгілдір мундирі де сақталған алты мумияның табылғаны туралы баяндайды. Дальдың айтуы бойынша, Наполеонның әскерлерінің бұзылмай сақталған мумияларының бет-әлпеті қазіргі қазақтарға айнымай ұқсайды екен. Міне, өткен заманда да осындай деректер болған.

— Наполеон әскерінің құрамында болған мамлюк сарбаздары туралы баяндалатын жағдай сіздің кітабыңызда да кездеседі екен...

— Иә, Наполеон Бонапарт Ресейге

«МАҚСАТ МӘРТЕБЕМІЗДІ

шабуыл жасамастан бұрын 1807 жылы Мысырға, яғни Египетке басып кірген ғой. Сол жорығында француз әскерінің құрамына мамлюктердің ұрпақтары да қосылады. Орыс-француз соғысына қатысқан тегі казак мамлюктер туралы деректер, аңыз-әпсаналар казак жерінде де баршылық. Мәселен, біздің тұқымның әулеттік пантеоны саналатын қорымда мамлюк Абдуллахтың бабамызға берілген аманат шынашағының жерленгені туралы аңызға бергісіз әңгіме әлі күнге дейін айтылады. Тіпті Абдуллахтың сол бейітінің басына біздің бабаларымыз құлпытас жасатып та орнатқан.

— Сіз келтіріп отырған тарихи деректер шынында да танымдық сананы еріксіз селт еткізетіні сөзсіз. Кітапта атакты Кеңесары көтерілісі де айтылады, енді сол жөнінде сөз қозғай кетсек...

— Сөз арасында қазақ қоғамында көптен бері талқыланып, ара-тұра дау-дамай тудырып жүрген бір мәселе туралы да тілге тиек ете кету парыз. Мәселен, Кіші жүз жеріндегі Исатай-Махамбет көтерілісі мен Көкшетаудағы Кеңесары көтерілісі — бір мезгілде болған тарихи оқиғалар. Алайда казак арасында «Оу, сонда Кеңесары мен Исатай неге күштерін біріктіріп, ортақ жауға қарсы бірлесіп күреспеді?» деген сауал күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Біз осы жағын ескеріп, шешуін күткен даулы сауалға нақты жауап іздеп те көрдік.

Исатай мен Махамбет бастаған әйгілі көтерілістің соңғы алаңы қазіргі Ақтөбе облысы, Қобда ауданындағы Ақбұлақ өзенінің аумағына деп келеді. Екі жақтың өліспей-беріспей қанды қырғын салған соғысында иесін қаншама рет ажал тырнағына іліктірмей алып шыққан Исатайдың ақылды Ақтабан атының кереметтігін айтуға тіл керек. Бұл туралы әкем жарықтық аузының суы құрып, «мың жылқыға татитын тұлпар болады, оның құны сонымен өлшенеді» деп айтудан бір жалықпаушы еді. Ақтабан аттын кереметтігі сол, қарсы жақтан атылған зеңбірек оғының даусынан бағытын, тіпті жарылатын жеріне дейін сезіп, қауіпті тұстардың бәрінен орықандай орғып өтіп, үстіндегі иесін де, өзін де аман сақтап, октай зулаған күйі қарулы қалын орыс әскерінің арасына алып кіреді. Содан Исатай қырғынды салып, әрмен қарай бұзып-жарып өте шығады. Махамбеттің де бар діндегені сол — батыр серігінің амандығы. Соңынан шағын топпен ол да өтеді. Исатай қайда болса, мен де сондамын деген есіл еру ғой. Сөйтсе Ақтабан аты өлген. Енді жауға қалдыра ма, артына мінгестіріп алғысы келеді. Сонда намысы аттай тулаған Исатай қанша жерден ажал аузында тұрса да, «Мен артқа мінгесетін қатын емеспін!» дейді. Сол сөзінен кейін Махамбет атынан қарғып түсіп: «Мына атқа сен мін, мен осы жерде қаламын», — дейді. Қара басының ғана амандығын ойлаған пенде емес қой Исатай, сондықтан «Менің өзіме бергенін Құдай біліп алды, мен сені

кинамаймын», — дейді.

Әдетте ерекше азаматтар туралы сөз болғанда халық үшін қасірет шегіпті дегенді айта береміз. Шын мәнінде, шыбын жанын аямай мерт болыпты дегеннің нағыз үлгісі Исатайдың әрекеті емес пе?! Сол себепті жоғарыда өзіңіз қойған сауалға орай, қазақ даласын дүбірлеткен Кенесары көтерілісінің жаңғырығы мен іздері қазақ даласының Батыс өңірінде де баршылық. Демек ол туралы ізденемін деген кісіге қажетті деректер табылып қалады.

— Сонда Арқа мен Батыс қазақтары арасында отаршыларға қарсы күрес ымырасы болған ғой?

— Болғанда қандай. Кенесары қысылтпаған шақта қару-жарақ пен жылқыдай көмек беруін сұрап Кіші жүз жеріне өз жүзбасысы қарауыл Мұрат Құлшоранұлын жібереді. Осы Мұрат Құлшоранұлы — тарихта болған адам. Ең соңында Кенесарының қырғыз жорығында мыңбасы болған Мұрат Құлшоранұлы соғыста қаза табады. Сол Мұрат Құлшоранұлы Кіші жүз жеріне келгенде біздің бабаларымыздың атынан: «Алыстағы Арқадан арнап келген еңбегіңіздің өтеуі

қоғам жақсы біледі. Оқығандар арасынан да бірен-саран жағымды пікірлер естіп жүрміз. Бұл Қазақстандағы жағдай. Ал кітаптың француз еліне танымал болуы туралы не айтасыз?

— Әрине, әзірге танымал болды деу артықтау болар. Дегенмен трилогияның французша аудармасының Парижде тырнақалды тұсаукесерінің сәтті өткені рас. Сұрағыңызға қарай жауап, біз трилогияны қазақша, орысша нұсқаларынан тиісті мамандарға француз тіліне аударттық. Әрине, ол туралы да пікірлер бар, негізінен, жағымды пікірлер.

Ұлт мәртебесін асқақтату мақсаты бізді кітаптың тұсаукесерін өткізу үшін Парижге бастады. Қайталап айтайын, ондағы басты ойымыз алдымен қазақтың ұлттық мәртебесін асқақтату болды.

— Ол шараның қалай өткені жөнінде ресми хабар-ошар берілді. Бірақ шараның толық сипаты мен мазмұны әлі де таным айдынына жете қойған жоқ. Біз бен сізді кездестіріп отырған да осы мәселе. Демек, әлемдік мәдениеттің заманауи орталығы саналатын Париждегі сол шара туралы өзіңіз айта кетсеңіз...

— Мерзімдік басылымдар мен әлеуметтік

Айбергеновтың қызы Айнар Айбергенова, тәрбие және білім саласының ардагері Надин Пьерра, Париждегі «Әлем» ассоциациясының вице-президенті Майра Ысқақова, Сарбона университетінің студенті Том Кетар және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысып, жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Реті келгенде айта кетейін, шара барысында қазақ тарихына байланысты елеулі ақтандардың бірі болып табылатын 1812 жылғы орыс-француз соғысына аталарымыздың қатысуы біраз елді ойландырғанына көзім анық жетті.

— Бір әңгімеңізде трилогияны жазу барысында архив материалдары пайдаланылғанын айттыңыз. Өз басым оны тарихи ақиқатты ашудың басты тетігі болды деп ойлаймын...

— Жастайымыздан тарихи оқиғаларға ерекше көңіл бөліп өстік. Сондықтан шамамыз жеткенше нақты тарихи деректер мен ақиқаттарды білуге тырыстық. Ол дегеніңіз үлкен мақсаттар мен ниеттерге жетелейтін бастама емес пе?! Жоғарыда айтқанымыдай, шет елдерде жиі болып тұрамын. Өзім оқыған Мәскеудегі мұрағаттарды да талай аралап, ақтардым. Ұлт тарихына байланысты әділетсіз-

дағы қазақ елшілігімен бірлесе отырып Париж қаласында осы кітаптардың (*трилогия*) тұсаукесерін өткізді. Тұсаукесер өткен жылдың 11 қарашасына белгіленген екен. Менің Париж қаласына 6 қарашада келуімді өтінді. Неге ерте деп себебін сұрағанымда, 7 қараша күні біздің елшілікте еліміздің егемендік алғанына байланысты арнайы мерекелік шара өткізбекші екен, соған қатысатынымды айтты.

— Енді сол жолғы қазақы мәртебені асқақтатқан сапарнамаға қатысты ойларыңызды білдіре кетсеңіз...

— Содан не керек, «сөз берсен сөзіне жет, атыңа мін де, еліңе жет» демекші, сол келісілген уақытта, Алла сәтін салып Париж қаласының Шарль Де Голь атындағы аэропортына келіп қондық. Азаматтар күтіп алып, қонақүйге жайғастырды. Келесі күні (7 қарашада) Қазақстан Республикасының Франциядағы елшілігіне бардық. Айта кететін бір жайт, Қазақстанның елшілігі тарихи өте керемет жерде, Париж қаласының қартасындағы атақты — (*Champs-Elysees*) Шанз-Элизе көшесінде, дүниеге танымал Наполеон I Аустерлиц шайқасындағы жеңісіне арнайы салдырған триумфальды арқа монументінің тап жанында орналасқан екен. Осындай тарихи терең керемет жерде Қазақстан елшілігінің орналасуы, оның төбесінде көк туымыздың желбіреуі жанымызға қуаныш ұялатты. Елшіліктегі салтанатты жиынға Франция үкіметінің Париж қаласындағы шет мемлекеттер елшіліктерінің лауазымды қызметкерлері, Франциядағы қазақ қауымдастығының өкілдері, сонымен қоса Қазақстаннан арнайы шақыртумен барған Майра Мұхамедқызы бастаған өнер адамдары қатысты.

— Қазақы мәртебені Париж төрінде асқақтатқан сол кештің өту барысы туралы да біле кетсек... Әрі оны қалың оқырман қауымның тілегі деп ұғынсыз.

— Кешті Қазақстанның Франциядағы елшісі Гүлсара Арыстанқұлова ханым ашып, құттықтау сөздерін айтып, ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың атынан еңбегі сіңген азаматтарды марапаттады. Солардың ішінде Франциядағы қазақ қауымдастығының төрағасы Реджеп Қанай мырза «Құрмет» орденін иеленді. Салтанатты шара өз сәнімен әдемі өтті дегім келеді.

Елшілік біздің Париждегі әрбір күнімізді алдын ала жоспарлапты. 8 қарашада Париж қаласының орталық театрында өткен Майра Мұхамедқызы Керейдің концерті жергілікті халықтың да үлкен қызығушылығын туғызып, жоғары деңгейде өткені де өзінше әңгіме. Маған да осы концертті тамашалап, қалың көрермен арасында болу құрметі бұйырды.

9, 10 қараша күндері Франция еліндегі қазақ қауымдастығының төрағасы Реджеп Қанай мырзаның арнайы шақыруымен қазақы қонақасыда болып, әдет-ғұрып, мәдениетімен танысып, әсерлі әңгімеміз ұзақ кешке ұласты. Оған қатысушылардың кітаптың жазылуына қатысты берген сауалдары көп болды. Әсіресе оларды қазақ халқы өкілдерінің Наполеон соғысына қатысқаны жайлы деректер, оның ішінде Париж төріне дейін келіп, бір бабамның осы елден қыз алып барғаны, маған қараған ағайындардың біразының түп әжесі француз қызы екені туралы әңгіме керемет қызықтырды. Шараның соны «1812 жыл: Соғыс және бейбітшілік Қазақы нұсқа» трилогиясына Париж қаласында жақсы таралыммен шығару туралы жергілікті зиялы қауым өкілі Надин Пьерро (*Nadine Pierrot*) мырза екеуіміздің аразамыздағы келісіммен аяқталды.

Әсерлі сапарымның соңғы күні Париж қаласындағы мәдени корпорацияның вице-президенті Майра Ысқақова және осы корпорацияның жауапты қызметкері Зулфат Имашева ханымдармен «Абай» орталығында кездестік. Солармен бірге ұлы ойшыл ақынымыз Абай Құнанбаевтың ескерткішіне барып гүл шоқтарын қойып, одан кейін халқымыздың біртуар ұлы Мұстафа Шоқайдың тұрған үйіне және ескерткішіне баруымыз да естен кетпес айрықша оқиға болды.

— Мазмұнды да мағыналы әңгімеңізге рақмет, Жәке! Шынында да Парижте барғаныңыз қазақы мәртебені асқақтатқан әсерлі мол ғажап сапар болған екен. Ойыңызға ой қосыпты. Сол себепті одан әрі де жалғастыратын істеріңізге сәттіліктер тілейміз!

Өңгімелескен Өмірзақ МҰҚАЙ

АСҚАҚТАТУ БОЛДЫ»



үшін біздің жақ Кенесары сарбаздарына екі жүздей біртелі Бұқар мылтығын беруге әзір. Қажетінше асылтекті адай сөйгүліктерін де береміз. Арқадағы ағайынның табанына қалған шөгір біздің мандайымызға қадалсын деген ниеттеміз. Тілеуіміз бір. Сондықтан ел мен жердің еркіндігі үшін соғысып жатқан арыстан туған сұлтан Кенесарыға көмек қолдан созуға біз қашанда әзірміз!» — дейді Қосыбек би.

— Міне, кітаптағы ең бір жан тебіренерлік, қазақы ымыраны паш ететін сюжеттік үзінді де осы! Сондықтан осы бір деталь кітаптың мазмұнын арттырып түр десек әбден болады-ау!..

— Иә, дала қазақтарының қазіргі ұрпақ біле бермейтін жауынгерлік қасиеттері әлі де аз емес. Ол дұрыс та. Далалықтардың сол жолғы соғысы әділетті соғыс еді. Еуропаның алдыңғы қатарлы, прогрессивті жұрты да оларды құптап, қолдайтын.

— Әлбетте, аталмыш кітаптың редакторы есебінде мен көп жайдан хабардармын. Дегенмен қалың оқырманға түсінікті болуы үшін бір бабаның француз қызын ала келгендігі туралы да қысқаша айта кетсеңіз...

— Айта кетейін. Құлынқара бабамыз француздың дәулетті бір әулетінің қызы Мишель сұлмен көңіл қосып, ақыры оны соғыстан соң елге алып келеді. Мишель анамыз көп ұзамай-ақ қазақ тілін үйреніп, ислам дінін қабылдайды. Сол анамыздан туған ұрпақтар біздің әулетте баршылық. Қан деген қойсын ба, Мишель анамыздан тараған ұрпақтың көбінің көзі әлі күнге дейін көк, түрлері азиялықтан гөрі еуропалықтарға көбірек келеді. Оны өздері де біледі әрі жасырмайды. Міне, осы тарихи ақиқаттардың бәрі мені қолыма қалам алып, кітап жазуға мәжбүрледі.

— «1812 жыл: Соғыс және бейбітшілік Қазақы нұсқа» трилогиясы жарық көргеніне көп бола қойған жоқ. Ол туралы алдымен әдебиетші

желілерде жазылғандай, Қазақстанның Париждегі елшілігінің қолдауымен өткен айтулы шара мазмұнды әрі тартымды болды. Оған түрткі болған Қазақстанның Франциядағы елшілігі жанындағы Абай атындағы мәдениет және әдебиет орталығы. Шара жай ғана ресми тұсаукесер емес, әдеби, тарихи талдау түрінде өткенін айта кету керек. Оның солай ұйымдастырылуы мені қатты қуантты, тебірентті, толғандты. «Іштен шыққан шұбар жылан» демекші, жазушының төл туындысы перзенті сияқты ғой. Мен сол сезімнен шынымды айтсам, осы күнге дейін арыла алмай жүрмін. Олай болатыны, данышпан қазақымыздың «баласы атқа шапса, анасы үйде тақымын қасып отырады» деген ғажайып мәтелінің ақиқаттығына да сонда көзім анық жетті. Айта кету керек, «1812 жыл: Соғыс және бейбітшілік Қазақы нұсқа» трилогиясының француз тіліндегі нұсқасын талдап-талқылауға біраз көрнекті азаматтар мен азаматшалар белсене қатысты. Ретті жері ғой, сол кісілердің бәріне ризалығымды білдіремін.

— Қазақстан үкіметі тарапынан сол шараға қатысты қолдау болды ма?

— Өте орынды әрі сәтімен қойылған сұрақ. Әрине, қазақ мемлекетінің шетелдегі насихаты мен мәртебесі — ел басшылығының назарындағы тақырып. Сондықтан Париждегі біздің шенеуніктер де ол мәселеге салғырт қарай алмайды ғой. Шараны өткізуге Қазақстанның Париждегі елшілігінің екінші хатшысы, белгілі дипломат Болат Өтеген, Қазақстан елшілігінің Париждегі консулы Марат Бахтияров қатысты. Сондай-ақ Францияда Қазақстаннан тысқары мемлекеттерден келген қазақтар да аз емес екен. Франциядағы Қазақ қауымдастығының төрағасы Реджеп Қанай, Абай атындағы мәдениет және әдебиет орталығының төрайымы Баян Жанбауова, Парижде тұратын Төлеген

діктер, ақтандар кенестік дәуірде де, оның алдындағы дәуірде де көп болды. Ал оны ашу, таным айдынына шығару керек еді. Негізгі мақсат-мүдде де сонымен түсіндіріледі ғой.

— Архивтерді көп ақтардым дедіңіз, сол туралы айта кетсеңіз...

— Мені о баста архив пен мұрағат деректеріне жетелеген тақырып жарты миллионға жуық қазақ оралмаған Ұлы Отан соғысына қатысты ақтандар еді. Ол туралы мен өткен жылы шыққан «Қазақ офицерлері» деген кітабымда да біршама айтып өттім.

Қайталап айтайын, орыс — өте тәкаппар, менмен ұлт. Жетістік, жеңіс, мәртебе деген мәселелерге келгенде көзжұмбайлыққа жиі барып, барлық жақсылықты өздеріне ғана теліді. 1812 жылғы соғысқа қатысты мәселеде де дәл солай болды.

— Ұлы Отан соғысына қатысты ақтандар туралы айтып қалдыңыз...

— Иә, қазақ тарихы бастан кешкен ең әділетсіз тұжырымдар мен постулаттар сол кезеңге тән дер едім. Бүгінде екінің бірі біле бермейді, екінші дүниежүзілік соғыстың ең ауыр да жауапты учаскелеріне Мәскеу, негізінен, қазақ дивизиялары мен бригадаларын жіберіп отырған ғой. Бірақ оны да орталық жария еткен жоқ.

Кенестік Қарулы күштер тарихындағы ең данқты әскери бөлім саналатын біздің 316-Панфилов дивизиясы туралы ғана айтайықшы. Соңғы ақиқат деректерге қарағанда, он бір мың жауынгердің бес мыңнан астамы, яғни тең жартысы қазақ, үш мыңға жуығы орыс, бір жарым мыңдайы қырғыз, қалғандары басқа ұлт өкілдері болған ғой. Бірақ ел тәуелсіздікке қол жеткізіп, жариялылық орныққанға дейін дивизия тек орыстардан ғана құралған әскери бөлім болып марапатталды. Біз әңгіме қылып отырған 1812 жылғы соғыс та дәл сондай сипатта болды.

— Парижде талқыланған кітабыңыздың жазылу тарихына тоқтала кетсеңіз?

— «1812 жыл: Соғыс және бейбітшілік Қазақы нұсқа» трилогиясын алғашында бір-ақ кітап қылып шығаруды ойлағанбыз, бірақ елдің қызығушылығын тудырғанын сезгеннен кейін екінші, үшінші кітаптарын жазуға бел будық. Кітапта айтылатын оқиғалар тек қазақ халқына қатысты емес, қазақ, орыс, француз, қала берді бүкіл дүниеге белгілі сол замандағы ең үлкен соғыстардың бірі болғаны айдан анық. Сондықтан шамамыз келсе, қазақтан басқа жұрттың оқып білгенін де жөн көріп төрт тілде (*қазақ, орыс, француз, ағылшын*) аударып шығарған едік.

Қазіргі заманның ең бір тамаша жақсылығы әлеуметтік желіні пайдалана отырып, кітаптардың (*трилогия*) электронды нұсқасын жан-жақты таныстырып, бірге оқыған жолдас-жораларға жіберген болатынбыз. Осының арқасында шетелдегі жүрегі қазақ деп сокқан азаматтар қатты қызығушылық танытты. Соның басты нәтижесі — Франциядағы қазақ қауымдастығының төрағасы Реджеп Қанай мырзаның, Франция-



Шархан ҚАЗЫҒҰЛ

Қазақ тарихының хатталу процесіне қарның ашады. Ағылшынның жылнамасын оқысаң, соқырға таяқ ұстатқандай. Генрих IV қай соғыста қандай қылыш ала жүргеніне дейін рәсімдеп қойған. Біздің шежіреде тұлғаның туған жылы бар да, өлген жылы жоқ. Салған жерден салың суға кетіп қалады.

Дей тұра, біздің тарихымыздың ғажаптығына ешқашан да шек келтірген емеспін. Абылайдай ержүрек хан кімде болған? Басқа ел патшаларының жаумен «онлайн» соғысқаны сирек. Жәңгір хандай білімдар хан қай елде бар? Ал көп адам біле бермейтін Арынғазы ханның бойынан Абылай ханның көзсіз батырлығы да, Жәңгір ханның терең сауаттылығы да табылған. Орыс империясы Арынғазыдан өлердей қорыққан. Сондықтан да Калугаға жер аудартып, жандарына байлап ұстаған. Айта берсе, тарихтың түбіне кім жеткен?!

Осы кейбір адамдар күннен қорғайтын көзілдірік кигенде ерекше құлпырып шыға келеді. Керемет ғажап кісі болып тұрады. Көзілдірігін шешсе, таз қалпына түседі. Түрден түр қалмайды. Кісілігі де көленкеде қалып қояды. Неге? Негесі сол, көп адамның көзі «әдемі» емес.

Дәлірек айтсам, ішкі жан дүниесінің сұлулығы жоқ. Сондықтан болар, кара көзілдірік киген кісіні кезіктірsem, жанының жұтандығын жасырып тұрған адамды көргендей боламын.

Қазақта «биттің қабығындай» деген фразеологиялық сөз тіркесі бар. Осыны Рахымжан Отарбаев «пияздың қабығындай» деп қолданып жүр. Әдеби норманы әдейі сақтамайтын Әбдіжәмилдікіндей әдемі емес пе? Халық битпен қоштасқалы қанша жыл?! Шынында да, ХХІ ғасырда битті айтып отырған ерсі естіледі. Ал пиязды әлі күнге дейін қолданып жүрген бізге әлгі тың тіркес қолайлы екені даусыз. Міне, көркем әдебиетті заманға сай прогрессивті процеске бағындыру деп осыны айтар болар.

Үстіміздегі ғасырдың соңында басқа бір талантты жазушы бұл тенеуді «папиростап жұқа» деп ауыстырса, сол кездің әдебиет зерттеушілері де біз сияқты қуанатын болар.

Фейсбук – ХХІ ғасырдың әзірше ең революциялық жаңалығы. Өйткені бұған дейін адамзат тарихында миллиондаған адамды бір жерге ешкім жинап алған жоқ. Ғасыр құдіреті екеніне ешкім дау айтпаса.

Дегенмен, осы Құдіреттің де қолынан келмейтін бір нәрсе бар. Ол бізге өмірдегі тәтті сезімдердің бірі – жалғыздықты сезіндіре алмайды. Жалғыздықты сезінбейтін адам аталы сөз айтуы қиын екенін ескерсек, Фейсбуктің құны – көк тиын.

...Энергияның түрі өте көп. Алайда ақыл-ой энергиясына тең келетін бірде-бір энергия жоқ. Осы энергетикалық жиілікті таңдап алған адамдарды қатты құрметтейтінімді жасыра алмаймын.

...Астын сызып айтар ақиқат: дауысы бір бөлменің ішінде эзер естілетін әншілер-

ді жас ұрпаққа насихаттап, ел болып кетпейтіміз – тайға таңба басқандай анық аксиома. Одан да басқа халықты білімімен, даналығымен мойындатып үлгерген ардақтыларымызды насихаттау бізді ұлт ретінде ұшпаққа шығарады. Мұндай азаматтарымыз өте көп қазір. «Ақыл бумын» «айқайлататын» уақыт келді.

Адам тұтынатын барлық заттың бағасы

АҚИҚАТТАН АЛШАҚТАҒАН САЙЫН АРЫМЫЗДАН АЙЫРЫЛА БЕРЕМІЗ

бар. Бірақ құндылығы жоқ. Құндылық тек білімде ғана.

...Біз мәңгілік ел болудан бұрын мәңгілік мүддемізді күйттеудің қамын ойлауды үйренсек дұрыс болар еді. Мәңгілік мүдде дегеніміз – әлемдік аренада бәсекелес болу. Ешкімге есе жібермеу. Мемлекеттігінді басқалардың елдік қасиеттерімен толықтыру. Жат жұрттың жақсы артықшылығын өзіңнің кем-кетігінді жамауға пайдалану.

Қазіргі заманда жазушыға тек эмоционалдық коэффициент (EQ) пен эмпатиясының мықты болуы аздық етеді. Ғажап туындыны өмірге алып келу үшін енді интеллектуалдық коэффициент (IQ) пен логика ауадай қажет. Бұған өмірлік қуат коэффициентін (VQ) қосыңыз. Аталған үш коэффициент бір арнаға тоғысқанда ғана туынды шедеврлік дәрежеге көтеріледі. Сонда ғана жазушы өз оқырмандарын таба алады. ХХІ ғасырдың жазушыларға қойып отырған басты талабы осы деп айтар едім. Жылтыр сөзбен бүгінгі адамды алдарқату мүмкін болмай қалды. Қазір «айхой-ойхой» тәрзді «ән-күй» оқырманға өтпейтінін өмірдің өзі дәлелдеп берді. Сондықтан да жазу дарыны бар кез келген қаламгер «айкью» мәселесіне айрықша мән беретін кез келді.

Бұрынырақта журналистикадан жазушылыққа ұялмай ауыса беретін мұңсыз кезеңдер болған. Социализм заманында. Бірақ бұл үрдістің соншалықты сәтті болғаны шамалы екенін «жазу-сызу» баррикадасының екі басында жүргендер басыбайлы біледі. Бұл түсінікті де. Өйткені көбінесе қарабайыр логикаға құрылатын журналистикада жүргендердің сезім мен қиялға көбірек жүгінуді талап ететін көркем әдебиетке келгенде, мандайы тасқа соғылып жататынын көз көрді. Әрине, мен бұл жерде о басынан кәсіби жазушылықпен айналысатындар туралы әңгіме өрбітіп отырмағанымызды ескерте кеткенімнің артықтығы болмас.

Құрғақ баяндауға ұрыну. Сүреңсіз суреттеу сапырылысы. Қисынға құрылмайтын кию-жию диалогтар. Астары аз монологтар. «Көшпенді жазушылардың» қазақ кенес әдебиетіне әкелген вирустарының тізімін әрі қарай жалғауға тіпті құлқым жоқ. Мұның бәрі әдебиетімізді өркендетпек түгілі, көзге шыққан сүйелдей жүйкеге тигенін де әзір ұмыта қойған жоқпыз. Журналистикада байқалмай қала беретін «әдеби пробелдер» де әдебиетке осындай жазушылармен бірге еріп келді. Осы бір одағайы көп олқы үдерістің өзі көркем әдебиетіміздің құнын түсіріп жібергені аға ұрпақтың есінде.

Қазақ әдебиетінің бір осал тұсы: біз күліп отырып жазбаймыз. Көбіміз ылғи жылап отырып жазамыз. Ашынып отырып жазамыз. Тістеніп отырып жазамыз. Оны сосын оқырман тістеніп отырып оқиды.

Тістеніп отырған адам шаршайды. Шаршаған адам әңгіменің түбіне жетпейтіні анық. Кез келген қоғамның кемшілігін жылап айтқаннан ештеңе өзгермейтіні сондықтан болар. Әлемдік әдебиеттегі қакқан бір қазықтай қағидат – «күліп отырып, күлдіріп отырып жазу».

О баста адамдардың ойлануына миология ерекше әсер еткенін қазір екінің

Көзінің тірісінде «Человек тотального действия» деген атқа ие болған Эрнест Хемингуэйге ерекше бүйрегім бұрады да тұрады. Оба ауруына ұшыраған адамды көтеріп алып, ауруханаға жеткізген ұлы жазушының жұқпалы індетке ұшырамай, аман қалғанына таңғаласың.

Өзін-өзі қорғау инстинктін қалыптастыра білудің бұдан асқан мысалын естіген емеспін.

...Шын мәнінде, қазір газетте жаңалық жариялап берекет таппайсың. Газет структурасы біздің заманымызда танымдық-сараптамалық макалаларға құрылуы тиіс деп ойлаймын.

...Біздің қазақ көп параметр бойынша басы бірікпей келе жатқан халық екеніне дәлел көп.

...Өмір реалийлерін қабылдай білген халық қана биікке көтеріле алады. Ал ақиқаттан алшақтаған сайын арымыздан айырыла беретініміз айтпаса да түсінікті..

...Ұлттық идеология жоқ жерде ұлттық рух бірлігін қалыптастыру догмаға жақын тұрған қиялға көбірек ұқсайды.

Жалпы, менің түсінігімде өз еңбегіне бірдене дәмездің өзі – күнә. Оған бардым дегенше, бар қадіріңнен айырылдым дей бер. Осы уақытқа дейін не жазсам да тек өзіме ұнайтын, өзім қалаған нәрсені жаздым деп айта аламын. Оны біреуге міндет еткен емеспін. Жазу арқылы атак іздеген жоқпын. Олай дейтінім, атакты болу – өте қауіпті. Себебі атағың «шатақ» іздеп тұрады. Біреуге барып атағыңды малдайсың. Біреуді атағыңмен алдайсың. Ақыл тоқтатпаған адамға атак берудің керекті жоқ. Ал есі бар кісілердің ішінде атакқа қызығатыны шамалы. Өйткені адам баласына Құдайдың ең үлкен наградасы ақылдан артық қандай атак керек? Ақыл-ойдың құдіреті сонда, ол адамның аты-жөнін атакқа айналдырып жібереді. Лев Николаевич Толстой. Керемет естіледі ғой. Нобель сыйлығының лауреаты Лев Толстой ше? Қандай күлкілі! Жазғанымыз адамдар оқи ма, оқымай ма, неге екенін, онда да шаруам шамалы болды. Қал-қадірімше жазған дүниелерімнен өзім ләззат аламын. «Данышпан» болып, басқа адамдарға ұнау үшін әңгіме айтуды өте күлкілі нәрсе деп білемін. Мұны «Хлестаков синдромы» дейді. Ал мен Хлестаков болғым келмейді.

Шынымды айтайын, кез келген керемет жазушыдан кемегер көсемсөзші шыға бермейді. Бұл жерде осы ойымды тек Әбіш Кекілбаев қана теріске шығарып кетті. Жазушылық өнер дейміз бе, жазушылық кәсіп дейміз бе, ол көсемсөзші болуға өте-мөте аздық етеді. Абыздарға тән аталы сөз айту, арғы-бергіні сараптай отырып, орама келген оймақтай ойына халықты ұйыта білу, сол арқылы оның рухани тұстарына айналу кез келгеннің қолынан келе беретін оңай шаруа болса, Ахмет Байтұрсынұлы публицистиканы қазақы арнаға бұрып, көсемсөз деп қалыптастырар ма еді?!

Әділеттілік дегеніміз – тезис пен анти-тезистің қосындысы.

Култ – өте жұқпалы вирус.

Бір болу – ардың ісі.

Қали СӘРСЕНБАЙ

Алдымен, мына бір үзікті оқып алсақ, тақырыбымыздың тура төбесінен түсеміз-ау деп ойладым.

«...Дей тұра, Досхан мен сияқты қаратабан журналисті көшеде кездестіргенде тани кетеді, танығаныңыз не, «бауырым, сен Шархансың ба?» деп бас салатыны мен үшін қиял-ғажайып ертегі болатын. Бірақ үш ұйықтасаң түсіңе кірмейтін шаруаның өзі өңінде болып жатады екен. Досхан ағаның сұрағына «иә» дегенім сол, ағам мені құшақтай жөнелді. Әлі аң-таңмын. Содан соң әдемі спецификалық қоңыр даусымен тіл қатты. «Шархан-ау, мен сені іздеп жүргеніме көп болды. «Алматы ақшамындағы» «ООО»-ыңды» нөмір сайын оқимын. Басыма жастанып оқитыңды шығардым. Сенімен танысам деп жүргенмін. Құдайдың құдіреті ойламаған жерден кездестірді сені».

...Мемлекеттік сыйлықтың екі мәрте лауреатының өзі танитындай мен кіммін, әрі-беріден соң?! Дәл осы сәт мен өмірімде бірінші рет бетпе-бет көріп тұрған Досхан ағаның қандай адам екеніне салған жерден көзім жетті. Ғажап жан! Мұндай тұлғалар некен-саяқ. Көшеде кетіп бара жатқан адамға өзі келіп амандасатын өнер адамы мүлде жоқ. Халықтың ұлы болсаң, Досхандай бол!»

Расында да, анау-мынауыңа онайлықпен тамсана қоймайтын тұлғаның таңырқайтын да жөні бар. Кітап оқу кейіндеп тұрған тұста «Алматы ақшамында» тұтас кітаптарды басу үрдісі басталып кетті. Соның бірі Шархан Қазығұлдың «Онашадағы онлайн ойлары» еді. Досхан ағаның айтатынындай бар, жақсы оқылды. Асанәлі Әшімұлы, Сәбит Оразбаев, Әшірбек Сығайлардың «Әй, мынау қай бала, қалай-қалай сілтейді» деген сөзінің де тірі куәсіміз. Оны айтасыз, кейбір әкімдердің де сынайынан Шарханның шертпелерін қойын дәптеріне түртіп жүретінін де сезетінбіз. Қысқасы, ол бір «Алматы ақшамын» интеллектуалдар шығарған кез еді. Интеллектуал демекші, Досхан ағаның бұл кісіге айрықша құлағанының тағы бір белгісі — «палуанға оны мен солы бір» деді ме, әлде бойы да, ойы да орта асабалардан жалықты ма, әлде өз болмыс-бітімін бедерлейтін білімнің, биік өренің иесі де аңқып тұрсын деді ме (солай болды да) 70 жылдық тойының тізгінін де осы кісіге ұстатты. Шебердің аты — шебер. Өмірі қолына микрофон ұстап, біреуге сөз беріп көрмеген Шархан бұл тосын ұсыныстан да шашасына шаң жұқтырмай шу деп өтті.

Үлкен кейіпкерге — үлкен автор керек. Қай тақырыпты да әбден иін қандырып, жаңалықсыз жарияламайтын ол кейінірек Жолжақсынов туралы тұрпаты бөлек жазба жариялады. Сол Досхан ағаның ініге деген кіршіксіз ілтипаты бір жайды есіме түсіріп отыр.

Бір қатты сүйінгенде Әшірбек Сығайдың Асекене: (Гауптманның «Ымырттағы махаббатындағы» Клаузен болуы керек) «Әй, шал-ай, өзіннен де бар ғой, роль алсаң «өлтірмей» жібермейсің» дегені бар еді. Сол секілді сұхбат бергісі келсе тілші тандайтын

Асанәлі Әшімұлының да бірде қандай тақырыпты алса да «өлтірмей» жібермейтін Шарханның кітаптарын сұратып алып, оқығаны бар. Біраз уақыт Шарханмен ауырды. Онысын маған айтады. Мен кеудемді қуаныш кернеп Шәкене айтамын. Қысқасы, кітаптарын мэтрдің жазу үстелінен көріп жүрдім. Соңғы «Ақтермін мен, мың өліп, мың тірілген» атты кітабында Шәкене үлкен сөз арнапты.

Баспа ісінің білгірі, ғажап макетші-дизайншы Шәкене оқырмандардың сұранысына орай «Онашадағы онлайн ойлардың» заманауи үлгідегі қалтаға салып жүретін ыңғайдағы екі кітабын «Апа-б» баспасынан шығарды. Мұның сыртында тура осы форма-

көркем тіл де, юмор да бар, ал автор өз ойын, кейіпкер келбетін ашуға келгенде философиялық ой иірімдерін суда жүзген балықтай ойнатады. Психологизм мен лиризм параллель жүреді. Максат Тәж-Мұрат «Күлпетті» эстетикалық проза деп дұрыс бағамдаған.

Жалпы, бұл авторды оқу үшін әжептәуір дайындық та керек. Демек туындыны талдау білімді, үлкен деңгейді де қажетсінеді. Жүсіпбек Қорғасбек «Үркерін» романның осы қырын ашуға бағыттады. Қазір әдебиетте трансформация жасау керек деген ой айтылып қалады. Автордың өзі де романды жазу барысында қолданған әдеби тәсілдер турасында айтып жүрді. Мұнда публицистика, көркем әдебиет, философияға жүгіну (симбиоз) арқылы ішкі ағыстар, тосын көзқарастар, қайшылықтар сырын баяндау, монологтар, диалогтармен жан-жақты ашады.

Кейбір пікір білдірушілер роман-

рап кісінің деңгейін, мәдениетін бағамдауға болады. Кейбір жолдастар «мұндай авторды оқымаппын, білмеппін, күлпет деген сөзді естісем құлағым керек болсын» деп те жатыр екен. Белгілі қазақи түсінік қой. Ал енді оқымаса қайдан біледі, тіпті құлағыңды аясайшы. Романда бізден алыстап кеткен архаизм атаулар, көне сөздерді тірілту бар. Біздің кейбір жазушылығы дүдәмал бір сабаздар қазір журналистерге кәдімгідей жауығып алды. Тілі публицистиканың, журналистиканың тілі дегеннен басқа ештеңе тауып айтар емес. Есесіне онда Әуезовтің айтатынындай, біздің әдебиетке жетпейтін білім жатыр. Бүгінгі болмысы бөлек оқырман талабын ескере отырып, онымен ой жарыстырып, сана биігінен көріну де оңай емес. Оған керегі білім-білікпен белерленген ойлы сөз, терең таным, шынайы ақпарат, үлкен мәдениетпен мәйектелген мәуелі әңгіме. Осындай өре биігінен көрінген

ОНЫҢ «ПАЛИТРАСЫЗ ПОРТРЕТІ»



тта «Футбол философиясының фрагменттері» жарық көрді. Басқа, басқа, жанкүйер біткеннің жанын жаһаннамға жібере жаздайтын футболдың философиясын жазу деген санаға кіретін тірлік пе?!

Шархан Қазығұлдың «Күлпет» романы қайсыбір жылы тұңғыш рет қазақ романына жарияланған «Меценаттың» бәйгесін 67 романның ішінен жеңіп алып, өмірлік грантын қанжығаға байлады. Менің пайымымда, «ООО» сол романға барар жолдағы жаттығу, эксперимент алаңы болған тәрізді. Романды түпнұсқадан оқығандардың бірімін. «Күлпет» жарық көрісімен әлеуметтік желінің түндігі жел тұрмай-ақ күн-түн желпілдеп тұрды. Сол күндерде қойын дәптерге мынадай бір ой ұшқындары шашырап түскен екен, сірә, кейін толықтырамын деген болсам керек.

«Көркем шығарма, өнер туындысы сөз жоқ, ең алдымен, оқырманын ойландыруы, күрсіндіруі, керек болса, тіксіндіруі, түңілдіруі керек. Ұлы өнердің басты міндеті де сол. Өнер бәрімізге түсінікті болса, ол өнер емес. «Күлпет» осы талаптарға толыққанды жауап береді.

Бұл — танымдық проза. Сіз одан өнебойы қызықты, қилы, шым-шытырық оқиға кезіктіре бермейсіз. Романда

дағы уақыт пен адам арасындағы үнсіз диалогты жақсы байқаған. Мұнда рух жалғыздығы, торығу, сағыну, аңсау, көзқарастар қайшылығы, тектілік, дегдарлық, зипалық бәрі бар. Осы арада марқұм Бақыт Кенжеевтің «литература — одинокое печальное занятие» деген сөзін еске алып қойсаңыз да болады. Ол аз десеніз, «әуеннің үш түрі болады — бірі рахаттандырады, бірі күйзеліс туғызады, бірі образдан хабар береді» деген әл-Фараби бабамыздың сөзін және түртіп қойыңыз.

Шығарманы өнебойы өбектеп отырып жазбайсыз ғой. Десек те романда көркем тіл, тапқыр сөз, бейнелі ой да баршылық. Мәселен «кедейдің аузы асқа тисе, мұрны қанайды», «сорлының зарын арлы айтады», «бөрі бет батылдык...», «олар бақытты өмір сүруден бақыт туралы ойлауға қолдары тимеді», «күм жілік болып арықтап кетіпсін», «кұрт жеген құба сөңкел секілденіп барады екенсін», «мияулап жүріп миынды ағызатын...», «құтырған иттің құлағын жеген адамдай дені сау сөз айтпайтын бопты ғой», «тәуелді елдің адамдарында туған жер болмайды», «аққұйрық көңіл», «өлім — өмірдің соңғы құпиясы», «аэрофобия мен акрофобиядан ада адам».

Білдірген пікіріне, қосқан ойына қа-

әлемдік әдебиетте де, ұлттық әдебиетте де туындыларының кез келген тұсын ойып алып, жариялай беруге болатын жазушылар бар. Одан оның мазмұнына, ойына ешқандай нұқсан келмейді. «Күлпеттің» де ондай тұстары жетерлік».

Ілгеріде лықсып келген ойдың бір фрагменттері осындай болыпты. Әлі де өріс тілейтін осы лепестің үстіндемін. Қысқасы, Шархан өзі «жер-жебіріне» жетіп жазған нағашысы Нұрпейісов тәрізді әдебиетке «ауыр артиллерия» романмен келіп кірді және бұл қадамы озық ойлы оқырман тарапынан оң бағаланды. «Жазушының оқырманға бейімделгені өлгені» дегенді кім айтса да, оңды айтқан. Әу бастан, жаңа Қазақстанға дейін де жаңашыл, тосын көзқарастардың адамы болған Шарханның «Күлпетінің» де бірден ой-таным тартысына түсуінің сыры осында ғой. Алдымен «Әдебиет — канондарды бұзу» (Д.Исабеков) екенін әбден парықтаған оның мына бір тұжырымы осы ойымызға қонжытып леп белгісін қойса керек. «Қазіргі заманда жазушыға тек эмоционалдық коэффициент (EQ) пен эмпатиясының мықты болуы аздық етеді. Ғажап туындыны өмірге алып келу үшін енді интеллектуалдық коэффициент (IQ) пен логика ауадай қажет. Бұған өмірлік қуат коэффициентін (VQ) қосыңыз. Аталған үш коэффициент бір арнаға тоғысқанда ғана туынды шедеврлік дәрежеге көтеріледі. Сонда ғана жазушы өз оқырмандарын таба алады. XXI ғасырдың жазушыларға қойып отырған басты талабы осы деп айтар едім. Жылтыр сөзбен бүгінгі адамды алдарқату мүмкін болмай қалды. Қазір «айхой-ойхой» тәрізді «ән-күй» оқырманға өтпейтінін өмірдің өзі дәлелдеп берді. Сондықтан да жазу дарыны бар кез келген қаламгер «айкью» мәселесіне айрықша мән беретін кез келді» Міне, көңілімізден көптен бері көшіп кеткен коэффициенттеріңізді осылай қағыстырып, қабыстырады қаламгер.

(Жалғасы 14-бетте)



ОНЫҢ «ПАЛИТРАСЫЗ ПОРТРЕТІ»

(Басы 13-бетте)

Таласбек Әсемқұлов «Мен кей шығармаларымда экспериментке барамын. Меніңше, бұл көп жазушыларда бұрыннан қалыптасқан бар тәсіл» деуші еді. «Күлпеттен» де өте сәтті жасалған эксперименттік тұстарды аңғаруға болады. Демек, әдебиетке интеллектуал келсе, ол бақыттың бақыты.

«Тойда айтылатын сөздер үлкен сахнаға шығып кетті» деп еді бірде Асанәлі Әшімұлы. Онысы рас. Тілектер, арнаулар, тостар сахнаға ғана емес, газетке, кітапқа да шығып жатыр. Бұдан соң аңқау, аңғал оқырман әдебиет, журналистика деген осы екен ғой демесіне кім кепіл? Демек, оның жолын кесу өнерге (әдебиет, журналистика...) интеллектуалдардың келуімен ғана шешіледі. Сонда ғана «Алла берген таланттың адал күзетшісі» (Әбудәуіт) бола аласын. Надандық шегінен шығып бара жатқанда қаламға қол созып, шалқар білімді іске қосасын. Біз білгенде Шархан Қазығұлдың басты ерекшелігінің бірі осы. Демек, тәңірі берген талантты ұстап тұру үшін оның сыртында өнерге, рухани мұратқа адал болу, талантты тоздырмай, төкпей, шашпай пайдалану және бар. Ол тек жай еңбекқорлық, бейнетқорлықпен шешілмейді, бұл қосымша факторлар.

Шарханның мінезі. Мінез болғанда да әркімде кездесетін алақұйын мінез емес. Тектіліктен тамыр тартқан мінез. Олай дейтінім, аупарткомның екінші хатшысы болған ел ішінде беделі биік Кенжеғара шалдың (атасының) тәрбиесін көрген. Оған мына бір ғана мысал жеткілікті. Шәкен университеттен соң жергілікті жерге кетті. Алматы облысы, Балқаш аудандық газетінде редактор болды. Қай жерге барса да жапырып жұмыс істейтін ол газетті әп-сәтте гүлдендіріп жібереді. Жергілікті шенеуніктерді көк есекке теріс мінгізеді. Ақыр соңында өзі құрылтайшысы болып табылатын аудандық партия комитетінің пленумында хатшыларды сайлау кезіндегі әділетсіздіктерді бет-жүзіне қарамай жаздады. Сойқан сыннан соң заңсыздық қалпына келтіріледі. Сөйтіп, біздің Шәкен аупарткомды бір күнде атынан аударып тастаған. Өзі бюро мүшесі, депутат. Сол күндерде бұл тосын оқиға облыс қана емес, республиканы шарлап кетті. Демократия деген дүлейдің исі жоқ кезде біздің Шәкен осындай қадамға барған. Содан едәуір уақыттан соң үкімет дәлізінен бір-ақ шыққан Шархан Қазығұл өз кәсібін қайта оралып, «Нұр-Астана», «Айқара» атты басылымдар ашып, газет шығарудың да өнер екенін дәлелдеді.

Театр тілінде «школа переживания», «школа представления» деген ұғым бар. Оны Асқар Токпанов «кейіпкержандылық», «кейіпкермәнділік» деп пайдаланды. Жалпы мәні былай: рольде әркім де ойнай береді, ал образ жасау шын актердің ғана қолынан келеді. Осы тәмсілді журналистикаға бұрсак, кейіпкер табу, тандау, талғап жазу да шын журналистің ғана қолынан келеді. Мұны азырканың ең мықты актер – жағымсыз рольді алып шыққан актер деген сөз тағы бар. Осы ой жосығымен жосылғанда Шархан Қазығұл өмірден өз кейіпкерлерін тапқан қаламгер және солармен өмір сүреді, солармен ауырады. Бар рахаты да, ләззаты да сол. Осы ойымызды оқып қойғандай оның

«...адам баласына Құдайдың ең үлкен наградасы ақылдан артық қандай атақ керек? Ақыл-ойдың құдіреті сонда, ол адамның аты-жөнін атаққа айналдырып жібереді. ... Жазғанымы адамдар оқи ма, оқымай ма, неге екенін, онда шаруам шамалы болды. Қал-қадірімше жазған дүниелерімнен өзім ләззат аламын. «Данышпан» болып, басқа адамдарға ұнау үшін әңгіме айтуды өте күлкілі нәрсе деп білемін. Мұны «Хлестаков синдромы» дейді. Ал мен Хлестаков болғым келмейді» деуі көркемдік құпиясының кілтін, кредосын өзі ашып бергенмен тең ғой. Демек, атақпен ауырған емес, біліммен бедерленген ақыл-ой энергетикасына дауа жоқ деген сөз.

Қазіргі заманды «мүмкіндіктер кезеңі» деп те жатады. Қандай мүмкіндік? Неге мүмкіндік? Ой жарысыннан гөрі, той жарысы басым қазақ қоғамында біз сол мүмкіндікті қалай пайдаланып жүрміз? Мұқанның Бауыржанға қаратып айтқан «ой батыры», «қол батыры» болса қані? Қазір қолдан жасалған «қол батырының» көптігіне таңғалмайтын болдық қой. Өкініштісі, саяси сахнада, ең қауіптісі өнерде популистер, дилетанттар (*рухани қалдықпен өмір сүретіндер, көп білетін боп көрінетіндер*) қаптағанда бұл ойымыздың ұшпағына шыға алмайсың. Ал енді осы ойдан бір елі ажырамай аттың басын журналистикаға бұрсак, қазір бұл кәсіпті тек танымал, жұлдыз болу үшін ғана төңіректетіндер көбейіп тұрғаны және рас қой. Осындайда журналистикада, қоғамдық пікірдің көш басында жүрген санаулы санаткердің бірі деп сенімді түрде айта алатын, «ақыл бумын» айқайлатып жүрген жігіттердің, Шархандардың пікіріне ден қойсаңыз өзінді «бар екенбіз ғой» деп адам сезінесіз. Өзі жиі ауызға алатын симбиозымен оқырманын ауық-ауық сілкіндіріп отыратын оның «Палитрасыз портреттерін» оқыған адам, тұлғамын деп талтандап жүргендер тәубесіне келер ме еді?! Егер оқыса, өзін соншалықты жақсы көруден бір сәтке алыстап, өзін адам сезіну процесі басталып кеткен болар ма еді?! «Палитрасыз портреттер» – боямасыз болмыс, бір фальші жоқ жауһарлар. «Өзіне-өзі сенімді адам нық жүреді» деп еді бірде терендеп кеткен ойдың бір тұсында Қайым Мұхамедханов. Демек, бұл білімді адамның ұлтқа қызмет еткеннен, жақсылық жасаудан басқа жұмысы жоқ деген сөз ғой.

«Портреттер галереясы», «Портреттер парады» атты екі бөлімнен тұратын еңбектегі портреттік эсселерде атынан ат үркетін кейіпкерлердің кейпін кестелеудегі іргелі ізденістері сипай камшылап өтетін емес, арнайы әңгімеге сұранып тұр. Сонымен қатар тақауда жарық көрген «Палитрасыз портреттердің» жалғасы сегізінші кітабының «Сегізінші нота» атануы да назар аударады. Журналистиканың жеті нотасын «ноқталап» алған Шәкенге музыкадан «сегізінші нота» табу қиын болып па?! Ілкіде «бастық бір тұлға туралы жаз деп еді, қанша түрткілесем де бір түйір нәрсе таппай ит болдым» деп те жазыппыз ғой. Ал шын мәніндегі талантты адам туралы жазудың өз рахаты бар. Ол да, өзін де армансыз ашыласың. Алайда мынау жақсылардың жағасына жармасу (*жақсыларды жек көру туралы Ортеганың ілімін бір парақтап шықсаңыз болады*) жалғасып тұратын заманда оларға тас лақтырып жататынына да таңғалуды қойдық. Біздің Шәкендегі талант тегеуріні ондайды елең қылмайды, керегін көңіліне тоқып қояды, керек етпегенін күресінге жіберіп отырады. Осындайда есіне түседі. Бір күндерде ұлық ұстазымыз, ардақты Ақан – Ақселеу Сейдімбекті тұқыртқысы келгендер бір науқан бастап жібергенде Сәбетқазы Ақатай «Ақселеудің бір кереметі басқа мойындаса да, мойындамаса да өз артықшылығын жақсы біледі» деп әлгі әуегейлердің әуеніне ғажап нүкте қойып еді. Осыдан келіп туатын бір ойдың симптомына үнілсеңіз, бір-ақ нәрсе ден қойдырады. Біз бір-бірімізді оқымаймыз. Ал оқымайтын адам біреудің пікірімен өмір сүреді. Ғабең айтқандай, «шындық біреудің паспортымен жүргендей». Болмаса Шархан Қазығұлдың басқасын былай қойғанда, бір ғана «Палитрасыз портреттерін» оқыған адамның «оңбай» өзгеретініне мен бейіл.

«Палитрасыз портреттер» – таланттың талантты тануы, тұлғаның тұлғаны түсінуі.

«Палитрасыз портреттер» – кезеңдер картинасы, дәуір демі, ашылмаған аралдар, тұнып тұрған тағдырлар, кісілік пен кішілік, парасат палитрасы, мінездер мозаикасы.

Бопты. Түпкіштей берсең, тамсану, тандану жалға са береді. Тізгін тартып, соқаны суырсақ (*М.Тәж-Мұрат*) оның «палитрасыз портреті» – осы.


● ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫНА БАЙҒАЗЫ

II дәрежелі «Барыс» орденінің иегері,
2025 жылғы Мәдениет саласындағы
Мемлекеттік стипендия иегері Шәміл
Әбілтайдың күйі:

«ҚУБАС ТҰЛПАР»

«Уа, Кубасым, Кубасым!
Сен келдің отыз сегізге,
Мен келдім жетпіс сегізге.
Сенен басқа ат мінсем,
Мінгендей болам өгізге.
Саған мініп шапқанда,
Тартынбай түстім теңізге.
Уа, Кубасым, Кубасым,

Қабанбай өлді дегізбе.
Төрт Арыстың баласын
Енді ешкімге жегізбе.
Шаба алмасаң, саған серт,
Қарсы келген жауыма
«Қаратамақ» найзамды,
Қадамасам, маған серт!»
Қабанбай батыр



Бауыржан ЖАҚЫП,
ҰҒА академигі

Абдылдажанмен танысқанымызға қырық жылдай уақыт өтіпті. Мен білетін Абекем – жан-тәнімен заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов шығармашылығын зерттеп, насихаттауға бар ғұмырын арнаған жан. Ол – аса қарапайым, кішіпейіл, ғалымдардың ішіндегі ақыны, ақындардың ішіндегі ғалымы. Оның жырдан жаралған жүрегі «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген данышпан Абай сөзін еске түсіреді.

Қашан көрсен, күлімдеп тұратын ерекше мейірбан, аузын ашса, жүрегі көрінетін, құшағы кең, жанарынан жылы шуақ пен нұр төгілген азамат. Қайда барса да айыр қалпағын тастамайтын Абдылдажан қолды-аяққа тұрмай, бірде Түркияда, бірде Қазақстанда, енді бірде Италия мен Грекияда, Оңтүстік Корея мен Швецияда, тағы бірде Франция мен АҚШ-та, Қытай мен Жапонияда, Грузия мен Әзербайжанда, Ресей мен Өзбекстанда іссапарда жүреді. Жүрген жерінде әлемде теңдесі жоқ «Манас» эпосы мен Айтматов эпопеясын тілге тиек етіп, жаһан-дүниеге таныстыра жүреді. Бұл оның өмірінің негізгі мәні мен мағынасы десек те болады.

Мен тұңғыш рет Қырғыз еліне сонау Кеңестік кезеңде, нақтырақ айтсам, 1987 жылы бардым. ҚазМУ-дің журналистика факультетінің жас оқытушысы кезім. Бішкектегі (ол кезде Фрунзе) Қырғыз Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне бір топ студентті бастап апардык. Менен басқа Айтқазы Байдәулетов пен Нұрлан Үсенов деген мұғалімдер бар. Қырғыз жағынан Абдығаны Дәрменбекұлы тосып алды. Қырғыз журналистік білім беру жүйесінің ақсақалы, профессор Тоқтосун Мамбетсариевтің көзі тірі кез еді. Университетте бас қосып, екі елдің студенттері өнерлерін көрсетіп, Қырғыздың бас қаласын аралап, «Ала-Арча» демалыс саяжайына барып, маз-мейрам болғанбыз. Айтматов есімі бүкіл Кеңес Одағында аспандап тұрған кездер. Сонда бізге Шыңғыс ағаның жаңадан шыққан «Плаха» кітабының (мұқабасы жасыл түсті былғарымен қапталған) бір-бір данасын автордың қолтанбасымен алудың сәті түскен. Алғаш рет сол сапарда, университет қабырғасында Абдылдажанмен танысқан едім. Сол тұстың өзінде Абекең – «Роль творчества Ч.Айтматова в развитии взаимосвязей и взаимообогащения современных литератур Киргизии и Казахстана»: Автореферат на соискание канд. фил. наук. (10.01.03. – Фрунзе. – 1982. – 23 с.) деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап алған айтматовтанушы чоң ғалым.

Ол алғашқы зерттеулерімен-ақ Айтматовтануға тыннан түрен салды. Шыңғыс Айтматов шығармаларының қазақ әдебиетімен байланысына айрықша көңіл бөлді. Әсіресе сол кездің өзінде Шыңғыс ағаның «Ақ кемесі» мен Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» шығармасын салыстырмалы түрде талдап, екі автордың айтар идеясының ұқсастықтары мен айырмашылықтарына мән бере талдады. «Ақ кемедегі» мүйізді Бұғы-Ана мен «Аңыздың ақыры» романындағы мұнаранның тұрғызылуы туралы аңыздарды салғастыра келе, жеке тұлғалардың халықтың тарихи жадымен тығыз байланыста болатын дала өркениетінің «геопэтикасын» аша білді. Сондай-ақ Айтматов шығармасындағы ар мен тазалықтың, рух беріктігі мен Жаратқанға бір табан жақын биіктіктің символы тау бейнесі мен Кекілбаев шығармасындағы кендік пен дархандықтың, шексіздіктің, енді бір сәт уақыт пен кеністіктің тоғысқан тұсының символы дала бейнесін ұштастыра саралайды. Екі шығармаға да өзек болатын «мәңгірттік» жайында кесек ойларды қозғайды. Болашақты «мәңгірттіктен» сақтаудың жолын іздестірген жан дауасын іздейді.

Бұдан басқа Айтматов пен Мұхтар Мағауин, Шерхан Мұртаза шығармашылықтарына бойлап, тың тұжырымдар жасайды. Қалтай Мұхаметжанов, Зейнолла Қабдолов-

тармен Шыңғыс Айтматовтың шығармагерлік байланыстары мен жеке достықтары туралы сөз қозғайды.

Академик Акматалиев қазақ-қырғыз әдеби байланыстарын өз ғылыми ізденістеріне өзек етумен бірге, өз өмірінде екі ел арасындағы алтын көпір іспеттес дәнекерлік рөлін атқарғанының талай мәрте куәгері болдык. Ол қазақтың маңдайалды ғалымдары Зейнолла Қабдолов, Зәки Ахметов, Тұрсынбек Кәкішев, Серік Қирабаев, Сейіт Қасқабасовтардың мерейтойларына үнемі келіп қатысып, Халықаралық конференцияларда баяндама жасап, баспасөзде көптеген мақала жазды. «Заки ағай – қырғыз оқу-муштуулардың мектебі», «Зейнолла аға ар дайым көз алдымда», «Тұрсунбек аға – биз үшін өрнөк» сияқты мақалалары сөзіміздің

болып талай-талай қырғыз әдебиеттанушы ғалымдарының жолын ашты. Туысқан қырғыз елінде тұтас мектептерін қалыптастырып кетті. Қырғызстан Ғылым академиясының академигі Әбдіқадір Садықов біздің диссертациялық кеңестің мүшесі болды. Зейнолла ағамыздың өте жақын досы болатын. Мен 2004 жылы докторлық диссертациямды қорғағанда, Әбдіқадір ағамыз қолдап дауыс берген еді. Сол аға буынның достығын қырғыз жағынан іліп әкетіп жалғастырған осы Абдылдажан екенін айтқым келеді. Біздің Жанғара Дәдебаев, Зейнолла Бисенғали, Қансейіт Әбдезұлы, Құлбек Ергөбек, Кенжехан Матыжанов, Тынысбек Қоңыратбаев, Шамшадин Керім, Бауыржан Омаров, Амантай Шәріп сияқты профессорларымызды өзі басқаратын дис-

ге зор еңбек сіңірдіңіз. Әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығы туралы іргелі ғылыми жұмыстар жазып, халқымыздың рухани кемелденуіне мол үлес қостыңыз. Көптеген шәкірт тәрбиелеп, ұлағатты ұстаз атандыңыз.

Қазақ пен қырғыздың әдеби байланыстарын терең зерделеп, екі елдің достығын бекемдеуге белсене атсалысып келесіз. Екі елдің бауырластығын нығайту жолындағы ерен еңбегіңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін.

Алдағы уақытта да ғылым-білім саласының көкжиегін кеңейте береді деп сенемін.

Әрдайым мерейіңіз үстем, абыройыңыз асқақ болсын!

Сізге мықты денсаулық, толағай табыс,

АКАДЕМИК АКМАТАЛИЕВ



дәлелі бола алады.

«Ч.Валихановдун «Көкөтөйдүн ашын» жазыпалуусунун дүйнөлүк тарыхый мааниси»;

«М.Ауэзов адабият залкары – достуктун данакери» (*Қазақ жазуучусунун туулган күнүнүн 90 жылдыгына карата*);

«М.О.Ауэзов и киргизская советская литература»;

«М.Ауэзов менен Ч.Айтматовдун чыгармаларында бөрү образынын сүрөттөлүшү»;

«Сүйүнбай – замандын ойчул акыны»;

«Қызыл алмадан» басталган тааныстык»;

«Новая находка (о найденном рукописе М.Ауэзова «Серый волк»)»;

«Қазақ-қырғыз бир тууган, алга карай умтулган»;

«Переводил ли Айтматов «Манас»? Или познакомил ли эпос «Манас» Айтматова с Ауэзовым?!»;

«Түрк дүйнөсүнүн улуу акыны – Жамбыл Жабаев»;

«Мухтар Ауэзов жана Чыңгыз Айтматов»;

«Кан менен тер» қырғыз тилинде»;

«Қырғыз-қазақ драмасы «Фудзияма»»;

«Қырғыз жана қазақ акындарының өлөндеріндегі заман бейнесі...»

Бұл келтіріліп отырған ғылыми мақалалардың тақырыбының өзі академик Акматалиевтің қазақ әдебиетін қаншалықты терең білетіндігіне дәлел бола алады. Ал оның қазақ-қырғыз әдеби байланыстары туралы еңбектері жүзден асатынын айтсақ, бұл – бір ғана қырғыз ғалымының екі ел әдеби байланысына сіңірген зор еңбегінің айғағы.

Сонымен Абдылдажан дос-ағаммен бірде Алматыда, Астанада, Түркістанда, бірде Бішкекте, сәті түскенде шет елдерде де кездесіп жүрдік. Өткен жазда ғана Мөңке би Тілеуұлының туғанына 350 жыл толуына орай ұйымдастырылған Халықаралық конференцияда, Ақтөбеде тоқайластык.

Академиктер Зейнолла Қабдолов, Зәки Ахметов, Тұрсынбек Кәкішевтер Бішкекте жиі болатын. Ол кісілерді Қырғыз елінің Әдебиет институтының директоры Абдылдажан Акматалиев докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғататын Кеңестің мүшесі етіп қойған. Олар бірде Кеңес мүшесі, бірде ғылыми жетекші, енді бірде оппонент

сертациялық Кеңестің жұмысына бірнеше мәрте шақырып, ғылыми-әдеби қатынасын өркендеуіне зор үлес қосты. Мен де бірнеше рет Кеңес мүшесі, оппонент ретінде барып қайттым.

Абекеннің іні-достарының бірі, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, академик Бауыржан Омаров өзінің бір жазбасында:

«Айылға да кеп тұрар,
Ауылға да бет бұрар.
Ала-Тоо мен Алатау,
«Абдылдажан!» деп тұрар!»

Асқақ ойы азат тым,
Алғырлығы ғажап тым.
Азаматы қырғыздың,
Адал досы қазақтың.»

Жап-жас кезінен бастап қырғыз-қазақ әдеби байланыстарын зерттеп келеді. Алатаудың бергі бетінен қаншама айнымас дос тапты. Алдымен алыптармен араласты. Кейінірек ағалардың алақанына көшті. Қазір біздің буынымызбен байланысы берік. Алматыға алғаш ат басын тірегенде жұқалтан аспирант еді. Бүгінде айбарлы академик атанды. Қырғыз Ұлттық Ғылым академиясының вице-президенті болды. Осы күндері Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтын басқарады. Айтматовтанушы Абдылдажан Акматалиев – қырғыз ішіндегі қазақ, қазақ ішіндегі қырғыз», – деп ағынан жарылыпты. Бұл – енді шындық.

Академиктің қазақ-қырғыз әдеби байланысын дамытуға сіңірген еңбегі еленбей қалған жоқ. Ол Қазақстан Президентінің Жарлығымен жоғары дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Құрметті профессоры атанды. Қазақстан Жазушылар одағының шетелдік санаулы мүшелерінің бірі. Биыл 15 қаңтарда мерейлі жетпіс жасқа толуы қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абдылдажан Амантұрұлына құттықтау жеделхатын жолдады. Онда былай делінген: «...Қазақ елі өзіңізді көрнекті ғалым, белгілі қоғам қайраткері ретінде ерекше құрметтейді.

Сіз саналы ғұмырыңызды ғылымға арнап, әдебиеттану саласын өркендету-

шығармашылық шабыт тілеймін!

Ізгі ниетпен Қасым-Жомарт Тоқаев»

Сонымен қатар Абдылдажан Амантұрұлы Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев қол қойған Құрмет грамотасымен марапатталды.

2006 жылы, осыдан тура 20 жыл бұрын Түркияда Шыңғыс Айтматовқа арналған Түркі дүниесі акындарының фестивалі өтетін болып, соған шақыру алдым. Қазақстаннан Мұхтар Шаханов аға екеуіміз баратын болдык. Алдымен, Стамбулға ұшақпен жетіп, одан Түрғұт Озал туған Малазия шаһарына ұштык. Сол жерден бізді автокөлікпен күтіп алып, фестиваль өтетін Елазың қаласына алып барды. Бельгиядан бұл шараға 78 жастағы Шыңғыс ағаның өзі де келіпті. Сол сапарда Абдылдажанмен кездестік. Қырғызстаннан манасшы Орқош Мамбеталиев, акын Фатима Абдалова бар екен делегация құрамында. Түрік қардаштар Шықана ерекше құрмет көрсетті. Қаланың ең бір көрікті жерінен Шыңғыс Айтматов атындағы саяжай ашты. Біздің қазақ-қырғыз делегациясын Түрік телеарнасы тікелей эфирге шақырып, ол хабарды жергілікті ғалым Ахмет Бурак жүргізді. Сонда мен Абдылдажан ағамның өлең жазатынын тұңғыш білдім. Ол қырғыз тіліндегі лирикалық өлеңдерін эфирден оқыды. Абекең – бірнеше жыр кітабының авторы. Жырларынан оның ашық-жарқын бейнесі мен мұндалап тұрады.

Ақынның:

«Өңім – қара, бойым – пәс-кішкене,
Ойымда жоқ, жаман қылу кісіге.
Ақ ниеттен, шындық тұрар жарқырап,
Байқап көрсен, жан дүниемнің ішіне.
Ойларым да тал-тоғайдай керілген –
Қызыл-жасыл алуан гүлдер себілген.
Қиялдарым Алатаудан биіктен,
Ұшып жүрген ақша бұлтты тіреген.
Бітпейтіндей істер қалса, шапшамын,
Үлкен емес басқан ізім, қадамым.
Жамандықты ұмытып қал әрдайым,
Жақсылықты жасап келген адаммын», – деп жырлаған «Автопортрет» атты өлеңін оқысаңыз, соған көзіңіз әбден жетеді.

Тағы бір жүректі жарып шыққан өлеңінде:

«Елің де бар Айтматовты сыйлаған,
Ақындарың жырға қосып жырлаған.

Ғасырлардан Манас рухы сынбаған,
Эпос болып миллион жолға сыймаған.
Қырғыз жерін, Қырғыз елін қорғаған,
Ар-намыс бар көкіректі шыңдаған.

О, мекенім, алыс жүрсем, сағынған,
Ата-анадай бір өзіңе жағынған.
Дүниеде сендей көрікті табылмас,
Алатауды, Ыстықкөлді тұмар қылып тағынған», –

деп толғанған академик Акматалиев Манас бабасының аруағына сыйынып, Айтматов жұлдызын Темірқазық етіп алып, Алатауға арқа сүйіп, Ыстықкөлді тұмар етіп тағып, өмір толқындарында еркін жүзіп келеді. Ақ жүрек жанның асау толқындарды бағындырған ақ кемесі әлі талай алыс жағалауларға жете бергей!



Ерсайын ТӨЛЕУБАЙ,
режиссер-драматург

*Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
АБАЙ*

Өткен тарих – жеке өміріңіз (10.10.1926 – 22.01.2010). 84 жас. Сырдария мекені Сұлутөбе ауылы. Арғы көне тарихтан ой қозғап, сыр шерткен ежелгі ел – өз ата-жұртыңыз. Ұлт тарихында тұңғыш кәсіби Қазақ театры шымылдығын ашқан Қызылорда. 1925 жыл. Ұлттық Автономия. Алғашқы кезең. Тарихи Астана.

Өнердің әсері болар, алғашқы оқу орныңыз – Ташкент (*ГИТИС. 1955 жыл*). Оқытқан ұстаздарыңыз – театр саласындағы әлем әдебиетінің білгірлері – М.Григорьев, М.Морозов, Л.Эфрос, Я.Фельдман. 1963-жылдары Мәскеу аспирантурасында жетекшілік еткен Г.Гоян мен Қазақ театрының алғашқы «30 жылдық тарихын» құрастырған білім иесі Н.Львовтың берген білімі. Өнерге деген құштарлығыңызға ұстаздар дәрісі осылай жол ашты. «Тәшкен көрген бала» атанып, қатар өсіп, кара талқанды бөліскен Қалтай Мұхамеджанов, Нұрмұхан Жантөрин, Бәйтен Омаров, Ахметжан Қадырұлы дос-жоралар. «Осылардың бәрін бағып, асыраған мен болатынмын» деген әзіліңізді мойындаған да осы серіктес курстастарыңыз. Бұлар да өмірден әр қайсысы театр өнерінің бір-бір биігі мен шынары болып өтті. Тума талант, ерекше топ.

Алғашқы еңбек жолыңызды Алматыда бастап (*ТЮЗ. 1955–1956*) «әдебиет бөлімі», одан кейін 1956–1958 жылдары Жамбыл қаласындағы «Мәдени ағарту» училищесінде ұстаздық қызметте өсіп, қалған бар ғұмырыңызда Қаныш ағамыздың кара шаңырағы академияда Өнертану бөлімінде өткізген еңбек мерзіміңіз. «Бөлім» десек те, ғылымның ең бір мықты уығы осы орын. Ғалымдардың алтын бесігі атанған бұл мекемеде Ахмет Жұбановтан кейінгі өнертану саласында ұлттық мүддені көтерген де өзіңіз. Оның бір дәлелі Аханнан кейінгі өнертану саласында. «Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері» атанған таза ғалымдық өз сүбелі еңбегіңіз. Бұдан өзге ұстаздық жұмысыңыз 1989 жылдан Т.Жүргенов атындағы жоғары оқу орны. Бұл мекеме де – сіз үшін білген біліміңізді келер ұрпаққа қалдырар таза ғылыми кафедра. Өшпес өнерге қосқан ғылыми табысыңыздың ауыр-жеңілді ғұмырлы жолы тарих қойнауына осылай енді. Білім. Ұстаздық. Ғылым жолы. Иесі – өзіңіз. Бағыбек Құндақбаев.

Қай елдің болса да өнері өз ұлтының әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен бастау алады. Ал мәдени жетістігін қалыптастыратын басты саласы – ғылым. Соның өзекті белдісі – театр өнері. Сүйенері – өз ұлтының ана тілі ұлт байлығы. Осы ойды басты негізге алғаннан алғашқы еңбегіңізді Аймауытов, Дулатов, Кемеңгеров, Садуақасов, Шаниннен бастадыңыз. Бұлар сол замандағы Кеңес дәуіріне жат ұлтшыл-буржуазияның нағыз «халық жаулары» екенін де жақсы білдіңіз. Сол ортадан аман қалған Мұхаңмен жүзбе-жүз кездесуде (*1955 жыл*) алғашқы

театр тарихын зерттеу жөніндегі іштей серт-сенімнің рухына да сенгеніңіздің ерекше әсері болар. Болмаса, Әуезовтің әдебиет кеңестігіне театр арқылы келгені. Бұл ойлар сыбырмен айтылса да сыр боп қана қалатын қиын кез екенін де білдіңіз. Жазуға болмайтын заңы қатал қиын кез екенін біліп тұрып және ескермедіңіз. Мұхаңның да бір сенгені сол кездегі заманның «жылымығы» жылт еткен жылуы болатын. Оның соңы сорақылық соттау боп қайта оянарын кім білген. Қалай қапалансаңыз да өткен тарихтан үмітіңізді өшірмей, келер күнді күтумен 60 жылғы еңбегіңізді қайталап жазып зерделеумен болдыңыз. Шыдамы қиын заманның

Мүшелері – А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, О.Жандосов, М.Жолымбетов, М.Насоновтар. Жаңа ашылған театр үшін ең басты қауіп, негізгі ой-жүйе осы Көркемдік кеңестің ұлтшылдары болды. Мұны сол кездегі қырағы башы Ф.Голощекин жақсы білгеннен өз жақтасы Ғаппас Тоғжанов пен Илияс Жансүгіровті айтыстырып, Ахан (*Байтұрсынұлы*) бастаған Көркемдік кеңес мүшелерін ұлттық ой-жүйеден ажыратып, орыс мүддесінің негізгі идеологиясы болып бекіген «социалистік реализмді» тізеге басып отырып бекітті (*құрушы М.Горький, иесі В.Сталин. 1925 жыл*).

Бұл тартыста айтысқан Тоғжанов

налып, 30-ға толмағандар орден алып, 40 жастағылар «Халық артисі» атанды. Бұл көзқарас – биліктің өнер, ғылымға дегенде әлі де өзгермей келе жатқан өз теріс пиғылы. Өнер де ғылымның негізгі бір күші десек, осындайда қашан да ойға оралып, мидан кетпейтіні Мұхаңның драматургияда соңғы жазған (*1958 жыл*) «Дос-Бедел дос» пьесасындағы жылтындаған сұмырай ұғым. Сондағы айтылатын «ғалымбысың, жоқ әлде, залымбысың» деген сөздің сұр келбеті қоғамда әлі тірлік кешумен келеді. Мұхаңның сол ойы сол қалпынан өзгерген емес. Ашық кетсе, сот абақтының есігі Мұхаңа қашан да ашық болғаннан артық сөзге де бара алмай,

ТЕАТРҒА – ТАРИХШЫ,

ызғарына осылай шыдадыңыз. Амалы, өзге айланы басқа кер заманның әдісін ұқпастан жанып тұрған отқа өзіңіз осылай түстіңіз. Жоғарғы жақтың сізге деген теріс күні де онынан тумай, терісінен атты. Білмедіңіз емес, білдіңіз. Білсеңіз де білген біліміңізді мінезіңіз жеңгендей. Ұтам деп ұтылдыңыз. Одан бөлек, бір сенген сенімді серігіңіз Мұхаңның қызы Ләйла апамыздың іштей дем бергенінен болар, алғашқы ғылыми диссертациялық еңбегіңізді (*Алаштың Отаны*) «Семей театры» деп төтелеп бастағаныңыз (*1964 жыл*). Қорғалмады емес, сәтін беріп өзіңіз айтқандай әп-әдемі боп қорғалды. Оған бір себеп – Кеңес үкіметін 10 жыл билеген Хрущевтің де «жылымшық» жылғы жылдарының соңғы әсері. Қалай десек те тарихты бір аунатып Алашты айтып, Семейді жаздыңыз. Айтылды. Хатталды. Жазылды. Ізденіс. Жеміс. Тәубе.

Бұл тәубеніңіздің тәубесі «тәуіптің тәуірі ауруға ауру жұқтырмаса» дегенге саймай, емі жоқ «саясаттың сары ауыры» қалған өміріңізге жазылмас дерттей жабысты. Үндемес үнсіз билік ұлатпай-шулатпай жеке бөлмеге өзіңізді онашалап шақыртты. Тергеді. Тексерді. Ескертті. Қатан болмаса да сұмырай көз, суық сөзбен үн шығармастай қатқылдау түрде ой-сөзіңізді түзетті. Биліктің бұл «ескерткені» ендігі жерде андушы биліктің қырағы есебіне енгеніңіз. Болды осымен. Мұның бәрі – Әуезовтің сөзі мен ісі, болмаса тәрбиесі емес, Әуезовтен де өтіп кеткен Алаштың ақтангері Аймауытовтың театр өнеріне қатысты зор тарихы. Қазақ әдебиеті мен театрының ерекше айдыны болған Аймауытов – басқалардан басқа. Ол бөлек. Бөлек болғанда да елден ерек, білгір, сұңғыла. Бар себептің басы да осы. Әр зерттеуіңізде «Қазақ театрының бастауы Аймауытов» деген пәле басы өз сөзіңіз. Одан өзгесі болса Аймауытов пен Әуезов арасындағы ежелгі достық. Келісімшарт. Сыр боп сақталған сырлы тарих. Аймауытовқа қатысты (*екі аударма*). Гоголь. Шекспир. Ортақ ой. Театр. Ұлтшылдық. Түптеп түгендесек, ең алғашқы болып окқа байланған Аймауытовтай нағыз қаскөй ұлтшылдың ұлтжанды сөзі мен ойы. Голощекинге деген жеке әрекет. «Жүсіпбек кеткен соң ғой біздің жүніміздің тікелей тік көтеріліп адам болғанымыз» деген Бейімбет пен Ғабаннның да сөздері өзіңізге осындай ой тастаған болар. Одан өзге Ләйла (*Әуезова*) апамызға хатшы болып, Мұхаң қойылымдарының айтылмаған сырларына жасырын түрде барғаныңыз да бір бөлек дүние. Ізденіс. Білдіңіз. Білгеннен жаздыңыз да. Ал құтылып көр.

Осыған орай айтылар басты оқиғаның ең бір маңыздысы Нарком Смағұл Садуақасов құрған «Ұлттық театрдың» тұңғыш Көркемдік кеңесі (*1925 жыл*).

Жансүгіров екеуі де театр айналасынан қуылып, Әуезов, Дулатов, Кемеңгеров, Шаниндер мүлде тысқары қалды. Алғаш құрылған қазақ театрының «саяси қойылым» ойыны осылай басталды. Ұлттық ойдың негізгі иесі Аймауытов Голощекиннің тікелей бақылауымен тұтқындалып ел аман, жұрт тынышта ең алғашқы Мәскеуде атылғандардың тізіміне осылай енді. Сенген сенімді серігі Тоғжанов болса, мемлекеттің негізгі саяси газеті «Еңбекші қазақ» бүгінгі «Егемен Қазақстанға» басты қадағалаушы (*редактор*) болып сайланып, қазақ театрының бағытын айқындаушы кара күштің нағыз өзі болды. Ақ дегені – алғыс, кара дегені – қарғыс иесі болған соцреализмнің сара жолы осылай басталды. Мойындамаған, тыңдамағандар – «халық жауы». Сөйткен Голощекин, Тоғжанов өз түбіне өздері жетті. Қамалды. Атылды. Өнерден жау іздегендердің жаулығы осылай аяқталса да, сара жол сарыны қазақ елінің өз тәуелсіздігін өзі алғанша айғай-қуғындаудан басы бір босаған жоқ.

Тұжырымдап айтқанда, «соцреализм» деп сөз бастап ой тастаған социализмнің қырағы солдаттары атанған алғашқы сыншылар 1937, 1952 жылдары жазықсыз атылған талай жанның ажалына басты себепкерлер боп, есімдері тарихқа еніп, өздері де оңбады. Алды – академик, арты – кандидат. Архивтегі «тергеу протокол» көрсеткіші осылай. Қызғаныш. Айыптау. Қуғын-сүргін. Сібір. Итжеккен. Алды Әміре, Жұмат, Толыбаев (*операдағы жалғыз бас*). Тізе берсең, тізімнің өзі тізгінсіз кетер кер заманның тар қыспағы осындай көріністе өтті. Әлі де сол сарынның сарылы. Қашан да үнсіздердің үні қауіпті. «Секретный сотрудник» (*сексом*), серый кардиналдар.

Қорған иесі болар Мұхаң (*Әуезов*) дүниеден өткен соң докторлық диссертацияңызды (*тәуелсіздік алғаннан кейін*) әзер дегенде 1996 жылы (*32 жылдан соң*) «Қазақ театрының негізгі даму кезеңдері» деген адам түсінбес тұжырымдамамен есептеп, бес ғасырлық жүгі бар бес кітабыңыздың жинағын жинақтап барып берді-ау әйтеуір. Бермеске лаж жоқ. Ар жағында өз-өзін ақтап айғайлаған Аймауытов бастаған аруақтар шеруі. Одан өзге театрдың айтылмаған, жазылмаған тарихының арғы көзі сонау көне заманнан келе жатқан ұлттың өз салт-дәстүрі екенін ғылыми түрде дәлелдеп айтып, тағы да жаздыңыз. Еңбектің ерекшілігі де осында. Ғылым.

Қазақ театрының жалғыз «тарихшы докторы» дегеннен сескенді ме, 70 жасыңызға орай, қайраткер мен «Құрмет» орденін жеделдете беріп, бұл парыздан олар да тез құтылды. Бұл екі аралықта сіздің тәлім-тәрбиенізбен өскен өнердегі бала-шәкірттер тәжірибесіз қыранға ай-

ішқұса қам көңілдің запыран қайғысында өмірден өтті. Осындағы Жаппас (*қақпас*) рөлін керемет сомдаған Қарағандының біртуар актері Рамазан Баймағанбетовтің ойының талай жерде үлгі де еттіңіз. Өттен, бүгінде автордың дүниесіне араласа алмайсың, әйтпесе «Дос-Бедел достың» айтпағы Мұхаң көріп тартқан бар азаптың өз шындығынан да биікте. Қайта өндесе қаны атқылар нағыз шындық осы пьеса. Нағыз классика. Өмір – театр. Адам – пенде.

Сіздің ең бір ұтымды ұтқаныңыз өміріңіздің әр күнін ғылымға арнап, Қазақ театр тарихының қалтарыста қалған кем-кетігін саралап зерттеумен өткізген құнды 300 ғылыми еңбек, 700 мақала. Оның сыртында 20-ға жуық шәкіртіңізге ғылыми жетекшілік жасап, ғылым кандидаты мәртебесіне жеткізгеніңіз – өнерге қосқан ең сүбелі бөлек табыс. Әрқайсысы өз алдына бір-бір тақырып, жеке еңбек ғылыми жүйе. Одан өзге жазылған әр кітабыңызды түгендесек, актерлер құрамынан Қуанышбаев, Өмірзақов, Қожамқұлов, Жантөрин, Ноғайбаев, Қалтаев, Сәкиев, Сүлейменов, Жайлыбеков, Жайсанбаев, т.с.с болса, режиссурада Байсеркенов, Сейтметов. Авторлардан Әуезов, Мүсірепов, Тәжібаевтар драматургиясы – бүгінгі күнде келер ұрпақ үшін театр тарихына таптырмас шежіре, бағалы еңбек. Құнды тарих. М.Кәрім, Б.Жәкпиев, И.Экрен, Л.Устиновтан аударған аудармаларыңыздың құны бір бөлек. Еліміздегі әр облыстық театрды еселенген еңбегі мен жеке-жеке жазылған тарихы өз алдына. Одан өзге талай жерде ауызекі айтылып, жазылмаған еңбектеріңіздің өзі қаншама? Бір қара шаңырақтың тірегіндей болған 62 уықтай сан-салалы өнердің әр дерегін Қаллеки, Сер-аға, Ел-аға, Қапан, Камал, Сәбира, Хабиба, Хадиша, Айша, Жамал, т.с.с. үлкендердің әр естелік сөзінен елеп-екшеп, түгендеп жазғаныңыз – бағасыз байлықтың нақты нұсқасы. Соның бір қызықты мысалы өнер адамдарының арасында «білмегеніңді Сер-ағаңнен сұра, болмаса Қапаннан қарастыр. Бұл ағаларыңнан таппасаң, білгені мен жазғаны көп Бағыбектен біл, сол біледі» деген Қалтай ағамыздың қалжыңында да талай шындықтың сыры жатыр. Астарлы қалжың – күлкілі, әзіл – нақты дәлел.

Сыншы ретінде өнер тазалығын сақтауда сырқат сырын ерте сезіп, ауру тамырын бақсыдай дөп бастыңыз. Не бір таланттардың сахналық кейпін (*портрет*) жазарда жеке тағдырын (*жақсы білсеңіз де*) бірде-бір жазбаңызда, артық сөзге барып келенсіз сөзді кірістірмедіңіз. Жазбадыңыз. Жазғанды қойып кейде өтініп сұрасақ та айтқан емессіз. Жаздырмаған заман емес, бала жастан қалыптасқан адами кісілік тәрбиеніз. Орыстар болса,

жеке бастың ісін әсте ұмытпайды. Жазды да. Қалай айтсақта оларда ежелден қалыптасқан аталы мәдениет бар. Біз басқамыз. Айтсақ та, не айта алмаймыз, не жаза алмаймыз, ол аздай тындай да алмаймыз. Өтірік жалған ежелгі аурудан әлі де арылмай келеміз. Соны сорақы өсектің өз соры. Бұл тақырыпта Абай айтқан «топас надандықтың тірі тіршілігінен» әлі де асқан емеспіз.

Бұның бір себебі бүгінгі ұрпақтың, әсіресе өнер адамдарының арсыз ақшаға салынған мына замандағы көргенсіз қылықтары мен ессіз надандығы. Жатқан-тұрған. Ішкен-жеген. Өз артын өздері ашқан көргенсіз ұрпақтың ел ал-

нағыз білікті, ойлы профессор Бағыбек жоқ. Сіз – бөлексіз. Уақыты келгенде есесін жібермес уақыттың есебі олардың да жақсы-жаман атын түгендеп жазар. Мүдде. Талап. Уақыт.

Өнердегі ең басты ұстанымды еңбегіңіз сынға деген сыншылдықтан гөрі өнер тарихына деген құрметте басым өтті. Әр талдауыңызда өткен өнердің өрісін бүгінгі күн тұрғысынан қарап, салыстырмалы түрде талдап жазуыңыз ғылым үшін таптырмас олжа. Тарих – қашан да анықтаушы күш. Өткеннен сабақ алмаған өнерсіздердің өрісі қашан да тар. Бұл жолда саясаттың сөзін сөйлеп, арнайы тапсырыспен сын жазып, шапан

ровка еш уақытта таза драма болған емес. Ол уақыт талабына орай ғана айтылар өтпелі көрініс екенін әлі ұғар емеспіз. Инсценировка – әдісі өткен социализмнің театр арқылы қолданар ең ұтымды идеологиясының басты құралы. Солай болды, содан солай тәрбиелендік те. Осы ойды өз аузыңыздан талай естісек те, әлі де қоймаймыз. Бұл да – арам ақшаның бүгінде таптырмас өзәзіл жолы. Драматургияға керегі қашан да көркемдік сұлу кеңістіктің өз жетістігі. Таза пьеса. Сахна талабы да осы ұғымнан еш өзгерген емес.

Ал актерлердің бүгінгі дарынсыздығына келсек, өз табиғи үндерінен ажыраған дәрменсіздердей. Басына

заманның өзінде желке тұстан сыбырлап, әр сөзінді теріс жеткізетін ағалығы жоқ үлкендердің өзі қаншама. Көрдік. Түйдік. Білдік. Қалай созбалақтаса да қойлымға жат деген небір жақсы қойылымдар көрермен тұрғысынан бәрібір қабылданған. Бүгін де солай. Солардың көбіне жақсы пікір білдірген де – өзіңіз. Өнерге жәдігер, сынға мәмілегер, білімді-білікті қабілетіңіз ғылымға өнеге, жастарға тәрбие болды. Біліміңіз – тазалығыңыз – қашан да өзгермейтін өнеге.

Өз өміріңізде ең бір ерекше есте қалғаны – Болгарияда өткен театр фестивалі. «София – 82. Ұлттар» театры. Бұл фестивальдің ерекшелігі – талай ғасырға бергісіз жылдардан соң жаңа кейіпте оянған ерекше қойылымдар мен ірі танымал режиссерлер шешімі. Талантты актерлердің таланты мен ерекше өнер сұлулығы. Сахна суретшілерінің жаңашылдығы. Ғасырлап келе жатқан театр өнерінің бұрыннан қалыптасқан жасандылығына қарсы туған сахна эволюциясы. 32 елден келген 45 театр. Күніне 7-10 қойылым. Билет жоқ, орын жоқ. Әлемдік театр өнерінің нағыз алтын ғасыры болған ұлы өнердің ұмытылмас әсерлі тойының ұлы жеңісі. Кеңес үкіметінен арнайы барған қазақ театр өнерінің зерттеушісі ретінде тапқан бас пайданыздың бір жетістігі де осы – 1982 жылғы фестиваль. Сондағы көріп-білгеніңізді тандай қақтыра талай рет жыр қылып айттыңыз. Өзіміз көрмесек те, сіздің сол айтқаныңыздан ой оянып, сапқа тұрдық. Өстік. Өндік. Бұл – сіз берген тәрбие білімнің бір шарапаты. Бар қазақ театрына ортақ мектеп, жаңа дәстүр.

Қойылым (*спекталь*) ғұмыры – қашан да уақыттың құлы. Сол уақыттың өзі сахна өнеріне келгенде, қаталдығы күшеймесе, азаймайды. Бүгін бар, ертең жоқсын. Әсіресе театр өнері. Атап айтқанда, көркемдік мазмұнға сай әр рөлдің өз мінезі мен ұлттық ерекшелігі. Мінез. Образ. Өнер. Бүгінде образды қойып, образға деген ұғым жоқ. Образ жойылса, ұлттық өнер де жоқ. Бұл – басты қағида. Театрға иелік етер ой-сана (*оқыған тоқығаны мол*) режиссер жоқ жерде өнерден не қайран. Театрдың көркемдік деңгейі – режиссер. Өнер ұстанымы – тіл, мәдениет, әдебиет, салт-ғұрып, өз тарихың. Үндемей өлтіретін өмірдің өнері де осы пайымда өседі. Бүгінде өрелі өнерге әділ баға берер Бағыбек жоқ деп, іштен тынасың және жауаптысың.

Надан жұрттың өнер атаулыны жын-ойнақ көрген мына есер заманында сахна өнерін ғылыммен ұштастырып, әлем мәдениетіне қазақ деген ұлы елдің ұлттық өнерін өшпес биікке көтердіңіз, өсірдіңіз. Ол өнер (*сахна өнері*) – қазақтың өз өнері мен өз әдебиетінен туған өз шежіресі. Өз таланттары. Мұндайда ғылымға бет бұрған ғалымның екіжүзді, жағымпаз, жалтақ болғаны да жаман. Сіз өз мінезіңізбен өсіп, жеттіңіз. Солай боп қалдыңыз. Мықтылығыңыз сондай, соңғы күніңізге дейін машинаңыздың рулінен түспей, жайдары, жақсы көңілдің көгінде жасымай, жадырап өткеніңіз. Өнер жолында Бағыбек атыңыз тос пен балғанын арасында шындалған сынның сокқысында шындалып, құндағында оралған сыншы Құндақбаев атыңыздың өткен өміріңізге (*театрға*) ұят келтірген жері жоқ. Ол ойдың отаны ілім-білімге шырақшы болған Шәкәрім айтқан «кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбектің» ар-намыс, абырой, ұятында өткеніңіз. Жиған ілім, білген біліміңіз де ғылымға шырақшы, театрға тарихшы болды. Солай қалдыңыз. Кең дүниеге қашан да тар көңілдей болған сахна өнері сізден тарихқа аманат. Ылайым солай болғай. Рухыңыз – ғылымда, атыңыз – тарихта...

ҒЫЛЫМҒА – ШЫРАҚШЫ



дындағы жексұрын қылығы. Солардың көбі – өнер жолына жолдан қосылған жалған «шоумен» жолдыаяктар. Ақыл айтар үлкені мен білімді тәрбиесі жоқ ел осылай күйрейді. Абай айтқан «арсыз заман», қайта оянған кер заман. Қара надандық. Босқа өтіп жатқан қайран уақыттың кесел кесірі.

Осыған орай айтар ойымыз, бірде-бір рет (*тәуелсіз ел болғанда*) төрде отырып төрелік айтып шапан киген жеріңіз және жоқ. Одан былайғы жерде бір астаудан жем жеп, бір табақтан теңге бөлісіп, иесіз өнерге иелік еткен есерлердің шашқан дәніне және таласпадыңыз. Бұл дерт – тәуелсіздікпен туған «кума» аурудың өз дерті. Мұндайда жасанды сандуғаштардың андығаны бір теректің қолайлы конар басқа бұтағы екенін білгендіктен, «бағалы Бағыбек» басыңызды кішірейтпей, қашан да аулақ жүрдіңіз. Өнер тарапынан атыңыз озып тұрса да, Мемлекеттік сыйлықтың бәйгесіне тым құрығанда жаяу атыңыз да жүйріктің бірі боп қосылмады. Бәйге атаулының шынайы сый-сыяпат дегендері сізге емес, бөтенге кетті. Қалай айтсақ та академик деген (*театр саласында*) құрметті атақты алмасаңыз да, сол атаудың құрметті төрінде Бағыбек Құндақбаев атыңыз бәрібір қалды. Бұл сөз – мына дүниенің сорақы көрінісінде екінші бірі академик, профессор атанған арсыз заман болғаннан айтылған сөз. Енді бір қарасак, бүгінде өнерге әділ баға берер

кііп, сыбаға дәметкен кезіңізді көрмедік. Қашан да еңбектің мінін емес, жеткен жетістігін жіліктеп, тек ғылымға керектіні екшеп жаздыңыз. Сынның жөні осы екен деп, әр нәрсені сөз қылып, кім көрінгенді мұқатып-қағытқан жеріңіз және жоқ. Көпшілік болып жиналған театр фестивалінде пәлсәпә соғып, әркімнен сілтеме (*ұлтта*) келтіріп елдің мыйын ашытып білімдарланбадыңыз. Не жазып, айтсаңыз да ғылымға негізделген нақты дәлелмен теориялық тұрғыдан талдап, өнер тазалығын сақтаумен өттіңіз. Әр айтқан ой сөзіңізде арзан баға емес, байыпты айтқан пікіріңіз өз құнын еш жоғалтқан емес. Біздің бір үлкен кемшілігіміз де осы баға қойғыш білімсіздігімізде. Ойлы жанға қашан да пікір қымбат. Пікірі тазаның ойы орнықты, жолы бөлек. Шын сынның сыры да осы тазалықта. Ар. Ұят. Намыз. Тәрбие.

Өзіңізден қалған өзекті ойлардың ең бастысы – ұлттық драматургия жауапкершілігі. Соған орай осы күнге шейін орыс-өзбек, қырғыз-татардан қалған арзан дүниелерді төрге сүйреп, ұлттық ұғымда әлі де сол кіріптар күй кешумен келуіміз. Ұлтқа деген қастандық тек театрда. Одан қалса ақшаға құныққан арсыздардың талғамсыз сөз келеңсіз оқиғадан келсін-келмесін пьесасымақ арзан дүние жазуы күнделікті әдетке айналды. Әр нәрседен инсценировка жазып сахна тазалығын бұлдіруге келгенде, таланттысыз тіптен аспандауда. Инсцени-

байланған микрофон, одан қалса ұялы телефон арқылы сөз жаттап, жүре тындау. Табиғатынан ажыраған өлі өнердің соңғы сарқытындай. Фонограммаға қарсы жазылған заң бұларға жүрмейді. Неге? Әлде, көрерменді ақымақ санаудың саудасы ма? Образ деген ұғымды бұларға өлсең де айтып түсіндіре алмайсың. Кешегі таланттардың небір табысы образ кейпінде тарихқа еніп, өнерге үлгі болды. Білімсіздіктері сондай рөл ойнаса болды, соны образ дегендеріне не дерсін. Білгенге образ ұғымы – қайталанбас асыл бейне. Сұлулық. Тазалық. Театр. Өнер мәртебесі осылай.

Өзіңіздің өмір бойғы басты қағидаңыз режиссер білімі, өмір тәжірибесі, содан туындайтын қойылым, соңғы шешім. Соған орай театр билігі режиссер билігіне көшпей өнер өспейтінін өмір бойы айтумен өттіңіз. Сол айтқаныңыз да келді. Әр театрда ерінбеген екінші бірі режиссерсымақ одан қалса, театрға көркемдік жетекші бола салу одан да оңай. Көп режиссердің ісін көріп, сөзін тындасан, айтарлары «ел түсінбесе түсінбесін, өзіме түсінікті» дегендері – нағыз дүмбілез шоумендер сойқаны. Сахнаға шығудың жолы есіктен гөрі төр жақтан оңай. Заманына қарай жаршысы. Көздері – инстаграмм, сөздері – фейсбук, істері – тик-ток. Нағыз шолақ ой, таяз ұғым, сылдыр сөздің сабаздары. Бұл да сіздің сөз ұқпас тәжірибесіздерге айтқан ұғынықты өз ұғымыңыз. Сол сіз айтқан ойлы сөздердің айғағы – бүгінгі ойсыз көрініс, мазмұнсыз қойылымдар. Режиссер – білімсіз, театр – иесіз.

Бүгінде театрға баратын зиялы қауым жоқтың қасы. Барса да көрері мен айтары жоқ. Талғам таяз. Жазғыштардың айтары – «жастардың талғамы, жастардың сұранысы. Театр ізденісте. Театр өсу үстінде. Әр театрдың өз дәстүрі бар» деуді қалай түсінуге болады? Мына заманның жастарына салсаң, көп шуылдақ надан тобырдың айтары мен ісі өздеріне. Жастарға қай уақытта да керегі – үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие. Әсіресе отарлық бұғаудан енді құтылған қазақ үшін. Театрдың өз ортасына, әсіресе ұлтқа тигізер ықпалын мүлде ұмыттық. Театр жұмысы қашан да ізденістен тұрады. Дәстүрге келсек, театр дәстүрі қашан да ортақ. Ол – өнер. Бұл – бұзылмайтын ежелден келе жатқан ұлттық, әсіресе мемлекеттік ұстаным. Бұл да – сіз айтқан ағалық сөзден қалған әсерлі ұғымдардың жалғасы.

Өз заманыңыздың өз ортасында өз орныңыз тым бөлек еді. Өзіміз шет жағасын көріп-білген «Қобыланды», «Бөлтірік – бөрік астында», «Жат елде», «Шығыстағы бір бейбақ», т.с.с. қойылымдағы жеке пікіріңіз – осы ұстанымдардың нақты дәлелі. Кейбір білгірлердің білсе де білмегенсіген білімсіз теріс пікірі өзіне. Сол



Галым ҚАЛИБЕКҰЛЫ

Қарға бойлы Ай-апа есіктен айқайлай кірді:

— Атаңның гөрі, бұл не жатыс түске дейін!? Қырылып қалғаннан саусыңдар ма, түге! Әй, Жыпар, Гүлсары, сиырларынды сауып, шай қойындар, елдің малы өрістен қайтатын уақ болды. Жаман қатындардың Ер Манасты өздері тапқандай боп шалжиып жатқандарын!

Арчалылықтар ауыздарынан тастамайтын «Ер Манасты өзі тапқандай боп жатысын» деген мақалды шығарған кісі мына тұрған жұдырықтай сары кемпір — Айкүміс, бұл өлкеге аты мәшһүр «Ай-апа».

Кейуана қолындағы асатаяғын қарағай еденге үшінші рет «так» еткізгенде, қоржын тамның екі жағынан үлкенді-кішілі екі келін атып шығып, ежелеріне сәлем салды. Олардың соңынан көздерін уқалап, аңырая есінеп ағалы-інілі екі жігіт есік ашты. Әжелерінің жүзіне жасқана қарап, жанарларымен жер сызып отырып далаға беттеді.

Жыпар мен Гүлсары сиыр сауып жатқанда, Құтман от жағып, Садыр тұмадан су әкелуге кетті. Кемпір есік алдындағы сәкінің шетіне келіп, қаққан қазықтай боп қаздып отырды. Күн әлі ұясынан шықпаған мезгіл. Аядай ғана Арчалы айылы шырты ұйқыда.

Тағы да сол ескі әуеніне салып, өзінен басқа жан естіместей баяу әнге басты Ай-апа:

*Ауылым Ақсеңгірдің етегінде-ай,
дүние-ай,
Өмірім өксік болып өтемін бе-ай,
дүние-ай.
Елімнен айырмасын деп жүргенде,
дүние-ай,
Тағдырдың кетіп барам жетегінде-ай,
дүние-ай!...*

*Беу, ағайын аман болсын,
Жау алмас қамал болсын, ахау, арман.
Беу, ботаңдай боздап барам,
Көрісер заман болсын, ахау, арман!*

Бала күнінен құлақта жатталып қалған сол ән. Ақсегірі кайда, ит білсін! Ашаршылық жылы әке-шешесі Алатау асып, Айкүміс нағашысының қолында қалып қойыпты. Уақыт оза бойжетіп, ауылы аралас, қойы қоралас қырғыздың Аалы дейтін жігітіне ұзатылып барыпты. Айдарына жел тимеген бір үйдің жалғыз ұлы Аалы қолынан қомызы түспейтін жезтандай әнші, жеті өнерді бойына дарытқан сал-серінің өзі деседі. Алатаудың күнге мен теріскейін тең мекендеп, айылынан көктем шыға, қыста оралатын кезбе болыпты. Айкүміске дейін де төсек жанғыртыпты мырза. Тірі жетім атанған қыз ақиқаты мен аңызы жеткілікті әңгімелердің бірін де құлағына ілмей, барған жеріне балдай батып, судай сініп кетіпті. Бір ұлды дүниеге әкелген жылы Аалының өкпесіне суық тиіп, даңқы алысқа кеткен әулие-тәуіптердің де ем-домы қонбай, небәрі отызында бақилық болыпты. Жалғызын жеткізіп, аяқтандырып, одан Құтман мен Садыр дейтін екі немере сүйді Айкүміс. Құдай берейін десе, балақтан саулата салады екен-ау, бұл күндері шөберелерінің санынан жаңыла бастаған. Аса мейірімді

Жаратқан ием Аалы мен оның жарық дүниеден ерте кеткен тумаларының жасамаған жасын қосып бере салды ма, кім білсін, Айкүміс апа биыл жүз беске келді. Ертеде құрдасы Дүйшен: «Арчалыға ақырзаман келіп, бір кісі тірі қалса, сен қаларсың, Айкүміс! Осы жасқа келгенімше сенің ауырмақ түгілі, қатты жөтелгенінді естіп көрмеппін», — депті. Сол кезде Дүйшен сексенде екен. «Манас атаңнан ұлымысың, әдірам қалғыр, асықсаң, жолың болсын!» — депті Айкүміс. Араға апта салып Дүйшен о дүниеге қапар шегіпті...

Тау бөктеріндегі шағын Қырғыз айылындағы Аалының әулеттерінің таңертегі тірлігі осылай басталатын. Бір айылды билеп-төстеп, әмірін жүргізіп отырған сары кемпірдің бетіне тік қарауға дәті жетпей, Ай-апаны ықтай жалдап, құрдай жорғалап жүреді арчалылықтар.

Ай-апа қою күрең шайды сораптай ішіп отыр. Оң жағында — Құтман мен Жыпар, сол жағында — Садыр мен Гүлсары. Күндегі дағды.

— Отын, шөптерінді ертерек қамдап алыңдар!

Бұл — бұйрық.

— Отын да, шөп те іргеде жатыр ғой, — деді Құтман.

— Онда, Аалы атаң құсап ел кезіп, сауық құрып жүре бер. Отының үйге, шөбің қораға өзі келеді.

Жыпар мырс етті. Құтман: «Саспаңыз, апа», — деп міңгірледі.

— Осы қазақтан құтылатын күн бар ма деп Арчалының қырғыздары шаршап бітті. Соларға ерескенде әлі бір-екі ғасыр жасасам ба деп жүрмін...

— Ойбай, апа, сізді өлтіре алмай жүрген кім?! Кеңірдегін суырып, желкесін қиып берейін! — деді Садыр.

— Әй, қара тентегім-ай, өзім-ақ жандарын жаһаннамға жіберіп жатқан жоқпын ба! Осында тоқсанға, жүзге келген біреуі болса, айт, кәне! Жалмауыз кемпірді көрсетейін көздеріне...

Алыста, беткейден құдилап келе жатқан біреудің сұлбасы көрінді.

— Мына салпы аяқ сорлы Бишеналы ғой, — деді Ай-апа.

Төртеуі бірдей тесіле қарап, иықтарын қикаң еткізді. «Танымадық» дегендері.

Ай-апа айтқандай «салпы аяғы» Бишеналы болып шыққанда, төртеудің көздері атыздай болды. Ойпырым-ай, мына кемпірдің көзі дүрбі ме, телескоп па, не бәле?! Таңданыстарын жасыра алмай, апаларының бетіне тесіліп қалыпты екі немере, екі келін.

Бишеналы амандық-саулық сұрап, Ай-апаның қасына малдас құрып жайланып отырып, шайға бас қойды. Қырықтағы қырқылжын әлі сүрбөйдәк, барып тұрған көк мылжын, шапанының жеңін дұрыстап кие алмайтын ез.

— Таң атпай орныңнан су шықты ма, жоқ әлде, қос тонаттын ба, дәу де болса мына жүрісің тегін емес. Шай ішуге келмеген болсаң, тез айт шаруанды!

— Мейрамбек ағамды білесіз ғой, Ай-апа?

— Ойбай-ау, оны қырдағы қырғыздың бәрі біледі ғой.

— Соның екі сиыры мен оншақты қой-ешкісі барын білесіз бе?

— Оны да көрші-көлемдері жобалап біледі де.

— Екі сиырдың біреуі қызыл сиыр екенін білесіз бе?

— Әй, оның қызыл екенін мен қайдан білейін!

— Соны айтам, сіз қайдан білесіз...

— Не бопты қызыл сиырға?

— Қасқыр жарып кетіпті!

— Түйт, атаңның гөрі! Мыжып

отырғаның осы ма! Әй, сорлы! Мейрамбек сенің туған ағаң емес пе?! Сауынды сиырынан айырылып отырса, сенің жүрісің мынау, қыз берген сарсүйек құдамдай шікірейіп, бар, ағаң үйіне!

— Барғанда не істеймін, өлетін сиыр өлді де...

— Мынаның дені сау ма-ей! Сонда сен бізден сүйінші сұрап кеп отырсың ба?!

Ай-апа күйіп-пісіп отырса, ана төртеуі Бишеналыға қарап жымың-жымың етеді.

Ай-апа шыдамай орнынан атып тұрды да, таяғын таянып, Мейрамбектің үйін бетке алды.

Ай-апа ұзай бере Бишеналы күнк етті:

— Өзі қызық адам, жүгіріп барып Мейрамбектің екінші сиырына көңіл айтпақшы ма...

Арчалы деген жер Қырғыздың

САРМЕРДЕН

(Этнографиялық әңгіме)

картасында бар-жоғын мына жұрт білмейді де. Атамзаманнан бері жасап жатқан бір рулы ел малмен күнелтіп, не көбейіп, не азайған емес. Өздерін ауыл санағанымен, бұлармен есептесіп жатқан үкімет жоқ. Әйтсе де ешқашан қағазға түспеген ақсақалдардың ата заңы бар, ешкім сайламаған «Ай-апа» дейтін Президенттері бар.

— Сиырың арам қатқан жоқ па, дер шағында бауыздап алдыңдар ма? — деді Ай-апа есіктен кірген бетте Мейрамбекке сауал тастап.

— Кеше өрістен қайтпаған соң іздеп барсам, соның алдында ғана шаптан жарып кеткен екен, тұяқ серпіп жатқан жерінде бауыздап үлгердім...

— Бұған да шүкір ет, балаларына азық болатын бопты.

— Кеште өзіңіз бастап, түгел қонақ боп қайтыңыздар. Ағайынның басын қоса алмай жүр едім, бұл да бір себеп болсын. Жарықтық семіз шықты, жас мал ғой...

Мал-сұлдарын жайғастырған ел тайлы-таяғы қалмай Мейрамбектің үйінде бас қосты. Жерге ұзыннан-ұзақ екі қатар жайылған дастарқан көз сүрінтеді. Құрт-май, шелпек-бауырсақ, жент-қаймақ, мейіз-кәмпит... дейсіз бе, құстың сүтінен басқаның бәрі бар көрінеді. Төрдің қақ басында отырған Ай-апаның батасынан кейін аяқтары аяқтарына тимей құрақ ұшқан күтуші қыз-келіншектер жағалата шай құйып, аппақ кеселерді қолдан-қолға сырғытып жатты.

— Қалаға барып келдің ғой, Жапар балам, мына дүниеде не боп жатқанын айта отыр, — деді Ай-апа айыр қалпағын мильқтата киіп, шоқша сақалын сылап отырған дөңгелек жүзді, орта жастардағы қараторы кісіге тігіле қарап.

— Қалаңыз қайнап жатыр, — деді Жапар, — Құдай-ау, адамынан мәшинесі көп пе деп қалдым, түтінінен екі өкпем қысылып, өліп қала жаздадым. Базардағы құжынаған халықтың арасынан жол тауып өту де бір тозақ, қаланың бір басынан екінші басына дейін жетем дегенше жарты күнің кетеді, жегендері — шөп, ішкендері — сасыған су... бүйткен өмірлері құрысын! Қайран, Арчалым-ай, жұмақ екен ғой, барлықтарына айтарым, баланың баласын қалаға жібере көрме! — Айтпақшы, — деді Жапар есіне

бірдеме түсіп, — біздің айылдың мәдениетін екі жылда бір өтірік тексеріп кететін Жуашбек бар ғой, сол кездесіп қалып: «Мемлекеттік телеарна биылғы Сармерденді¹ жайлауда, таудың етегінде түсіреді. Соған сіздердің Арчалы айылы лайық деп шештім. Оның үстіне көрші қазақ елін де қатыстырамыз, дайында-ла беріңдер», — дейді. Менің ұққаным біз де киноға түсетін көрінеміз, «Сіз қалай ойлайсыз?» деп қояды Жуашбек қу мен бейбақты Ай-апамдай көріп, қолымда билігі бар кісі құсап мен де «Барғасын ақылдасамыз», — деймін кісімсіп. Жақында кеп қалар.

«Қазақтарды да қатыстырамыз» дегенді естігенде, Ай-апаның тұла бойын жай отысып өткендей болды. Шынымен, төркін жұртынан келетіндерді көретін

күн туа ма! Он бес жасында ұзатылып келіп еді, тоқсан жылдың ішінде бір тірі қазақ кездестірмеген, заты демесең, еті түгіл сүйегіне дейін қырғызға айналып кеткен Айкүміс өң мен түстің арасында есенгіреп отыр. Көз алдынан ауылы, жер-суы, ел-жұрты көшіп өткендей болды, қарғадай ғана тұлғасын сағыныш сезімі билеп, кеңсірігіне ашы өксік тығылып көз жасын көл қылуға шақ қалып, өзін әзер ұстап алды. Бір тәуірі онысын ешкім елемеген секілді, гу-гу әңгіме жан-жақтан өрбіп жатты.

— Жердегі жұлдыздарды көреміз деші...

— Аалының аруағы бір аунап түсетін болды-ау...

— Бізде ток жоқ қой, микрофон деген бөлесін қайда жалғайды?

— Сиырдың артына тықпаса...

— Үсеннің қара бұқасының үлкендігіндей бір темір сандықтары бар, оны қосса, мына беткейді жап-жарық қып жібереді.

— Жоқ нәрсеге бастарыңды қатырмандар...

Ет желініп, ас қайырылып жұрт үйді-үйіне тарасты.

Ай-апа елегізіп түнімен ұйықтай алмады. Шым-шытырық түс көрді. Түсінде ел көшіп келе жатыр екен дейді, құзар шынның бауырындағы жалғыз аяқ көш жолында түйенің алдыңғы өркешінен мықтап ұстап алыпты, төменге кетеді, артына қайырылып қарауға жүрегі дауаламайды. Шешесі аттын үстінде, әкесі жаяу келе жатқан сияқты. Бір заманда атан түйенің табаны тайып, құздан құлап бара жатады. Өлдім, бітті деп көзін жұма бергенде, қарымды бір қол мұны қағып алады. Қараса, әкесі, енді бір қараса, шешесі...

Жүрегі атқақтап, көпке дейін көзі ілінбей жатып ұйқыға енді бас қойғанда қорқынышты түсі қайталаанады. Тағы да сол қия беттегі көш, өркешке жабысқан өзі, жалама-жартастан ұшып бара жатқан сары атан...

Жапар айтқандай, орталықтан артынып-тартынып бір қора кісі келіп, Сармерденнің дайындығына кірісіп кетті. Сахна құрылды, Түрікпеннің гүлді кілеміндей әсем безендірілді.

¹ Қырғыздың қыз-жігіт айтысы

Электр жарығы тас қараңғы түнді түріп тастап, Арчалының аспанын күндізге айналдырды. Қарағай-самырсын, кайың-терек, ұшқат-арша, бұта-бүрген, мүк-қына жамылған бел-белес, шын-құзарларды бағзы заманнан мекен етіп келе жатқан аңдар мен құстар ит тұмсығы өтпейтін жыныстың ішінен кірерге тесік таппай, жан-жаққа тым-тырақай қашып жатты.

Арчалыға қонсы айылдарда сармерденнің болатынын естігендер тайлы-тұяғы қалмай шұбырып жетті. Беткейде ине шаншар орын қалмады. Баяғы заманда Арчалыда Жүсіп деген мыңғырған малы бар бай болыпты. Оның алтын-күмістен жиған қазынасы қырық атанға жүк болыпты. Құдай соншалықты мол дүниені қиғанымен, Жүсіп байды



бір перзентке зар қылыпты. Тоқалдан тоқал алып жүріп қартайған шағында шебер Алланың пейілі түсіп байға бір ұл сыйлапты. Жүсіп Жаратқанның мейіріне шексіз риза болып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, бүкіл байлығын оңды-солды шашыпты. Іркіт-қымыз өзен болып ағып, қазы-қарта, жал-жая үйеме табактарды жігіт-желендер қаз-қатар тігілген боз үйлерге атпен тартыпты. Жердің түбінен жеткен жарлы-жақыбайлар, қызық қуып, той тойлағандар жалпақ далаға сыймапты деседі... Сол Жүсіптің тойынан кейін Арчалыға қарақұрым елдің жиналғаны осы жолы болса керек.

Сахнаның дәл орта тұсында, алдыңғы қатарда Ай-апа. Басында ақ кимешек, үстінде алтын зерлі қоңыр камзол, аяғында оюланған мәсі, оның сыртында мөкі, қолында нағашы апасының көзіндей көріп келе жатқан күміс білезік. Ай-апа бүгін өте ширақ, бір уыс бетінің ұшына қан жүгіріп, шырайы нұрланып, жас баладай мәре-сәре күй кешуде. Жоктан өзгеге қарық болып, езуі жиылмай, әлемдегі ең бақытты жан болып отыр.

Бір анадан туғандай жүргізуші сұлу қыз, көркем жігіт кеш шымылдығын ашты. Әуелі ақсақалдың бірін бас төреші, екеуін жай төреші етіп сайлаған соң, өнер сайысы басталды да кетті.

Қырғыздан Асқар деген күйші жігіт ортаға шығып, халық күйі «Екі жорғаны», қазақтан Арман деген күйші «Жорға аю» күйін шертті. Онан соң Асқар «Қызыл шоқты», Арман «Ерке сылқымды» нақышына келтіріп орындады. Екеуінің де жүрдек саусақтары көз ілестірмей, тындармандардың құлақ құрышын қандырып, делебелерін қоздырды. Домбыра мен қомыздың күй тартысы ұзаққа созылар еді, бас төреші төбелескен

адамдардың арасына арашаға түскендей өзгеріс болды.

Кезек әнге келгенде, қазақ әншісі Тілеуберді домбырасының құлағын бұрап, тамағын кенеп, қоңырлата бір мұңлы әуенге салды:

*Ауылым Ақсеңгірдің етегінде-ай,
дүние-ай,
Өмірім өксік болып өтемін бе-ай,
дүние-ай.
Елімнен айырмасын деп жүргенде,
дүние-ай,
Тағдырдың кетіп барам жетегінде-ай,
дүние-ай!..*

*Беу, ағайын аман болсын,
Жау алмас қамал болсын, ахау, арман.
Беу, ботаңдай боздап барам,
Көрісер заман болсын, ахау, арман!..
Ай-апаның өмір бойы тек іштей*

айтып келе жатқан әні еді бұл. Әнге қосылып, жас сәбидей еніреп отыр. Өзінің кіндік қаны тамған, балалығы қалған Ақсеңгірі ғой мынау, содан ауған елдің қасіреті емес пе мына ән! Екі көзінен аққан жасты тоқтата алатын емес, ой, Алла-ай, адамның көз жасы деген де сарқылмайтын ыстық қайнар екен-ау, жүрегінің терең түкпірінен сағыныш деген бір жегі құрт бас көтерді, көкіректі қарс айырып, мұң мен зардың запыраны ақтарылып түсті...

*Ауылым Ақсеңгірдің қойнауында-ай,
дүние-ай,
Сайран сап жүруші едім
жайлауында-ай, дүние-ай.
Мөлтілдеп қара көзден ыстық жасым,
дүние-ай,
Тағдырдың кетіп барам айдауында-ай,
дүние-ай!..*

*Беу, ағайын аман болсын,
Жау алмас қамал болсын, ахау, арман.
Беу, ботаңдай боздап барам,
Көрісер заман болсын, ахау, арман!*

Иә, мамыражай, бай-бақытты, қойын құрттап, айранын ұрттап жатқан ел еді. Қызыл үкімет қораларындағы тышқак лақтарына дейін түгін қалдырмай тартып алып, қолдарына мал қайыратын құрық-шалмалары мен жүген-ноқталарын ұстатып кеткенде халық аш-жалаңаш қалды да, тау асып, шекара бұзып, бордай тозып, шілдің тезегіндей жер бетіне шашырап кетті. Сол қасіретті сурет көз алдына келді Ай-апаның.

*Ауылым Ақсеңгірдің асуында-ай,
дүние-ай,
Асуда бұғы-марал қасынуда-ай,
дүние-ай.
Туған жер, бір көретін күн туар ма,
дүние-ай,
Бұл жалған шолақ екен асылында-ай,
дүние-ай!*

*Беу, ағайын аман болсын,
Жау алмас қамал болсын, ахау, арман.
Беу, ботаңдай боздап барам,
Көрісер заман болсын, ахау, арман!*

Құдай-ау, жүз бес жас деген де қас қатқанша өте шығады екен-ау! Көргенін, көкірегіне түйгенін ойласа, өзін жұмыр жер жаралғаннан бері жасап келе жатқандай сезінетін, расында өмірінің қамшының сабындай қысқа, есіктен аттап төрге озғандай, таң атып, кеш батқандай-ақ жалт еткен сәт болғанына сене алар емес. Ей, дүние-ай! Адамның арманы бітпейді дейтіні қайда, Ай-апа да көксейтін де, үміттенетін де ештеме қалмапты, шөлейттегі құраған жалғыз ағаштай, ғазиз жанын дәл бүгін алса да Алла Тағаласына дән риза еді!

Кезек қырғыз әншісі Саламатқа келгенде, ол «Жылқычының ырын» шырқай жөнелді:

*Асыл тукум мингеним,
Салкын төр жайлоо жүргөнүм.
Эриктим жылкы четінде,
Кайдасың, келчи сүйгөнүм.*

*Жылкы оттойт чөптүн түрлөрүн,
Мен жыттайм жыпар гүлдөрүн.
Санадан такыр чыкпайсың,
Сагындым келчи сүйгөнүм.*

*...Кубанам жылкы бакканда,
Кыялым учуп асманга.
Жаныма кенсең болбойбу,
Жылкылар жуушап жатканда...*

Осы әнді Аалы марқұм күні-түні аузынан тастамайтын. «Шіркін, қырғыздың әні сағыныш пен мұң ғой» дейтін жарықтық. «Арчалылықтар ғана еркін, азат қырғыздар. Осындай бостандық жер бетіндегі қырғыздарға қашан бұйырар екен» деп көзіне жас алатын. Ойлап отырса, бодан ел арман-мұратын, үмітін тек әнге тиек етеді екен-ау. Жас жұбайлар талай тойдан, талай кештен «Жылқычының ырын» айтып қайтушы еді, ол күндер де сап-сары сағынышқа айналғалы қашан!

Қырғыз бен қазақтың қанын қыздыратын бір өнер — айтыс екен. Қазақ қызы Сағыныш пен қырғыз жігіті Иманалының айтысына кезек тигенде, жұрт іштен тынды да қалды.

Сағыныш:
*Табынарым Ер Манас, кием менің,
Жатқа бермес қырғыздың
сүйем жерін.*

*Сәлемін ал алдымен нағашыңның,
Ай-апамнан тараған жиендерім.*

*Армысың, ағатайым — Иманалы,
Айтыстырып шалменен қинағаны.
Жиендер жиендігін жасаса да,
Жетеді нағашысын сыйлағаны.*

«Ой, бәрекелді!», «Иманалы, тез жауап бер!» деп жан-жақтан қиулаған ел өздерімен-өздері айтысып отырғандай бір орында байыз таппай тыпыршып кетті.

Иманалы:
*Амансың ба, нағашым — Сағынышым?
Көзімнің қарасы ма ең, ағымысың?!
Бегімайдай жарқ етіп қайдан келдің,
Өртеніп-күйіп барам, жанып ішім.*

*Ай мен күн секілдісің төбемдегі,
Қозыдай жаутаң қағам көгендегі.
Райымалы атамның күйін кешіп,
Ағаңның денсаулығы төмендеді.*

Сағыныш:
*Дариға-ай, бұл дүние жалған екен,
Жас қыздар ағаларға арман екен.
Аалы атаң құсап үйге қонбай,
Онсыз да қу сүйегің қалған екен.*

Бәрібір жолын жалға қай атаның,

*Әжемді көргеніме тай атадым.
Аалы-Айкүмістің махаббатын,
Жасын берсін бәріңе Ай-апаның.*

Жұрт Ай-апаға қарайды. Ай-апа мәз. «Қарғаларым-ау, әумин, менің жасымды берсін! Бақытты болындар, боталарым!» — деп ақ тілегін ақтарып салды. Халық: «Әумин!» — десіп алақан жайып, бет сипасады.

Иманалы:
*Бір мін жоқ тал бойында, қарағым-ау,
Қайтейін, құса болып барамын-ау.
Сағыныштан көз жазып
қалғаннан соң,
Аалының әніне саламын-ау.*

*Қарағым, әзілімді түсінерсің,
Түсінбесең, бағамды түсірерсің.
Менің де кемпірім бар, немерем бар,
Ғашықтық — атамыздың ісі дерсің.*

Сағыныш:
*Иманалы ағам да бұзық екен,
Айтқаны түзік емес, үзік екен.
Ай-апа, сіздің туған ұлдарыңыз
Сөзінде тұрмайтыны қызық екен...*

Бұл жолы да төреші екі ақынды зорға тоқтатты. Әйтпесе таңды-таңға ұрып сөз қағыстыра беретін түрлері бар.

Одан кейін жастар жұмбақжасырысты, жаңылтпаш айтысты, би жарыс өткізді... бұрын-сонды болмаған қызықтың көкесі болды. Сауық кеш мәресіне жеткенде төрешілер «Екі елдің сайысы тең болды» деген шешім шығарды. Жұрт үйді-үйіне тарап бара жатып: «ойпырай, әлгі қыз недеген айтқыш!», «ана әншіні айтсаңшы!», «күйді де шебер шертеді екен!» деген алқау сөздерін толастатпады.

Сармерденнен қайтқандардың не деп бара жатқанымен Ай-апаның ісі болмады. Екі езуі — екі құлақта. Көзіне жас алып, онысын жеті қараңғы түнде біреу-міреу көріп қалатындай байқатпай қолының сыртымен сүртіп қояды. Етегіне оралған шөберелерін шұбыртып көк шалғынның үстінде теңселе басып келе жатқанымен, ішінде бір алай-дүлей арпалыс барын сезді, бірақ ол сойқанның не екенін өзі де түсінбейді. Төркін жақтан келген төрт қазақ баланы «ертең үйге келіп қонақ болындар» деп шақырып кеткеніне бек қуанулы. Ертең әңгіменің тиегі ағытылатын, ақ түйенің қарны жарылатын, тойдың көкесі болатын күн...

Жыпар мен Гүлсары күндегі әдеттерімен ерте оянды. Сиырларын сауып, шайларын демдеп, Құрман мен Садыр су әкеліп, малды өріске айдап сап төртеуі Ай-апаларын күтіп отыр. Үлкен кісі болдырып қалған-ау, шамасы, ұйқысынан тұра қоймады.

Екі келін есікті ақырын ашып қараса, Ай-апа кешегі сармерденге барғандағы киімін шешпеген қалпы серейіп ұйықтап жатыр. Басында ақ кимешек, үстінде алтын зерлі қоңыр камзол, аяғында оюланған мәсі, оның сыртында мөкі, қолында нағашы апасының көзіндей көріп келе жатқан күміс білезік. Ақ жүзі талаурап, сілесі қатқан Ай-апа тәтті ұйқысын қияр емес.

«Ер Манасты өзі тапқандай боп жатысың!» — деді әзілқой Жыпар қолына көсеуді ұстап, Ай-апаның шіренген тұрысын айнытпай салып. «Соны айтам, жатысты қара!» — деді Гүлсары. Екеуі ежелері естіп қоймасын дегендей ауыздарын басып, мырс-мырс күледі.

— Ай-апа, шай суып қалды, тұрыңыз енді!

Дәл сол сәтте қос келіннің демдеген шайы емес, Ай-апаның ұлы денесі суып бара жатқан-ды...



ҒАЛЫМ ӘРІП

ҚАН мен ҚАСИЕТ

*Күретамырдан ытқыған қайнардың нәрі,
Бойымда шапшып бабамның қайнайды қаны!
Қанына тартып туады қайыспас ерлер,
Бойымда қайнап сақ пен дах –*

дайлардың қаны!

*Өшпейтін рух! Жүректе сақтармын мұны,
Көкке ұшқан дәйім жауласса*

жаттардың күлі!

Македонский, Кир патша тажалын

тапқан,

Кеудесін керер сақтар мен дахтардың ұлы!

Бабамыз Мөде көсемі ғұндардың ұлы,

Бас иген оған нешебір ғұндардың құлы!

Бабаның даңқын Еуропа, әлемге жайған,

Аттила – нағыз жау-жүрек ұлдардың ұлы!

Баһадүрлерге бас ием жүрегі түкті,

Көшпенділерге талайлар тізесін бүкті!

Ғұндардың тұлпар тұяғы дүрсілдей соқса,

Күйрығын қысқан Қытай мен

Рим де мықты!

Бетімді әлі шарпиды отты лептерің,

Дүниені салған ойранға көктүріктерің!

Бүкіл әлемге дүр етіп дабысы жеткен,

Ер Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөктерің!

Алысып, аттың үстінде ғұмыры өткен,

Арғымақтардың айбынды дүбірі неткен!

Арыстан жалды қыпшақтар –

оғыздарым-ай,

Жауларын жайпап, жәпанға

құрығы жеткен!

Үрейге салған ғаламды дабыры-тегі,

Шыңғыс хан бабам әлемнің әмірі еді!

Көк Тәңірге сиынған, Көкбөріге,

Байырку, һәм Байұлы тамыры-тегі!

Мен үшін қымбат даламның

барша атырабы,

Жанымнан артық бір уыс әр топырағы!

Арғызаманғы ҚасСақ – бір ұғым,

бүгінгі Қазақ,

Кенжесі Адай, Маңғыстау –

Қара шаңырағы!

Құпия менен құт толы қойнау қамбасы,

Әлімсақтан сыр шертер тас пен таңбасы.

Жеті жұрт келіп, жеті жұрт

кеткен Маңғыстау,

Ұлы Даламның қасиет тұнған ордасы!

Текті боп туған тегінде есті де болмақ,

Басына бізді алмайды ешкім де қорлап!

Қазақтың басы бір болсын, Түркінің күллі,

Түбі бір халық Ту тіксе сесті де болмақ!

ПРЕЗИДЕНТ – БІТІМГЕР

Көз құрты боп Ұлы Дала, Ұлы Жер,

Кей тексіздер екі иығын жұлып жер!

Жүгенсізді тәубесіне келтіріп,

Төрелік сөз айтар нағыз бітімгер!

Ел басында билік етсе ұтымды ер,

Шарғасы жоқ шабалаңның түтіп жер!

Арандатып аузын керіп ашса да,

Бәтуалы сөз сабақтар бітімгер!

Көршісінен жау іздесе жұтыр ел,

Жынын алған бақсыдайын түтігер!

Санасызды сабасына түсіріп,

Парасатпен үн қатады бітімгер!

Жан-жағына жалы биік дос жиып,

Жан-жағына ары биік дос жиып,

Парасаттың биігінен сөйлейді,

Әділеттің туын керіп қасқайып!

*Төніп келген қара бұлтты түреді,
Есті адамзат оның дәйім тірегі!
Көшті бастап келешекке тарта бер,
О, бітімгер, елім деген жүрегі!
Ұлы жолда асулар көп алатын,
Қаскүнем көп аяқтан кеп шалатын.
Ұлы Тәңір дегеніне жеткізіп,
Бітімгердің шалдырмағай қанатын!
Бітімгерге дейміз ұзақ ғұмыр бер,
Ұлы Отанға адал қызмет сіңірді ер!
Ақыл менен мәмілеге сүйенсек,
Қазақ мәңгі! Тұрғаныша жұмыр жер!
Жаса, жаса, президент – бітімгер!*

*Халқыңмен бірге кешкен өмір қымбат!
Қаныштай қазағым дер нарлар тумак,
Егемен елім мәңгі кәміл тұрмақ!*

*Сәулесі болса санаңның,
Самал леп аңқыр санаңнан.
Санасында ғой адамның,
Айырмасы анау хайуаннан!
Санаңа сәуле құйылса,
Жүректен зәмзәм төгілер.
Санаңа ақыл бұйырса,
Нұр-шуақ болып төгілер!
Санаңа сәуле сепсеңіз,*

*Адуын арғымақтар арындайды,
Дүмбіген дауылаптар дарылдайды!
Дабысы Аттиланьң жерді жарып,
Жан біткен үрейден еш арылмайды!
Талайға қорқыныш пен салар қайғы,
Сұстары атты әскердің көз арбайды!
Дулыға, сауыты мен сүңгілері,
Қылышы, қанжары да жалаңдайды!
Күш алып Мөде қаған, Баламерден,
Бойына қайтпас қуат, сана берген,
Жапырып жарты әлемді Ғұн көсемі,
Жауласқан жұрттың бәрін шаба берген!
Қайтпайтын қайсар мінез, дала жүрек,
Халқына бола білген пана-тірек,
Еуропаны еңкейтіп езгісіне,
Римге таяп келді табан тіреп!
Даладай қарасуық дауыл желді,
Соғыстың салтыменен дабыл берді!..
Сол сәтте ақ ту ұстап анадайдан,
Беттеген патша Луи I-ді көрді!..
Сасқаны Аттиланьң қамшысынан,
Сезілді көзден аққан тамшысынан!..*

**МӘНГІ ЖАСА ҰЛЫ
ҚАЗАҚ – ТЕКТІ ЕСІМ!**



Қаныш СӘТПАЕВ:

**«ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДА
АЛАСАМЫН!..»**

*Мың тоғыз жүз қырық жеті...көктемі еді,
Наурыздың жылу ескен бетке лебі.
Ұлыбританияға Кеңестер Одағынан,
Ғалымдардан құралған топ келеді...
Бір тұлға оқшауланар арасынан,
Аумаған ұлан-байтақ даласынан!
Кұйылған нұрлы сәуле санасынан,
Ел-жұрты айналардай данасынан!
Тербеткен ұлылыққа Жер-анасы,
Күш алған Көк Тәңірден ер-дарасы!
Жаратылыс жұмбағын бағамдаған,
Қазақтың Қаныш сынды ғұламасы!
Бойы бар екі метр шамасында,
Үстінде ұлттық киім жарасымды.
Кеңестер Одағынан келген топтың,
Ол асқақ көрінеді арасында!
Ілініп қайта-қайта назарына,
Шын пейіл, әлде сайқы-мазағы ма,
Әйгілі Премьер Черчилль сұрақ
қойыпты Баянауыл қазағына:
– Білейік ойыңызды бір қаныға,
Қазақтың бәрі сіздей тұлғалы ма?..
Мүдірмей жауап берді Қаныш ата,
Қитұрқы Уинстонның «жұмбағына»:
– Құрметті Черчилль мырза, сыр ашамын,
Қазақтар арасында аласамын!..
Әлбетте, халқым биік әлдеқайда,
Еңсесі тауларменен таласатын!..
Мән болса Черчилльдің сол сұрағында-ай,
Жауап та қадалды кеп мір оғындай!
Жаңғырып тұрады екен дейді сол сөз,
Британ премьері құлағында-ай!..
Зал тынса сауал сонда қойылғанда,
Қоштапты Қаныш жауап қайырғанда!..
Пәлсафалы бұл жауап бұл күндері,
Ұқсайды жалпақ жұртқа жайылғанға!
Бөлеумен абыройға сан қырлы еңбек,
Сәтпаев есімі мәңгі тарихқа еңбек!
Ал кейбір мисыз топас мақтанады,
Қазаққа мемлекет мен құрдым деп!
Жайың не олай жұртқа мазақ болар,
Бұ дүние тоғышарға тозақ болар!
Халқыңнан биік болма, ей, қазағым,
Адамзат жаралғалы қазақ та бар!..
Басынан өтсе- дағы небір зұлмат,*

*Дүние бал-бұл жайнайды.
Жаныңа жақұт ексеңіз,
Бұлбұл құс болып сайрайды!
Санаңа сәуле ұялап,
Санаңды аршы мұз-қардан..
Адамды сонда аялап,
Санаңда жүзер ізгі арман!*

ӨЛМЕЙМІН...

*Халқымды мен сүйіп өтсем, өлмеймін,
Халқыма бас иіп өтсем, өлмеймін!
«Қазағым!» деп қарс айрылып жүрегім,
Халқым үшін күйіп өтсем, өлмеймін!
Бірақ достым, ашуыңа жеңдірме,
Қазағымның арына кір келтірме!
Сабырменен, ақылменен алға асып,
Қанатын да жая бермек ел бірге!
Кей сілімтік қара басын күйіттеген,
Үрер бірге не бұралқы итпенен!
Иек артып дәрегііне доңыздың,
Бауырласар балақтағы битпенен!
Опасызды оқшантайға ілейік,
Орға жығып, жон арқасын тілейік!
Қазағымға қастық қылған жауызды,
Бауыздаған мал секілді ірейік!
Қазаққа қас жол жоқ мыстан-міскінге,
Батырардай келді кезі тістің де!
Жат пиғылды жағасынан алайық,
Басын исін небір сасық күштің де!
Арамыздан қара мысық өтпесін,
Бірлікпенен халқым жайнап, көктесін!
Ата-баба аманаты, арманы,
Мәңгі жаса ұлы қазақ – текті есім!
...Халқымды мен сүйіп өтсем, өлмеймін,
Халқыма бас иіп өтсем, өлмеймін!
«Қазағым!» деп қарс айрылып жүрегім,
Халқым үшін күйіп өтсем, өлмеймін!
Арлы қазақ, болсын осы сертіміз,
Жүректегі алаулаған өртіміз!
Ерлік дәстүр намыспенен қайралып,
Басымызда биік болсын бөркіміз!*

**АТТИЛАНЫҢ ЕРЛІК
ЖОЛЫ**

*Тарихтың айналғанда шығыршығы,
Дөңгелер дүниенің бір ұршығы...
Римге маңдай тіреп тақағанда,
Тұяғы тұлпарлардың тықыршыды!*

*– Ежелгі Римге енді тие көрме,
Ел-жұрттың абайлашы қарғысынан!..
Даңқыңа бас иеді есті ғалам,
Ерекше ерлігіңмен өсті бағаң!
Алтынмен үш еселеп құн төлейік,
Аңғартты айбарыңды сесті далаң!..
Аттила ат үстінде ойланып тұр,
Нешебір шешімдерге байланып тұр.
Онекі жасында өзі кепілдікте,
Римде күн кешкенін ойға алып тұр.
– Жауласпай бітіскенің көрегендік,
Жұрттыңды тыныштыққа бөлегендік.
Өпірем, өзеуреден өзгересін,
Тыйылу өктемдіктен ерен ерлік!..
Бұл уәжесе папа Луи да мойынсұнды,
Бұл да бір пәтуалы іс, қайыр сынды.
Ежелгі Рим быт-шыт болғанынша,
Келісу пәлсапалы пайым сынды.
Тоқтатқан
«Тобырларды бұратанды»,
Папа Луи I өз елінде ұлы атанды.
Римді жеңетінін біле тұрып,
Шаппаған Ғұн көсемі пір атанды!
Жайлы өмір бастап енді бейқұт, жаңа,
Қанишама ел кеішті ғұмыр бейбіт, дара!
Аттила даналығы арқасында,
Жойылды Рим езген құлдық сана!
Франк, герман, венгер, осготтарың,
Бағалар далалық ғұн, қас сақтарың!
Үшінші маусым – бұл күнде
«Халықаралық
Аттила күні» аталған сақтап бәрін!
Нақ соны наркескендей жегіт десін,
Аттила біз үшін де ұлықты есім!
Маусымның үшінде сол дүниеге келген,
Кастамонда бар Орхан – түрік досым!
Ерлік жолы – Сақ пен Ғұн, Көктүріктің,
Ескірмеуін тіледім салт-ғұрыптың!
Аттиланьң қолдасын аруағы,
Салтанаты өшпейтін мәңгі рухтың!*

ҚАЗАҚ ДЕСЕ...

*Қазақ десе, өзімізге тиеді,
Дейді-дағы бәлені кеп үйеді...
Қазағыңды, ей, қазағым, кемсітпе,
«Қазақ» деген сөздің өзі киелі!
Қазақ десе, өзімізге тиеді,
Деген сөзді кей қазағым сүйеді.
Қазағыңа тіл тигізсең, бауырым,
Сырқырайды ата-баба сүйегі!
Қазақ десе, өзімізге тиеді,
Дейді-дағы жағады кеп күйені...
Тіліңді тарт,
Қазақ десе, керісінше,
Мадақ сөздің ағытылсын тиегі!
Жылы сөзге кім де басын иеді,
Көргенділік – сөйлей білу жүйелі!
Мінімізді көрмей, жұртты «түзейміз»,
Қазақ десе, өзімізге тиеді!..
Қазақ десе, жүзің оттай жайнасын,
Әрбір қазақ ар-намысын қайрасын!
Серттілер мен тектілердің төресі –
Қазақ рухы тұғырынан таймасын!
Құшағың жаз, арда қазақ,
Қайдасың?!*



Қайырбек
ШАҒЫР

Анаға хат

Түн баласы түсіме де жиі енген,
Өзім туған шаңырақты сүйем мен.
Жолға шықсам менің де анам бақ тілеп,
Қараша үйдің жабығына сүйенген.

Ұланынды жетелесе жақсы арман,
Ана, сенің тілеуің ғой ақталған.
Қайда жүрсем жолаушымын, өмірге
Сапарым да туған үйден басталған.

Кетсем ұзап, уақыт заңы осы ғой,
Оралармын жалғап үміт, қосып ой.
Қайда жүрсем жылу беріп тұратын,
Жапандағы жалғыз үйдің оты ғой.

Хабарымды білдірмес ем бір парак,
Қабағыңды мұң тұрардай тұмшалап.
Ұлым жүдеп жүр ме екен деп жырақта,
Шашыңа да түсетіндей бір тал ақ.

Сағынышым жіберсін деп жыр шығып,
Жүрмін мынау зор қалада қырсығып.
Ауыл жаққа салмай кетсем бір ізді
Мандайыңа саламын-ау бір сызық.

Азап көріп бір басыңа жететін,
Бізді өсірген қарапайым шешесің.
Кенже ұлынның жақын шығар бір тойы
Соның бәрін жуып-шайып кететін.

Хатымды, ана, аяқтауға тақалдым,
Сан мыңдаған шамы жанды шаһардың.
Бала кезім кірер ме екен түсіме
Мен де қазір тәтті ұйқыға батармын.

Елес. Үрей. Үміт...

Қуә бұған көне тарих кемесі:
Еуропаны коммунизм елесі.
Жүрді кезіп, төңкерістен шошынған
Жуандардың қалтырады денесі.

Он жетіде елестеді бостандық,
Бөліндік те бөрі желді, бос қалдық.
Сәкен, Тұрар үміттері тапталды,
Алдан тағы бодан күндер тосты аңдып.

Аша тұяқ қалдырмады кеңес кеп,
Отыз бірде бір үзім нан елестеп.
Өліктерге толды дала үрейлі,
Сонда да есін жиып еді-ау ел ептеп.

Отыз жеті арыстардан айырды,
Қырандардың қанаттарын қайырды.
Жылдар бойы Сталиннің елесі
Саналарға үрей болып жайылды.

Қырық бірде дұшпан келіп қамады,
Құрбандарды миллиондап санады.
Қарғыс атқыр фашизмнің елесін
Тірілтісі келетіндер бар әлі.

Қырғи-қабақ соғыстардан, бомбадан
Үрейленіп, ұйықтамайтын болды адам.
Талай жасты шегенделген табытпен
Ауған жақтан ауыл жаққа жолдаған.

Жүрді осылай қайран қазақ қорынып,
Құлдық сана құрсауында торығып.

ТОЛҚЫМА, ЖЕР ОРТАСЫ, СЕН ТОЛҚЫСАҢ, ДҮБІРЛІ ДҮНИЕНІ ТОЛҚЫТАСЫҢ!

Соңғы үміті алып шықты алаңға,
Желтоқсанда үміт жанды, зор үміт!

Сол бір үміт әлі күнге тұр жанып,
Сөндірмек боп жүргендер бар ұрланып.
Лаңкестік үрейі тұр басылмай,
Аспан кейде бұлттанады сұрланып.

Адамзатқа шегінер жол қалмаған,
Ең соңғы үрей — тозақ оты жалмаған.
Ең соңғы елес — ақыр заман елесі,
Ең соңғы үміт — үміт ету Алладан.

Жерорта теңізінде

*He нужен мне берег турецкий...
М. Исаковский*

Талай жыл өтпесе де текке мүлде,
Алысқа сапар шеккім кеп менің де,
Жерорта теңізіне келіп тұрмын,
Жерортасы жасына жеткенімде.

Ақтеңіз, болмаса да төрінде еншім,
Түркінің тағдырындай көрінгенсің.
Бағзыда Каспийменен, Аралменен,
Ортақ бір Ұлы судан бөлінгенсің.

Естісем түрік қыздың гөзәл үнін,
Өзгермей бабалардың сөзі әлі жүр.
Кеткендер мың жыл бұрын Сыр бойынан,
Жүргізді жарты әлемге өз өмірін.

Таусылмас тарихың бар көне дастан,
Жүз мыңдап тереңіңе кеме батқан.
Қайықты Шелли мінген дауыл бұзып,
Жағада өлең аңқып дене жатқан.

Күмістей балығыңды шолпытасың,
Тұңғыық тереңіңмен қорқытасың.
Толқыма, жерортасы, сен толқысан,
Дүбірлі дүниені толқытасың.

Бір-бірін туы сұлттың бағалауы,
Бауыр деп, керек екен ағалауы.
Тұранның кіндігінде біз жүрсек те,
Түріктің керек екен жағалауы.

Халықтасып кетпесін... (су тасқыны кезіндегі ой)

Қалғанда су астында момын жандар,
Ақшаның тасқынына шомылғандар.
Күн туған ел басына мына күнде,
Етікпен су кешуге қорынбандар.

Уайымдап кедей жүр ғой кредитін,
Өсімқор миығынан күледі итін.
Халықты күн көріске байлап қойса,
Құл қылу оңайлығын біледі итін.

Жарлының мойнына артып айып пұлды,
Жемқорлар ел байлығын ғайып қылды.
Ақшамен бірі басын арашалап,
Шетелге тағы бірі тайып тұрды.

Солар ғой жүздеп-мыңдап киік атқан,
Ақшасын казиноға жиі шашқан.
Тәлім жоқ, тамсанатын өнеге жоқ,
Жолтаппай жас ұрпақ жүр миық атқан.

Әй, шенді, ақырын жүр, анық басып,
Жасырынбақ ойнама, жарық қашық.
Су тасыса, сінеді-ау бір күн жерге,
Халық тасып кетпесін, халық тасып...

Қоңыз

Жағар кезде кешкі қала оттарын,
Әрі-бері жиі өтетін соқпағым.
Қоңыз кетіп барады екен бір күні,
Басып кетіп жүрмейін деп тоқтадым.



Жыбырлаған бұл жәндіктің жердегі,
Өлмеу үшін ризық кой тергені...
Кенет мені қағып өтті әлдекім,
«Ғафу ет» деп айтқысы да келмеді.

Бұрылмастан ұзай берді, саспады,
Бара ма екен ойлап ол да ақшаны?
Қоңыз тірлік кешіп жүріп өздері,
Қоңыз құрлы көрмейтіні-ай басқаны!

Адамда жеті ғұмыр болса...

Жан-жануар ішінде нешеме мың,
Адам болу — жазуы пешененің.
Біреу емес, жеті өмір болса адамда,
Әрқайсысын кім болып кешер едім?

Ақын болып, әуелі, лапылдар ем,
Жырлар едім махаббат хақында мен,
Ғашық жастар оңаша жырымды оқып,
Тыяр еді көзінің жасын да әрен.

Мэтрі боп содан соң музыканың,
Шедеврлер әуеннен туғызамын.
Сонатамен, полонез, романспен,
Сезімдерді кір шалған жуғызамын.

Содан кейін қолға ұстап қыл қаламды,
Суретші боп, алар ем шын бағамды.
Музейлерде мәңгілік қалдырар ем,
Бояуларға сыйғызып бұл ғаламды.

Және тағы халқыма не беремін,
Ұстаз болып мектепке енер едім.
Жақсы адамды көбірек тәрбиелеп,
Алғысына ұрпақтың кенелемін.

Жылы сөзбен жұбатып көңілдерді,
Дәрігер боп сынар ем өзімді енді.
Адамдардың ғұмырын ұзартар ем,
Арашалап мыңдаған өмірлерді.

Ұмтылмастан билікке мен де текке,
Әділдікті орнатып мемлекетте.
Президент боп бір ғұмыр сүрер едім,
Биік өрге шығарып елді етектен.

Ең соңында діндар боп, әр ақтанда,
Құлшылықпен оянып Жаратқанға.
Мейірімділік дарытып жүректерге,
Иман нұрын таратып қабақтарға.

Жеті өмірдің соңына жетер едім.
(Мұның құрғақ қиял ғой, десе де кім)
Сегіз қақпа жұмақтан ашылар деп,
Жеті қабат көкке ұшып кетер едім.

Карлсонды іздеу

Бала кез бұлдырайды сағым құсап...
Оқушы ем кітап көрсем барымды сап.

Ауырып Қарауылда жатқанымда,
Әкелді әкем маған қалың кітап.

Жазыпты әдемілеп атын-дағы:
«Балақай, Карлсон мен шатырдағы».
Оқуға бас көтермей кірістім мен,
Қызығы оқиғаның басылмады.

Оқумен талай қызық күнді өткердім,
Әсері және бөлек суреттердің.
Карлсон Стокгольм қаласында,
Шатырда тұратыны шын деп сендім.

Күдікті ой келген емес бұл бекер деп,
Пәк жүрек одан өзге кімге сенбек.
Өскенде сол қалаға барсам деуші ем,
Шатырдан Карлсонды іздесем деп.

Болды ғой бала кездің сан арманы,
Еске алсам сілкінтеті санамды әлі,
Сүйкімді пияз бала Чиполлино,
Робинзон Крузо да аралдағы.

Кездесіп кейіпкердің мен санымен,
Қиялмен ел танып ем, жер танып ем.
Техаста молақ мойын салт атты жүр,
Маугли джунглиде Шерханымен.

Бір күліп, енді бірде күйгендіктен,
Көңілге талай сырды түйгендіктен.
Адалмын ғұмыр бойы кітаптарға,
Барлығын бала кезде сүйгендіктен.

Арамзалық салтқа айналды...

(Хафиз Ширазиден)

Арамзалық салтқа айналды. Жоқ елде
Адалдық та, сертке сенім деген де.
Қас талант тұр қолын жайып елендеп,
Біреу-міреу бақыр тиын берер деп.

Кедейлік пен қасіреттен жалыққан,
Дүниені кезіп кетті данышпан.
Надандардың түгел бірақ есебі,
Тиіп кетсең, құлағыңды кеседі.

Сылдыраған бұлақ суын, таң лебін,
Елестетер өлең жазса әлдекім
Санайдай* меңгерсе де ол жыр тілін,
Ақынға ешкім нан ұсынбас бір тілім.

Даналық кеп құлағыма былай дер:
«Аулақ жұрттан, тұйықтал да, шыдай бер.
Сыбызғыдай үніңді үзбей ыныран,
Тақуадай көрін төзім шыңынан».

Ал меніңше: «Қайта баста — жығылсаң!»,
Ұстан, Хафиз, осы ақылды ұғынсаң!

*Санаи — араб ақыны.



МО ЯНЬ

Қой атаулының түрі көп, кескін-келбеті де, бітімі де бір-біріне ұқсамайды. Соның ішінде көңіліме қонатыны – жұмсақ жүнді қой. Осыдан жиырмашақты жыл бұрын менің сондай екі қозым болды. Екеуі де мен үшін жай мал емес, жанымға жақын аяулы достарым секілді еді. Қазір солардың арқа жүні бұйраланған бейнесі көз алдымда әлі сайрап тұр. Ал сол кездегі өзімнің қандай бала болғанымды анықтап айту қиын. О заманда ауылдағы баланың суретке түсуі деген өте сирек. Өзіңіз ойлаңызшы, алты-жеті жастағы баланың айнаға қарап, өз түрін бағып отыруы тіпті болмайтын нәрсе емес пе?

Байқұс шешемнің айтуынша, бала күнімде сүйкімсіздеу болыппын. Бет-ауызым үнемі кір-кожалак, сатпақ-сатпақ болып жүреді екен. Ернімнің үстіндегі қос сайдан аққан маңқам екі жіп болып салбырап тұрады десетін. Ауыл адамдары соны көріп: «Мына балаға айдаһардікіндей екі мұрт шығыпты», – деп күлетін көрінеді. Оның үстіне, бала күнімде тым қомағай болыппын. Аштан өлген жың кенет тіріліп келгендей, алдыма не келсе, соны жанталасып жалмай береді екенмін.

Былтыр көктем мерекесінде қара шаңыраққа барып, әке-шешемді көріп қайттым. Сол кезде кәрі шешем баяғы ескі әңгімені тағы да қоқсытты.

– Негізі, өзің бойына шыр бітпеген жаман неме едің, дәл ержететін шағында аштыққа ұрынып, жетілмей қалдың. Қисық-қыңыр болып өскенің содан, – деді.

Осыны айтып отырып, көзіне жас алды. Мен шешемнің мұңайғанын көргім келмей, сөзді басқа жаққа бұрып, әлгі екі қойым жайында әңгіме қозғадым.

Есімде, қай жылы екенін білмеймін, әйтеуір көктемнің таңында біздің үйге үсті-басы алба-жұлба бір шал келді. Мен есік жақта бұйығып, бұғып тұрып, соған көз алмай қарадым. Әлгі шал маған түсіңсіз көне мақамға салып, атаммен ұзақ сөйлесті. Сосын қойнынан екі күлше шығарып, маған ұстатты. Күлше тәтті екен, тістегенде қытырлап тұрды. Соның дәмі күні бүгінге дейін аузымнан кетпейді.

Атам маған: «Әлгі шалды «екінші ата» деп шақырасың», – деді. Кейін білдім, ол атамның анттасқан бауыры екен. Екеуі Хуайхай шайқасы кезінде әскерге азық-түлік жеткізіп жүріп танысып, бір-біріне сыйлас, сырлас бауыр болып кетіпті.

Екінші ата маған:

– Әй, үйдің үшінші еркесі, қозы баққың келе ме? – деді.

Мен ойланбастан:

– Иә, баққым келеді! – дедім.

– Ендеше, келесі жәрменкеде саған

қозы әкеліп беремін.

Сонымен, екінші атам жөніне кетті. Мен содан кейін күнде жәрменкені күтумен жүрдім. Атамның да мазасын алып, кендір қабығынан қамшы өріп бер деп өтініп, зықын шығардым. Ақыры көптен күткен жәрменке күні де жетті. Екінші атам сөзінде тұрып, шөптен тоқылған себетке салып, екі кішкентай қозы алып келіпті. Екеуі де қардай аппак, жүндері бұйра-бұйра. Көздері көгілдір шыны моншақтай жылтырайды. Кішкентай мұрындарының ұшы қызғылт. Алғаш әкелгенде тыным таппай маңыраған олар маған бір жетім қалған екі сәбидей көрінді. Сол маңыраған үнді естіген сайын жүрегім қоса маңырайтын. Кеңсірігім ашып, көзіме жас келетін.

МЕН ЖӘНЕ ҚОЙЛАР

Екінші атамның айтуынша, қос қозы екі ай бұрын ғана туған екен. Туа сала енесі өліп қалған көрінеді.

– Қазір көктем ғой, жер бусанып, жас көк те шығып келеді. Жақсы бақсандар, түк етпейді, мал болып кетеді, – деді.

Олуақыт – алпысыншы жылдардың басы. Тұрмыс ауыр. Ақша – құнсыз, базарда не болса да қымбат. Қой-қозы одан бетер қымбат. Атам мен екінші атам өлім мен өмірдің арасында арпалысып жүріп, қиындықты бірге көрген, бір-бірімен есептеспейтін адамдар болса да, атам оған ілтипат танытып, аздаған ақша ұсынып еді, екінші атам қатты кейіп, шокша сақалы шошандап:

– Апыр-ау, ағасы, сіз өзі қандай адамсыз, әлде мені мүлде менсінбей тұрсыз ба? Қызық екенсіз-ау! Бұл екі қозыны мына кішкентай немерең ойнасын, алданыш қылсын деп әдейі алып әкелдім, – деді.

Атам көне досының көңілін аулап:

– Інішек, бұл қозының құны емес.

Ағаңның жол қаражаты үшін берген азын-аулақ көмегі ғой, – деді.

Екінші атаның әйелі жақында ғана аштықтан қайтыс болыпты. Өзі жалғыз, сүйенері жоқ. Қолында қалған бар-жоғын сатып, қиырдағы солтүстік-шығыс жаққа кетіп, қызының қолына паналамақшы екен. Ол азын-аулақ ақшаны тамырлары білеуленіп, адырайып кеткен кәрі қолымен қалтылдай ұстап, әрең алды. Көзіне жас іркіліп, жанары жасаурай:

– Аға, демек, біздің бауырлық жақындығымыздың жеткен жері осы болды ғой... – деді күрсініп.

Қозының бірі – еркек, бірі – ұрғашы еді. Орта мектепте оқитын үлкен әпкем екеуіне ат қойды. Еркегін Серёжа, ұрғашысын Валя деді. Ол кезде Қытай мен Кеңес одағының арасы жақсы еді. Мектепте орыс тілі оқытылатын. Ал әпкем өз сыныбында орыс тілі сабағында белсенді болып жүретін. Біздің ауыл үш ауданның шекарасы түйіскен жерде орналасқан. Ауылдан шығысқа қарай бір шақырым жүрсең, кең алқапты шалғынды далаға шығасың. Көктемде ол жерді шет-шегіне көз жетпес көк майса басады. Оның арасында алуан түрлі гүл өседі, көз алмай қарасаң, жерге

біреу алып кілем төсеп қойғандай. Мен қозыларыммен бірге сол жерден өз жұмағымды таптым. Екеуі жас шөпке тойып алып, бірін-бірі қуып ойнайтын. Мен де олардан қалыспай, көк майса үстінде аунап-қунап жататынмын. Кейде біздің айқай-шуымыздан шөп арасындағы бозторғайлар пыр етіп ұшып, аспанға атылған жебедей зулайтын.

Серёжа мен Валя күн өткен сайын қоң жинап, жұмырлана түсті. Ал мен болсам, баяғы сол тапал, сол шыр бітпеген арық күйімнен танбадым. Үйдегілер ауыздарынан жырып, ішер асын алдыма тосса да, бойыма ине шаншар ет бітпеді. Екі қозымның аузы дамыл таппай жыбырлап, көк майсаны орып-орып жеп жатқанын көргенде, ішімнен

тіндей. Мен кейде оның басын төмен басып, «кішірейіп жүр» дегендей ишара жасаймын. Бірақ оған көне қояр ол жоқ. Басын бір сілкісе, мені домалатып жібереді.

Валя да өсіп қалыпты. Толысқан, жуас, ибалы бір қыз секілді. Оған да мүйіз шықты, бірақ титімдей ғана екен. Менің екі қозым көп ұзамай мұқы ауылға мәлім болды. Шалғында жайып жүргенімде, ауылдың балалары топ-тобымен келіп, Серёжаның мүйізіне алыстан қызыға қарайтын. Кейде өзара бәстесіп: «Кім барып Серёжаның мүйізін ұстап келсе, соған бәріміз бір-бір себет жабайы шөп жинап береміз», – десетін.

Бірде Дажуан деген бір бала батырсынып, аяғын аңдап басып, жайлап



қызғанып та қоятынмын. Кейде тіпті соларға еліктеп, өзім де шөп жұлып жеп көретінмін. Бірақ адам мал емес қой. Сырт көзге сондай жас, сондай жұмсақ көрінетін көк шөптің дәмі кермек, жұту да оңай емес екен.

Бір күні Серёжаның басынан екі қызғылт томпақтың бөртіп келе жатқанын байқап қалдым. Таңғалғаным сонша, үйге жүгіріп барып, атамнан сұрадым.

– Мүйізі шығып келеді, – деді атам.

Мен бұған іштей онша қуанбадым. Өйткені мүйіз шықса, Серёжа бұрынғыдай сүйкімді көрінбей қалады деп ойлады. Басына мүйіз тебіндеген соң, ол маған баяғы момын қозыдан гөрі кеудесіне нан піскен бір пәле секілді көрінді.

Көктем өтіп, күз келді. Серёжаның шекесінен екі жаққа иіріле шыққан мүйізі жуандап, аз күнде-ақ айбарлы қошқарға айналды. Баяғы сүйкімді қозының жұрнағы да қалмаған. Жүрсе, басын кекірейте көтеріп, пандана басады. Сыртынан қарасаң, қойдан гөрі коммунаның бір кекірейген ше-неунігіне көбірек ұқсайды: түрі сұсты, салмақты, өзінен өзгені менсінбей-

жақындай берді. Қолын мүйізге тигізгіп үлгермей жатып, Серёжа бір сүзгенде, бала шалқасынан жалп ете түсті. Ал мен, әрине, Серёжадан қорықпаймын. Тек басын күшпен төмен қарай тұқырта баспасам болды, өзі маған келгенде жуас-ақ, тіпті үстіне ат қылып мініп алсам да, біраз жерге дейін алып жүретін.

Кейбіреулер атама келіп:

– Мына қойларыңызды сатыңыз. Әрқайсысы үш жүз юань тұрады, – дейтін.

Мен мұны естіген сайын, зәрем ұшатын, тіпті әлгілерді іштей жек көріп кететінмін. Қозыларымды алып қоя ма деп, кейде үйге қайтқым келмей, қараңғы түскенше шалғында солармен бірге қонып қалғым келетін.

Атам бізді іздеп тауып алып:

– Қорықпа, балам. Біз оларды сатпаймыз. Сен бұларды бейнетпен өсірдің. Енді қалай сатамыз? – дейтін.

Шалғында жайылып жүретін тағы бір отар бар еді. Ол мемлекеттік фермаға қарайтын. Соның ішінде бір бас қошқар болды. Оны Шинжияң жақтан әкеліпті десетін. Алты-жеті жасар шамасында, Серёжадан сәл ірілеу. Бүкіл денесін жауып тұрған ұзын жүн кірден

сарғыш тартып кеткен. Басындағы екі көкшіл мүйізі темір камшыдай иіліп тұр. Адамға көбіне қырын қарап жүреді, түрі сұмдық суық. Мен ондай қошқарлардан әдетте, аулақ жүретінмін. Бірақ бір күні менің екі қойым өз бетімен барып, әлгі отарға жақындай бастады. Сол қойларды бағып жүрген шопан жиырма жеті-жиырма сегіздер шамасындағы адам сияқты көрінетін. Үстінде көк түсті, ескілеу, кір басқан студент киімі бар. Көзінде — қалың әйнекті көзілдірік, өзі арық, жүдеу. Өңі аппақ болғанымен, сортаң жердей сұрқай тартып тұрады.

Әлгі жігіт маған ыстық ықылас көрсете:

— Әй, балақай, мына екі қойынды жап-жақсы бағып жүр екенсің! — деді.

Мен соны естіп, кәдімгідей марқайып қалдым. Ол сөзін жалғап: — Әйтсе де тұқымы онша емес екен. Мына саулық қойың біздің Шин-жияндық асыл тұқымды қошқармен қосылса, одан туған қозы да тәуір шығар еді, — деп әлгі сикы қашқан сүйкімсіз кәрі қошқарды нұсқады.

Мен қойларымды дереу айдап әкетпек болдым, бірақ үлгере алмадым. Кәрі қошқар Валяны көре сала жортақтап жетіп келді де, арт жағынан иіскедей бастады. Иіскеген сайын танауын жиырып, тістерін ақситып, басын көкке созып, бір арсыз кейіпке түсіп, қаны әбден бұзылған бұзақыдай ерсі қылық көрсетті.

Валя қорқып, құйрығын қыса қашты. Алайда кәрі қошқар соңынан қалар емес. Мен ашуланып, қамшымен осып-осып жібердім. Ол маған қайырылып та қарамады. Сол кезде оған қарай Серәжа тап берді. Кәрі қошқар сүзисудің қас шебері екен. Орнынан тапжылмай тұрып, Серәжаға қиғаш көзбен бір қарады. Мына кейпіне көз тастасаң, нағыз кәрі бұзақының өзі дерсің.

Жекпе-жектің бірінші кезегінде кәрі қошқар көнігі әдетіне басты. Жалтара қап, өзіне бар күшімен ұмтылған Серәжаны сұлатып салды. Бірақ мұндайға жасып қалатын Сеража емес екен, жалп етіп атып тұрды да, қайта ұмтылды. Көздері қып-қызыл болып қанталап кеткен, танауы делдиіп, пыс-пыс етеді. Қарасаң, қошқар емес, ырылдаған қасқыр дерсің. Бірақ кәрі қошқар оны ойыншық құрлы көріп тұрған жоқ. Темірдей мүйізін шайқап-шайқап жіберіп, қарсы ұмтылды. Бір мезетте тарс еткен қатты ұн шықты, төрт мүйіз сақ етіп бір-біріне соғылды, тіпті айналаға отты ұшқындар шашырап кеткендей.

Содан кейін нағыз айқас қызды дерсің. Тарс-тұрс, сарт-сұрт, төңіректе одан өзге ұн жоқ. Үлкен алаңқайдың шөбін тұяқтарымен таптап, түгін қоймады. Екі қошқардың төрт мүйізі айқасып алып, көпке дейін айрылмай тұрды. Ақырында екеуі де шаршағандай болды. Ауыздарынан ақ көбік бұрқырап, жүндері малмандай су болды. Сонда да бір-біріне дес берер емес. Серәжа үш адым ілгері аттаса, кәрі қошқар үш адым кейін шегінеді, кәрі қошқар үш адым алға шықса, Серәжа үш адым кейін ығысады.

Мен шошығанымнан өкіріп жылап жібердім. Кәрі қошқарды жерден алып, жерге салып әбден боктадым, ол тіпті былқ етер емес. Шопанды балағаттап едім, ол да селт еткен жоқ. Менің зарымды естіп тұрса да, естімеген кейіп танытып, басын салбыратып, қолындағы тақтайшаға бірдене қадап отыр. Неткен тас керен, қатыгез адам! Ашуға булығып, жүгіріп барып, қамшының сабымен кәрі қошқардың сауырынан бір тартып қалдым.

Шопан жүгіріп келіп, мені ұстап алды да:

— Інішек, өтінемін, қоя тұршы, мына қошқарлардың жанын тігіп сүзскен суретін салып бітіріп алайын... — деді.

Сонда барып көз салсам, оның қолындағы тақтайшаға қыстырылған ақ қағазға Серәжа мен анау жексұрын қошқардың қиянкескі шайқасы айнытпай түсіріліпті. Тек кәрі қошқардың артқы аяғы ғана әлі бітпеген екен.

Сол сәтте мен тірі мақұлықтың өзін де

қағазға түсіруге болатынын алғаш рет көрдім. Осындай жуас, жадау көрінетін шопанның бойында мұндай ғажап өнер бар деп кім ойлаған. Сол күннен бастап оған еріксіз іштей ілтипатпен қарайтын болдым. Шопан екеуміз бірге-бірте кәдімгідей достасып кеттік. Күнде сол шалғында ұшырасатынбыз. Ол маған әлемдегі талай қызық әңгімелерді айтып береді, мен де қарап қалмай оған ауыл-үйдің талай өсегі мен құпиясын жайып салатынмын.

Ол қошқарлардың сүзісіп тұрған суретін маған сыйлады, астына өз атын да кестелеп жазып қойыпты. Мен оны баға жетпес дүние сезініп, екі қолдап қыса ұстап, үйге ала жүгірдім. Үйдегілердің бәрі аңтарылып қалды. Піскен тәтті картопты езіп алып, желімнің орнына жақтым да, әлгі суретті қабырғаға жапсырып тастадым.

Жексенбі күні әпкем азық-түлік арқалап үйге келгенде, қабырғадағы қошқарлар шайқасының суретін көріп, оны салған адамның облысқа аты шыққан белгілі суретші екенін айтты. Бірақ сорына қарай, оны «оңшыл» деп айыптап, жазаға ұшыратып, осында жер аударған екен.

Сол күні түстен кейін мен әпкемді әлгі қойшымен таныстырдым. Кейін тағы да кәрі қошқар мен Серәжа талай айқасты. Алайда екеуі ешқашан бір-бірін жеңе алмай, жеңіс ешқайсысына бұйырмаған күйі кетті. Ақыры бір күні, неге екені белгісіз, өзара татуласып тынды. Кеудесі бардың бәрі бірдей қиқулап жауға шаба бермейді екен.

Келесі жылы Валя егіз қозы тапты. Жүндері жібектей майда әрі ұзын, құйрықтары жер сызып жүреді. Расында, жаратылысы өзгеше, бөлекше төлдер еді.

Бірақ дәл сол тұста қойдың құны түсіп кетті. Төртеуін қосып сатсаң да, жүз юаньға жетер-жетпес. Мен атамның іштей қынжылып жүргенін сезетінмін. Дегенмен ол онысын сыртына шығармайтын.

Содан бері көзді ашып-жұмғанша жиырма жыл зулап өте шығыпты. Атам тоқсанға келді. Мен де біраз жыл әскерде қызмет еттім. Өткен жылы үйге барып, атаммен әңгімелесіп отырғанда, ол:

— Ана қой терісін құрт жеп, әбден тозды ғой. Екінші атаң да бұл дүниеде жоқ шығар, — деді.

Атамның айтып отырғаны, Серажаның терісі еді. Сол жылы кәрі қошқармен айқасқаннан кейін оның мінезі бұзылды. Болмашыға бола адам сүзетінді шығарды. Адам болмаса, қабырға сүзеді. Ақыры қораның қабырғасын сүзгілеп жүріп, үлкен бір тесік салып тынды.

Бір күні атам оны суаруға барған екен. Сонда Серәжа кісі танымастай болып, атамды да аямай, сүзіп қалып, маңдайын жарып жіберіпті.

Сонда атам:

— Мұны енді ұстауға болмайды, — депті.

Бір күні мен үйде жоқта, атам оны төртінші ағама сойғызып тастапты.

Мен үйге келгенімде, баяғы айбарлы Серәжа борша-борша ет болып, қазанда бүлкілдеп қайнап жатыр екен. Біздің әулеттегі оншақты бала қазанның қасында дәмәтіп, етті күтіп отыр.

Менің көзіме еріксіз жас келді. Сол сәтте тамағым өксік тығылып, қазанның буына араласып, баяғы өзіммен бірге өскен аяулы бір тіршіліктің де үзілгенін сезгендей болдым. Шешем маған бір тостаған ішек-қарын сорпасын ұсынды. Көңілім құлазып тұрса да, шұрқырап тұрған қарын оған қарасын ба, аш қасқыр сияқты бас салдым.

Валя мен оның екі қозысын да атам жәрмеңкеге айдап барып сатып жіберді. Кейін әпкем әлгі шопанның етегінен ұстап кетті. Ал қошқарлардың айқасқан суретін әпкем алып кетті ме, әлде шешем отқа жағып жіберді ме, оны енді анық айта алмаймын.

1981 жыл, мамыр. Баудин қаласы

Тәржімалаған Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ


● ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Наурыздың 21-і мен 22-сінде Астана опера театрында «Қыпшақ қызы Аппак» атты жаңа туынды көрермен назарына ұсынылады.



Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, акын-композитор Тілеуғазы Бейсембектің либреттосы бойынша Сержан және Әлібек Әбдінұрұртардың режиссерлігімен сахналанатын қойылым Шығыс жұлдызы, Әзірбайжанның әйгілі ақыны Низами мен Қыпшақ аруы Аппактың өлмес махаббатын арқау етеді. Операда, сонымен қатар ежелден тамырласқан екі елдің достығы айқын көрініс табады.

ҚАЛАМГЕРДІҢ ЖАҢА ТУЫНДЫСЫ



Тілеуғазы Бейсембек 1942 жылы 8 қаңтарда Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Көкжиде ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген.

Еліміздің мәдениеті мен әдебиетіне елеулі үлес қосқан ағамызды танып-білгенімізге жарты ғасырға жуық уақыт өтіпті. Жоғарғы оқу орнынан кейін Қарағанды облысында мәдениет саласында қызмет атқарып, саз өнері мен сөз өнерін ұштастыра білген талантты жерлесіміз өткен ғасырдың сексенінші жылдары Талдықорғанға оралып, облыстық мәдениет басқарма бастығының орынбасары, облыстық филармонияның директоры сынды лауазымда абыройлы қызмет атқарды. Бүгінгі таңда Астана қаласында тұрады.

Тілеуғазы Бейсембектің әдеби көкжиегі де кең. Оқырман сүйіспеншілігіне бөленген лирикалық өлеңдері тұңғыш «Бастау» (1979 ж.) жинағында көрініс тауып, «Адалдық» (1982 ж.), «Қыңырлақ» (1985 ж.) жинақтары арқылы балалар әдебиетінде өз қолтанбасын қалдырды. Кейінгі жылдары мерзімді баспасөзде жарияланған шығармаларының да шынайылығымен, шымырлығымен оқырманын баурап алғанына сан мәрте куә болғанбыз. Қай жанрда жазса да ол поэзия мен музыканы бір арнаға тоғыстыруға ұмтылды.

— Жыр жазғанда күні-түн көрмей тыным, Шеберліктің шыңы ғой өрлейтінім, Естіртемін кереңге естімесін, Көрсетемін соқырға көрмейтінін.

Ән сүймеймін дегенің наз шығар, ә? Бәлкім, саған ұнайтын аз шығар ән. Олай болса, ғашық қып барлық үйге, Жүрегіңді толқытар ән шығарам, — деп ол өз өлеңдерінде аңқылдақ ақжарма қалпынан айнымайды.

— Көлеңкесі ғана түсіп басыңа, Қонған емес, дәл осылай шуақ-құт. Бетіңе оңа жақпап едің жасыңда, Әжімдермен опалатты уақыт.

Тапшы еді ішетұғын асың да, Қиындықсыз келген жоқ қой бұл бақыт. Күміс сырға тақпап едің жасыңда, Самайыңды күмістетті уақыт.

Бұл уақыт өз дегенін істеді, Азайыпты бойыңдағы қуатың. Маған деген махаббатың күшті еді, Соны ғана жеңе алмапты уақыт, — дейді ақын ағамыз жап-жас кезінде жазған «Ана» атты өлеңінде. Осы түйінді де соны ойды көтерген туындыдағы шендестіру, салыстыру, метафора, тенеулердің халықтық сипатпен ұштасуы ақындық қуат емес деп кім айта алар?!

Қазақ поэзиясындағы Тілеуғазы Бейсембек салған өрнектің іргелі туындымен жалғасқаны, тарихи тақырыпқа либретто жазылып, оның үлкен сахнада қойылуы — жерлестері үшін зор мақтаныш.

Жомарт ИГІМАН, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты



Сәли САДУАҚАСҰЛЫ
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Құлдықтан билікке

«Барамын кіріп тойымсыз үлкен аранға,
Шапағат айлап, бойыма қуат бер Алла!»
Ертесі бәрін қосақтап айдап әкелді,
Әскери мектеп – тілдегі шағын аралға.

Надандық өшті санада жатқан масылдай,
Сегіз жыл өтті арада сегіз ғасырдай.
Бостандық алды жеті жүз қыпшақ оғланы,
Мектепті тауысын,
Талданып таудың тасындай.

Сегіз жыл өтті жауыздық
билеп жер-көкті,
Бостандық пенен еркіндік елді шөлдетті.
Сегіз жыл бойы тозақтың күйіп отында,
Бейбарыс нағыз толағай болып ержетті.

Өткізіп бастан ғаламат ыстық, суықты,
Обырдай бейне өнерге әбден құнықты.
Бәрін де көрді қорлық пен зорлық дегеннің,
Қортылған сүңгі құрыштай болып шынықты.

Әліптен бастап бетіне шығып сорпаның,
Үлгісі болды әскери лагер ортаның.
Теңіздік көрсе, аямай кесіп түсетін,
Қылап боп шықты жүзіндей өткір балтаның.

Құлаққа құйып қоғамның алуан аңысын,
Құрғады қылау түсірмей ұждан-намысын.
Естіген жанды еріксіз баурап алатын,
Күркіреп күндей шығатын асқақ дауысы.

Бұрмайтын бетін орынсыз ұрыс-жаңжалға,
Жанымен қарсы өтірік, өсек, жалғанға.
Арнады шүлен мейірі менен пейілін,
Ауру-сырқау, жоқ-жітік,
кемтар жандарға.

Қумады арзан баянсыз атақ-даңқты,
Бойдағы барлық жсылуын көпке дарытты.
Төбелдей топты сотанақ содыр жандардың,
Шелдерін сылып, көкесін көзге танытты.

Егілді талай мұңлықтың нала-зарымен,
Тағдырлас болды еңбеккер жанның бәрімен.
Туа да біткен мінезі еді өлердей,
Өш болды арам пайдакөс ұры-қарымен.

Болмады үйір опасыз, суайт жалтаңға,
Көрнеуде адам, көместе жады сайтанға.
Бүркіттей бүріп тастаған талай жайы бар,
Рақым етпей бойкүйез ынжық жалқауға.

Жан салмай сірә, алдында қара жұмыста,
Атойшы болды жаттығу машық-«ұрыста».
Адал мен харам арасын қиып түсетін,
Ұқсады алмас, ақ семсер айдай қылышқа.

Бұқпады қорқып, сынақтың ауыр тезінен,
«Айқасты» дәкей командирлердің өзімен.
Батпайтын суға, күймейтін отқа перідей,
Айлалы болды өтетін жүзік көзінен.

Қазарма іші жыландай еді ордалы,
Уытын жайып арбады, талай қорлады.
Бәрін де жеңіп, азуын айға білеген,
Жүрегі түкті жігіттің болды арланы.

Түсініп терең күрделі өмір айнасын,
Санасы түлеп, оқудың көрді пайдасын.
Қыпшақша ойлап, қыпшақша сөйлеп, игерді,
Айтылған сөзбен «соғыстың» алыс айласын.

Пәлсәпә, саз бен есепке ерек құлынды,
Әр елдің салт пен дәстүрін терең түсінді.
Жан салып оқып жағырапия ғылымын,
Меңгерді толық «қарита» деген тылсымды.

Кітаптар жиып бұрыннан қалған көлемді,
Сімірді судай шежіре-тарих дегенді.
Зерделеп-зерттеп саясат, заңы-законын,
Таныды терең тағдыры бөлек көп елді.

Қаймықты «жауы» қатулы қабақ-сүрінен,
Жазбады түрк-қыпшақтың ана тілінен.
Өзім деп білген жандарға жүрек шуағын,
Білдіріп жүрді ауызбен емес, ділімен.

Адамға емес, Аллаға ғана сенетін,
Пайғамбар жолын бәрінен ұлық көретін.
Кем сөзді еді, мың ауыз сөзге ойланып,
Бір ауыз сөзбен қайырып жауап беретін.

Көрер ме қайтып аюын, киік, құланын,
Құстары менен мыңғырған малын Нұраның.
Қойнына тығып ойнайтын сәті келер ме,
Бақасы менен қарасұр шұбар жыланын?...

Тор ала тоз-тоз шашылып кетті-ау үй іші,
Сағыныш қозса кетеді көңіл күйісі.
Көз көрім жерден қолқаңды жарып жететін,
Келмеске кетті-ау тезек пен қидың иісі...

Санада дәйім тудырып жүрер жарылыс,
Бәрі де қайғы, бәрі дерт жанға әрі күш...
Басы бар, бірақ, соңы жоқ мәңгі бұл сезім,
У менен балдың қорытпасы ұлы сағыныш!

БЕЙБАРЫС

(Тарихи дастаннан үзінді)



Көрс де қорлық кетірмей өсті кетеуін,
Шығармады естен байырғы ата мекенін.
Бір жолы жерлес ағайға айтқан жайы бар,
Көкесі – жармақ, шешесі – әйек екенін.

Өтсе де мұңды, қайғылы көңіл күйменен,
Үйренді білім қазғандай құдық инемен.
Есіне кейде түседі ата-бабасы,
Ұзақ жыл бойы Хорасан* елін билеген.

Өнеге болды сөзімен емес ісімен,
Тағдыры жайлы түйеді ойлар ішінен.
Сегіз жыл бойы арманда кеткен көкесі,
Күндізі естен, шықпады түнде түсінен.

Амалы қанша алыста қалды ұлысы,
Ағайын, жекежат, дос-жаран менен туысы.
Азапты ойлар улаған сайын санасын,
Жарылып кете жаздайды кеуде қуысы.

Сағынған сайын болмысы бөлек өз елін,
Бір жалын шарпып өртеді жанын-өзегін.
Қайрылып қайта көзайым болып көрудің,
Туа ма сәті Еділ мен Жайық өзенін?

Санасын қарып аяздай суық мұз-қайғы,
Бітеліп кеуде, туншығып жүрек сыздайды.
Есіне түссе бірге өскен құрбы-құрдасы,
Күпті боп көңіл, тарыдай талшық сызбайды.

Тұңкелі тоғай, үкілі орман жағасы,
Жер ұйық еді-ау Еділ мен Жайық арасы.
Уыздай суы, қымыздай еді-ау ауасы,
Еді ғой нағыз сағынған жанның дауасы.

Кеңсірік жарар ермен мен жуа иісі,
Есіне түссе, тарылып кетеді тынысы.
Көзінен бұлбұл ұшып жүр қазір сағынтып,
Торғайы түгілі, шаяны менен бүйісі.

Аққуы қайда ұшатын жазбай жұптарын,
Ғайыпта қалды-ау әуіпкеде
толы бүк қалың,
Есінен демге шығарған емес әуелі,
Хайуаны түгілі,
шыбын мен шіркей, құрттарын.

Жантая қалса, алмақ боп көздің шырымын,
Сорады құлақ түбінен жердің шуылын.
Жасаурап көзі, жүйкесі шым-шым етеді,
Есіне алса, шегірткелердің шырылын.

Зарланып тартып көкесі қара қобызын,
Мақтан қып айтып отыр еді-ау оғызын.
Ол күндер тұр ғой, көруге енді зар болды,
Байырғы ата жұртының қорқау, доңызын.

Сарғайтып жанын, атқанмен ұзақ әр таңы,
Өзге елде қазір тататын дәм-түз талқаны.
Оқуы бітті, әкетті талдап барысты,
Нажмудин Аюп – Мысырдың үлкен сұлтаны.

Қоғамға шықты, өзгеше тірлік басталды,
Қынапта қылыш, басына қанжар жастанды.
«Жандар» дейтін шен алып, сұлтан ордасын,
Қорғайтын жүздей торғақтар
тобын басқарды.

Ақылды, сергек, зейінді әрі қайратты,
Сұрыптап алды сайлауыт жүздей торғақты.
Орданың маңын тып-тыныш күйге келтіріп,
Темірдей қатты ереже-түзім орнатты.

Өнерге баулып бәрінде әдіс-айлалы,
Аз күнде жұртқа жайылды айбат-айбары.
Көз көрім жерге шанышылып тартқан жесбесі,
Сағымдай көшіп құлағында аттың ойнады.

Кететін жығып белдессе, кіммен алысса,
Желтабан десті ел қашан да жаяу жарыста.
Жаттығу сәтте шыға алмады ешкім алдына,
Құрлықта, суда, аттылы-жаяу «сайыста».

Аңыз боп кетті қимылы қылап тездігі,
Сұңғыла болды түсінер терең сөз құны.
Нысана тігіп күндізі-түні жаттығып,
Көздеген жерге қадады қанжар-кездігін...

Өшкені жанып, тіріліп қайта өлгені,
Келгендей болып, сүйінтті адал еңбегі.
Құралай құсты көзінен дәлдеп ататын,
Атанып кетті атақты «Мәмлүк мергені».

Ақ пенен қара арасын дұрыс айырды,
«Жандары әділ» атағы көпке жайылды.
Топтасып алған қарақшы жендет сұмдардан,
Арылтты таза орталық қала Каирды*.

Өткеріп бастан сан сайыс-қанды кешуді,
Мәртебе тіктеп сұлтанның даңқын өсірді.
Құлаққа ұрған танадай қоғам тып-тыныш,
Бір мезгіл халық алаңсыз ғұмыр кешірді.

Тынышытып қайтты
кей жерде туған бүлікті,
Хақ жолын қорғап, намазға елді ұйытты.
Байлық пен таққа мастанған ұлы сұлтанның,
Бейбарыс сардар көзіне ерте ілікті...

НАУРЫЗҒА ТІЛЕК

Ей, Ұлыстың ұлық күні!
Ұлан-асыр ырысын,
Ұзағынан болсын ол.
Асып-тасқан бүгінгі,
Қызығынды көрсін ел.

Қызыл шұнақ қысыңның,
Қақыратып қамалын,
Түріп тоңның тұсын күн,
Туды бүгін Амалым.

Көңілдерге періште,
Көлеңкеңді жолатпа.
Төл көбейсін өрісте,
Жол бер ұшар қанатқа.

Саған Жаңа жарқын жыл,
Арман қанша жетпеген.
Қара ормандай халқымының,
Несібесін етпе кем.

Менің дарқан даламды,
Қыдыр жүрсін аралап.
Ашкөз қылмай адамды,
Берсін сабыр, қанағат.

Үрлеп ұшқан үмітті,
Берекелі ет әр үйді.
Масыл етпе жігітті,
Жасық етпе сәбиді.

Атсын бейбіт абат таң,
Бақытты ет бар адамды.
Қасиет бер Жаратқан,
Тасытатын Аралды.

Ақ жарылқап сәтті күн,
Ала таннан жырлады.
Қауышуда тап бүгін,
Қырдағы мен Сырдағы.

Ей, Ұлыстың ұлық күні!
Саған айтар бар тілек:
Арманымыз іште көп.
Жүзімізді жарқын ет,
Ісімізді үстем ет!

Толыбай АБЫЛАЕВ,
Арал

НӘУРИЗЕК ҚҰС

Нәуризек құс, келші бізді қуантып,
Сенің құның алтыннан да мың артық.
Арқаға да келіп жетші, ақ құсым,
Алматыдан ұшсаң етті тік тартып.

Нәуризек құс, қанатың еш талмасын,
Солтүстікке жылуыңды арнарың.
Көктемді біз жүрміз әбден сағынып,
Құс жолындай бәлкім, бізді жалғарсың.

Көктем биыл кешігуде Арқаға,
(Ол емес қой бататұғын арқама).
Жаным – мұздақ, көңіл мұздап,
жүргенім,
Тонналаған ой мен мұңды арқалап.

Нәуризек құс, келсең ұшып, мәз болам,
Жаным жылып, салар едім аздап ән.
Көңілімнің бәйшешегі бүр жарып,
Жіпсір ме еді, мұзы кетіп аздаған.
Нәуризек құс, ұшып келші, мәз болам!

Нұрлан ҚАЛҚА





Талғат ТІЛЕУЛЕСОВ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

Туған күн

Жыл басы — көктем айы басталғанда,
Көк тас еріп, жер беті мастанғанда.
Мен туыптын наурыздың 23-інде,
Ырыс толып жатқанда дастарқанға.

Өмір атты ашқанда есігімді,
Тербеткенде жан анам бесігімді.
— Тау көтерген Толағай қояйық, — деп,
Ақылдасып жатыпты есімімді.

Ел басқарған апамыз ардақты еді,
Қуанышқа арнайы арнап кепті.
«Бұл балаңның есімін мен қояйын,
Ұшқыш болар ма екенсің — Талғат», —
депті.

Отырғандар бәрі де мақұлдапты,
«Лайықты бұл балаң атын тапты».
Қариялар беріпті ақ батаны:
«Араласын жазира жарқын бақты».

Батыр болмай, ақын боп бүгінде мен,
Қанат байлап ұшамын жырымменен.
Жүрегімде тулаған құлагер-жыр,
Аттап кетіп барады сүрінгіден.

Қара шаңырақ

Жұмыссыздық жармасқанда жағаңа,
Бойыңызды ашу кернеп, жан аға.
Жиыстырып жиған-терген мүлкіңді:
«Үйді сатып, көшем!» — дедің қалаға.

Інің едім келе жатқан өкшелеп,
Бәріміз де осы үйде өскен ек.
Мені де бір толғандырған сұрақ бар,
Өз ойымды жеткізейін, ескер тек.

Салған үй бұл әкем менен шешемнің,
Соны ойласам тебіренем, кешем мұң.
Қара шаңырақ қалып жатса қараусыз,
Айтшы, аға, мұнымызды кешер кім?!

Қиындықты әркім бастан өткеред,
(Отқа жақпа тоныңызды өкпелеп).
Аманатын айтушы еді ақ әжем:
«Туған үйден сен алыстап кетпе», — деп.

Қиындыққа мойымағын, талап қыл,
Денсаулығың әзір, аға, жарап тұр.
Біздің әрбір ісімізге көз салып,
Қыр басынан әкем марқұм қарап тұр.

Шаңырақты көрмейікші шалқайған,
Шешем отыр мезгіл жетіп қартайған.
Ал сен болсаң көшем дейсің қалаға,
Қала бақыт ұсына ма, ай, қайдам?!

Әр азамат не істесе де қақылы,
Демеу болмай айтқан іні ақылы.
Шаңырақты сол ауылға қалдырып,
Көшіп келдің, тыңдамастан ақыры.

Мен жақында барып келдім ауылға,
Сәлем беріп, тума-туыс қауымға.
Қара құлып кіргізбеді үйіме,
Ерік бердім жүректегі жауынға.

Ет-жүректі кеткендей ме пышақтап,
Бойда әл жоқ, қойғандай бір тұзақ сап.

Ұзақ тұрдым өксігімді баса алмай,
Туған үйдің қабырғасын құшақтап.

Дала заңы

Ақ әжем менің кешер ме ең,
«Анам» деп айтсам шешемді.
Ойға кеп осы кеше мен,
...Іше алмай қалдым кесемді.

Ішіме сөзім сия алмай,
Соңғы кез жүрмін жата алмай.
«Сары балам» ол да дей алмай,
Рухыңнан қорқып бата алмай.

Самай шашым ағарды,
Өткеніммен ойланам.

Армандарын іздеген,
Жолықсақ деп қызбенен.
Түн қойнына тығылған,
Жігіт едік біз деген.

Аяулысын аңсаған,
Жүрді мендей қанша жан.
Бәрімізде бір арман,
Жеріміз жоқ шаршаған.

ҚАНАТ БАЙЛАП ҰШАМЫН ЖЫРЫММЕНЕН

Айта алмай «айым, күнім» деп,
Тартқанмен жақын жанына.
Не деген күшті құдірет,
Бағынған дала заңына!

Әжеме жалғыз сенем тек,
«Өгей» бір шешем секілді.
«Әжеме айтып берем», — деп,
Сүйгізбей қашқам бетімді.

Сонда да, сірә, жан бар ма-ай,
Жанары тұрар суланып.
Көренде жүзін жан қалмай,
Көзімнің алды буланып.

Сырттағы бізді сағынып,
Көзінің жасы тамады.
Кәрілік сыйға малынып,
Күн сайын кеміп барады.

Амалым іштей таусылды,
Көңілді өксік мекендеп.
«Ана» деп шыққан даусымды,
Естімей бір күн кетер деп.

Өмір кезеңі

Көктем — менің бала кезім,
Таңмен алғаш танысқан.
Ақыл-ойға шала кезім,
Желмен құстай жарысқан.

Жазым — менің жігіт кезім,
Жалын кеуде мұздар ма?
Тұнық кезім, үміт кезім,
Сөз салатын қыздарға.

Күзім — менің үйленген кез,
Үйдің қамын ойлайтын.
Бір әйелге үйренген кез,
Уақыт жоқ тойлайтын.


Ал қысым ше, қатулы екен,
Не десе де көнеміз.
Ақ бас шалың ашулы екен,
Уақытында көреміз.

Уақыт

Кезгем талай даланы,
Кезгем талай қаланы.
Өмір деген уақыт,
Зулауменен барады.

Күздің жетіп самалы,
Қаздар қайтып барады.
Қанша таудай болсақ та,
Уақыт мүжіп алады.

Бұлбұл едім сайраған,
Көңіл гүлдей жайнаған.



Бүгін енді қарашы,
Құшағында баласы.
Мен сүйген қыз үйімде,
Төрт баланың анасы.

Көрдік өмір сыйын біз,
Өмір болмас қиынсыз.
Өттік соның бәрінен,
Жаман емес күйіміз.

Ойламаймын даланы,
Кезбеймін мен қаланы.
Мен қыдырған көшеге,
Балам кетіп барады.

Өкінемін несіне,
Бұйырған бар несібе.
Түсіп кетті шіркін-ай,
Сонау жылдар есіме...

Дат

Сендер маған дос па, қас па, кімсіңдер,
Айтыңдаршы, мына аспан, білсін жер.
Мен биіктеп кететіндей көрініп,
Аяғымнан шалып ылғи жүрсіңдер...

Өкінбеймін, шама жетсе шалыңдар,
Дар алдында айнымайтын арым бар.
Атақсыз-ақ аты қалған адам көп,
Сол атақты өздерің-ақ алыңдар.

Күн мен түннің айқасқанда кірпігі,
Тыясыңдар әжуәлі күлкіні.
Сол атақтың бірін алып кете алмай,
Қара жерге жатасыңдар бір күні.

Бір қызға

«Жарым ақын жігіт болса!» — дедің
маған, қарағым,
Ал солай-ақ болсын делік, орындалып
талабың.

Ақын — дауыл, ақын — жауын болған
сәтте, шырағым,
Төзімненен тұра ала ма жүректегі
қамалың?

Ақын керек жаныңызға бүкіл әлем
таныған,
Махамбеттей семсер тілін жігеріне
жаныған.

Бағы, соры көп ақынға жар боп жүру
үшін де,
Кеңес алып көргенің жөн ақындардың
жарынан.

Сүйіп келем елесін

Сол кеткеннен мен де сені көрмедім,
Ұмыттырды уақыт.
Кетеріңде «өлем» дегем, өлмедім,
Ақ таңым да тұр атып.

Көңілімнің күйін шертіп панасыз,
Баққа жалғыз бетмедім.
Жанарымен жалт еткенде қара қыз,
Еске түсті өткенім...

Көңілімнің баса алмай бір елеңін,
Толқып кеттім неше мен.
Сені көріп қалам ба деп келемін,
Сол баяғы көшеден.

Көңіліңе салмап едім қаяу-мұң,
Тағдырыңа көнесің.
Сол бір күннің сағынышын, аяулым,
Сүйіп келем елесін.

Маған тыным бермей жүрген бұл кім, ай?
Көз — ұйқыда, ояу жатыр жүрегім.
Жас ұлғайып қалғанымен, шіркін-ай,
Өткен күннен үзбейді екен күдерін.

Әрең сонда жетіп едім бата алмай,
Көңілімнің шертіп ішкі күйін де.
«Сүйем» деген сөзге жауап қата алмай,
Тым асығыс кіріп кеттің үйіңе.

Даусы шықты ар жағынан шешеннің,
Байлады ма сонан сенің бағыңды.
Сәтсіз болды тағдырымды шешер күн,
Есігің де мәңгілікке жабылды.

Бір көруге зар боп қалып өзіңді,
Талай тұрдым терезенің түбінде.
Ести алмай жауап берер сөзіңді,
Жеткен-дағы күйім бар-ау бүгінге.

Басқан жанмын жанның ыстық алауын,
Сен де енді өткенді ойлап күрсінбе.
Сол сұрақтың айтайын деп жауабын,
Соңғы жылдар түске кіріп жүрсің бе?

Айтпасаң да іштей бәрін түсінгем,
Айтқаныңмен енді бәрі бекер ғой.
Сонау жылды еске қайта түсірген,
Көңіл, шіркін, қартаймайды екен ғой.

Оқы деп өлең сұрама

Ішімде өлді көп өлең,
Айта алмай көпке сырымды.
Түсімде ылғи көрем мен:
«Оқышы», — дейсің жырыңды.

Жымып маған күліп ап,
Көзіңді ыршып тамшысы.
Жүректі кетті жұлып ап,
Тиген бе тағдыр қамшысы?

Өткеннің бәрі — өлі күн,
Шешуін таппас сұрақ мың.
Еріксіз босап көңілім,
Құшақтап сені жұбаттым.

Берейін оқып өлеңді,
Сен енді бұлай жылама.
Біз үшін бөлек жол енді,
«Оқы» деп өлең сұрама.

Марат АЗБАНБАЕВ,
ҚР Судьялар одағының мүшесі

Қараңғы түнде қарт Шыңғыстау балбырап қалың ұйқыға бет алғанда азамат соғысының отына оранған дертті империя желтоқсан айының біріне қараған түні небір әлеуметтік саяси топтардың бірін-бірі сабалаған, тістесіп тайталасқан тағы бір қарулы қанды қақтығысын басынан кешіп жатты.

1930 жылдың 17 қыркүйегінде қазақ ұлтшылдарының ісімен қамауға алынып Ташкент төрінен Тастақтағы түрмеге жеткізілген Әуезов өзіне тағылған айыпты мойындамай: «Жас болдым, оқу оқыдым, Алаш Орда үкіметінде қызмет еткен жоқпын. Қайта, он бір жыл бұрын 1919 жылдың желтоқсанында бұрқылдаған бораны, ысқырған аязы бет қаратпай тұрған Семей қаласында Колчакқа қарсы күрескен астыртын ұйым ісіне қатыстым» деп айқындап айтқан (*Алаш Орда ісі 1920-1940 м.з. 317-318-б*).

Әуезовтің есті дерегіне ден қоймаған Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың (ОГПУ) Қазақстан бойынша Толық өкілетті өкілдігінің тройкасы оны 1932 жылдың 20 сәуірінде Ресейдің Қылмыстық кодексінің 58-бабымен 3 жылға бас бостандығынан айырып, шартты түрде соттап жіберді.

Тоқтау көрмей өскен тежеусіз телі-тентек тергеу Әуезовтің жауабына құлақ аспағанмен, сол қилы заманның өзінде де оның сөзінің растығына дәлел болар уәжді куәліктер бар болатын.

Қазақтың Ұлт-азаттық қозғалысының тарихынан нақты хабары бар Мұстафа Шоқайдың Парижде шығып тұратын «Жас Түркістан» журналының 1932 жылғы №34 санындағы «Тәубеге келген «Алаш Ордашылар» мақаласында «Алаш Ордаға соңынан келіп қосылған Мұхтар былай тұрсын, бұрыннан алашорда мүшесі Ғалымхан да Алаш Орданың бастықтарынан емес» деп жазған.

Жас Әуезов пен Алаш Орда арасындағы қарым-қатынасының шындығын ашып беретін дерек «Алаш Орда ісіндегі» Жүсіпбек Аймауытовтың 1929 жылы ОГПУ-ға берген жауабында бар.

Семей қаласында 1917 жылдан қазақ жастарының «Жанар» атты ұйымы болатын, осы ұйымның атынан М.Әуезов 1918 жылдың мамыр айында Омбы қаласында өткен бірінші жалпы жастар съезіне қатысқан.

Аймауытовтың айтуынша Алаш Орда комитеттері пайда болғанда «Жанар» қоғамдық ұйымы бұл қозғалысты қолдап жүрді, бірақ ара-тұра келіспеушіліктер де болып тұрды (*Алаш Орда ісі. т. I. 405-б*).

Аймауытов атап өткен келіспеушіліктің бір оқиғасы 1918 жылдың қыркүйек айының басында жаңа Семей базарының бас жағында «Қаражан үйі» аталатын үлкен көк үйдің маңында өткенін Нұрпейіс Ысмағұлов еске алады (*Біздің Мұхтар. Естеліктер. 389-б*).

1918 жылғы Әуезовтің Алаш Ордаға қатысты көзқарасы жария қағаз бетіне түспеген болса, ол большевиктерді «Еркіндік, жұрттық жауы» деп сипаттап өзі қол қойған «Бірінші жастар съезі» атты жазбасында жат-жұрттық партияға пікірін ашық білдірген.

Расында да, бүкіл әлемді қамтитын жаһандық революция жасауға кіріскен бүлікшіл партия Алаш Орданы саяси сахнадан күшпен аластата бастаған.

Бұл сұрқия саясатты 1918 жылдың

СОТ

ІСТЕРІ СӨЙЛЕЙДІ



қарашасында Сібірде орнаған Директория, одан кейінгі Колчак үкіметі де жалғастырды. Ақ диктатураға қарулы қарсылық көрсете алмаған Алаш Орда үкіметінің жекелеген өкілдері большевик партиясына өтуді жөн санағанда, Семейдегі қазақтар қаладағы большевиктердің астыртын ұйымдарының ісіне қатыса бастайды (*Семей архиві. Қ-200, Т-1, іс 140, 247-б*).

Архив істерінде Алаш азаматтарының 1919 жылдың бірінші желтоқсанына қараған түні Семейдегі Колчак үкіметіне қарсы ұйымдастырылған төңкеріске қатысқаны жайлы дерек те бар.

Төңкеріс жасап, Семей қаласындағы билікті қолдарына алған Баранюк бастаған топ 1 желтоқсанда Әскери-революциялық комитет құрады да оның құрамына Алаш Орда өкілін қабылдау туралы қаулы етеді, 16 желтоқсанда Семейде Омбыдағы Сібір революциялық комитетінен тікелей бағынатын жаңа облыстық комитет құруға келген өкіл П.К.Голиков өзін Алаш Орда ұйымымен таныстыруды сұрайды. Оған қажетті ақпаратты Алаш Ордаға жақын жүрген Портнягин береді.

Диодор Портнягин (1875–1938) 1919 жылы Семейде губерниялық ғылыми музейінде басшысы, ресейлік белгілі географиялық қоғамының мүшесі болған соң Семейдегі алаш азаматтарымен жақсы таныс еді.

Портнягиннің Алаш Орда туралы

әңгімесін тыңдаған өкіл жиналысқа Семей облыстық ревкомының құрамына «Алаш Орда» ұйымының екі өкілін енгізу туралы Сібір ревкомына петиция жасауға ұсыныс енгізеді.

Ревком ұсынысты толық қолдайды, өйткені жаңа билікке Семейдің 1917 жылдан Алаш аталатын қаласында қазақтармен тығыз байланыс орнатуға оқыған, сауатты, көзі ашық, белсенді қазақтар қажет еді (*Қ-200, Т-1, іс 140, бб.9, 12-13*).

екі ірі, бай аймағынан мол астық пен мал етін ішкі Ресейге шектеусіз тасуға мүмкіндік туады.

Сібір ревкомынан сот жүйесін құру туралы жарлық түсуіне байланысты 1920 жыл қаңтар айының екінші күнінде Семейдің облревкомында қазақтардың қатысуымен алқалы кеңес өткен. Кеңестің күн тәртібіне қазақ сотын құру мәселесі қойылғандықтан қазақ халқының өкілдері арнайы шақырылыпты.

Алайда сот кеңесі туралы жазып отырған облревкомның заң істері бойынша уәкілетті өкілі Назаров құрылтайшы қазақтардың аты-жөнін көрсетпей кеткен. Өкінішті іс!

1920 жылдың 2-қаңтарында өткен бұл кеңес қазақ соттар жүйесін қалаушы алаш азаматтарының алғашқы құрылтай съезі еді. Ескі билік кезінде билер соты деп аталғанымен татымды, толық билікке ие емес соттың орнына еркін, тәуелсіз қазақ соты құрылмақшы еді.

«Қазақ соты – ел жуанын жөнге сал!» деген ұранмен өткен құрылтай қазақ соттарын ұйымдастыру қақында бейресми түрдегі комиссия құрыпты. Қазіргі құқықтық тілге көшірсек – судья лауазымынан үмітті кандидаттарды сынақтан өткізетін Жоғарғы Сот Кеңесі (*Қ-72 м. I іс. 71 23-24-б*).

30 қаңтарда Семейдегі Жоғарғы Сот кеңесі ұсынып, Әуезов бөлімі келіскен тізімге сай Халық соттары Кеңесінің төрағалығына Ахмет Бірімжанов, орынбасары Мұқыш Боштаев, мүшелікке Жакып Ақбаевты бекіткен.

Ал облыстағы уездік халық соттарына ұсынылғандардың ішінде Әбікей Сәтбаев, Сұлтанмахмұд Торайғыровтар жүр. Халық Соттарының жанындағы тергеу комиссиясының құрамында Абай Құнанбаевтың ұлы Тұрағұл, Сәбит Дөнентаев, Даниял Ысқақұлы бар.

6-ақпанда Губревкомның заң бөлімінің сот-тергеу бөлімшесі Әуезовтер ұсынған қазақ соттарының штатымен келіспеушілігін білдірген хатына жауапты біздің Мұхтардың өзі беріпті (*Қ-72 м. I іс. 114. 3-17-б*).

М.О. Әуезов қазақ соттары штатын қысқартуға болмайтынының объективті себептерін нақты фактілермен дәлелдей келе, «Қазақ соттарының штаттық кестесін жасағанда 1917 жылдан қырдағы заңсыздық, қасақана кісі өлтіру, зорлық-зомбылықтың үстемдік құруын, әлемдік және азаматтық соғыстың салдарынан халықтың құқықтық, ар-ұят сезімінің аса құлдырауын есте ұстадық» деген екен.

Р.С. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын «бөрінің бөлтірігін» тежеуден, Қодар мен Қамқаның сот процесінен бастауының себебін архивтегі сот істерінен іздеген дұрыс сияқты.

Сол бір заманда азаматтық соғыстың салдарынан Семей және Ақмола облыстары әкімшілік басқару жағынан Орынбордағы Қазақ ревкомына қарағанымен, іс жүзінде Омбыдағы Сібір ревкомы екі облысты Колчактан босату барысында басып алып өз уысынан шығармайды. Оған Мәскеудегі билік те қарсы емес-тің, оларға қазақтың

Қазақстанда өңірлік рәміздерді (заңда – нышан) әзірлеу тәртібі «Өңірлік нышан жобасын әзірлеу қағидалары» арқылы реттеледі. Бұл құжат Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі әзірлеген нормативтік негізге сүйенеді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен құзыреттер аясында қабылданған.

Қағидалар жобаларды дайындау кезінде қоғамдық келісімді нығайтуды, ұлттық бірлікті сақтауды, өңірдің тарихи, мәдени және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескеруді міндеттейді. Алайда құжатты геральдикалық және құқықтық тұрғыдан талдау оның ережелерінің бірқатары нақтылауды қажет ететінін көрсетеді. Ең алдымен, өңірлік рәміздің құрылымы мен композициялық стандарттары көрсетілмеген. Бұл – техникалық кемшілік емес, өңірлік рәміздерге қатысты жіберілген методологиялық олқылық. Геральдика – бейнелеу өнерінің еркін саласы емес, ғасырлар бойы қалыптасқан қатаң қағидаларға сүйенетін ғылым. Әлемдік тәжірибеде әрбір рәміз нақты композициялық құрылымға, түс гаммасына (*үйлесімі*), рәміздік иерархияға және құқықтық мәртебеге ие болады. Ал құжатта мұндай талаптардың толық айқындалмауы өңірлік рәміздің әр аймақта әртүрлі, кейде тіпті геральдикалық талаптарға сай келмейтін сипатта жасалуына жол ашады.

Қағидаларда жобаның жаңалығы, өңірдің даму бағытын көрсетуі, авторлық құқықты сақтау және плагиатқа жол бермеу сияқты жалпы талаптар белгіленгенімен, рәміздің геометриялық пішіні, түс гаммасы, негізгі және қосымша рәміздік элементтердің арақатынасы, композициялық жүйесі мен графикалық стандарттары анықталмаған. Бұл жағдай жобаны әзірлеушілерді белгілі бір бағытсыз қалдырады және өңірлік рәміздерді әзірлеуді ғылыми-геральдикалық талаптарға емес, дизайнерлік еркіндікке тәуелді етеді. Бұл жүйелік проблема болып саналады. Өйткені геральдикада кез келген ресми белгі нақты құрылымдық үлгіге негізделеді: қалқан пішіні, түстердің рәміздік жүйесі, негізгі бейне мен қосымша элементтер белгілі қағидаларға бағынады. Ондай стандарттарсыз жасалған белгі геральдикалық жүйеге емес, жай графикалық иллюстрацияға айналады.

Құжатта өңірлік рәміздерді қолдану аясы сипатталған: ол мәдени, спорттық және қоғамдық іс-шараларда, тауар таңбаларында, ұйымдардың эмблемаларында, арнайы киімдерде, мерейтойлық медальдар мен алғыс хаттарда пайдаланылуы мүмкін. Дегенмен қолдану саласы айқын болғанымен, рәміздің қандай құрылымға негізделуге тиіс екені нақты көрсетілмеген. Соның салдарынан оны тәжірибеде іске асыру барысында әртүрлі түсіндірмелер мен әркелкі шешімдер туындауы ықтимал. Бұл жағдай нормативтік логика тұрғысынан парадокс болып көрінеді. Қағидаларда конкурс өткізу рәсімі – өтінім қабылдау, қоғамдық талқылау, сараптамалық кеңес қарауы және мәслихат арқылы бекіту тәртібі егжей-тегжейлі жазылған. Алайда бұл талаптар рәміздің көркемдік-геральдикалық мазмұнын айқындамайды, яғни құжат, негізінен, әкімшілік бюрократиялық процестерді өте дәл реттейді, бірақ геральдикалық өлшемдер мен шығармашылық талаптарды нақтыламайды. Мұндай жағдайда сарапшылар үшін де, қоғам үшін де

жобаларды бағалау барысында бірыңғай өлшемдерді қолдану қиынға соғады. Құқықтық айқындық қағидаты кез келген нормативтік актінің нақты, түсінікті және біркелкі қолданылуын талап етеді. Егер рәміздің құрылымы белгіленбесе, әр өңір әртүрлі пішін, пропорция және түс жүйесін қолданады. Бұл бірыңғай геральдикалық стандарттың қалыптасуы-

туциялық заң мәтіндерінде құқықтық категория ретінде орныққан, ал «нышан» сөзі көбіне әдеби сипаттағы, көп мағыналы термин ретінде қолданылады және құқықтық анықтамаға ие емес. Бірақ Республикалық терминологиялық комиссия «рәміз» сөзін тек мемлекеттік ту, елтаңба және гимнге қатысты қолдану жөнінде ұйғарым жасаған. Бұл пайым құқықтық

Сондай-ақ қағидаларда эмблема мен рәміз ұғымдары тең мағынада қолданылған, бұл да терминологиялық дәлсіздікке жатады. Эмблема – белгілі бір ұйымның немесе мекеменің бейнелік белгісі ғана, ал рәміз – заңнамалық негізде бекітілген ресми белгі. Сондықтан ведомстволық немесе ұйымдық деңгейдегі белгіні құқықтық мәртебесіне қарай атау қажет. Құжатта авторлық құқық мәселесі де толық реттелмеген. Жобаның авторы Қазақстан Республикасының азаматы болуға тиіс екені көрсетілгенімен, автор мен мемлекеттік орган арасындағы

ӨҢІРЛІК РӘМІЗ: ҚАҒИДА БАР, ЖҮЙЕ ЖОҚ

Сондай-ақ қағидаларда эмблема мен рәміз ұғымдары тең мағынада қолданылған, бұл да терминологиялық дәлсіздікке жатады. Эмблема – белгілі бір ұйымның немесе мекеменің бейнелік белгісі ғана, ал рәміз – заңнамалық негізде бекітілген ресми белгі. Сондықтан ведомстволық немесе ұйымдық деңгейдегі белгіні құқықтық мәртебесіне қарай атау қажет.

на кедергі келтіреді. Сондықтан өңірлік рәміздер белгілі бір композициялық талаптарға сәйкес болуы қажет: негізгі пішін (*мысалы, қалқан немесе шеңбер*), түстік гамма, негізгі және қосымша элементтердің арақатынасы, мағыналық жүктемесі мен стилистикалық тұтастығы нормативтік деңгейде нақты көрсетілуге тиіс. Сонымен қатар сараптамалық кеңестің бағалау критерийлері де айқын белгіленуі қажет, өйткені құрылымдық талаптар болмаған жағдайда сараптамалық қорытынды субъективті сипат алып, жобаларды бағалау барысында бірыңғай өлшемдер қолданылмайды.

Тағы бір назар аударатын мәселе – құжаттағы әкімшілік деңгейлерді көрсету тәсілі. Қағидаларда облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдіктері аталғанымен, аудандық маңызы бар қалалар қамтылмаған. Ал құқықтық тұрғыдан барлық әкімдіктер жергілікті атқарушы орган болып табылады. Өңірлік бірегейлік тек облыс деңгейінде ғана қалыптаспайды, сондықтан нормаларды әкімдік деңгейіне қарай бөлудің орнына «тиісті аумақтың жергілікті атқарушы органы» деген бірыңғай құқықтық ұғыммен белгілеу заң техникасы тұрғысынан тиімді әрі құқықтық тендікті қамтамасыз етеді. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ешбір әкімдік өңірлік рәмізді өз бетінше бекіте алмайды. Әкімдіктің міндеті – жобаны әзірлеу, конкурс ұйымдастыру, қоғамдық талқылау өткізу және сараптамалық кеңеске ұсыну. Ал түпкілікті шешім қабылдау құқығы мәслихатқа тиесілі. Бұл өкілеттік «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заң арқылы бекітілген. Аталған заңға сәйкес мәслихат өңір тұрғындарының еркін білдіретін жергілікті өкілді орган болып табылады және өңірлік рәміздерді бекіту немесе кері қайтару туралы шешім қабылдайды. Егер жоба белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, мәслихат оны бекітпеуге толық құқылы. Бұл – саяси-құқықтық маңызы бар шешім. Терминологиялық тұрғыдан да бірқатар мәселе бар. Қағидаларда «өңірлік нышан» термині қолданылғанымен, құқықтық құжаттарда дәл әрі орнықты атау – «өңірлік рәміз». «Рәміз» ұғымы Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» консти-

негізде де, ғылыми дәлелге де сүйенбейді. Мәселені талқылау барысында назар «рәміз» сөзінің өзіне ғана аударылып, оның әртүрлі құқықтық мәртебелерге ие болатыны ескерілмеген. Шын мәнінде, рәміз ұғымы мемлекеттік, өңірлік, ведомстволық және әскери деңгейлерде қолданылады. Олардың әрқайсысының құқықтық мәртебесі де, қолдану аясы да бөлек. Сондықтан мәселе «рәміз» сөзінің өзінде емес, оның құқықтық санатын дұрыс айқындауда жатыр. Егер талдау атауға емес, «мемлекеттік рәміз», «өңірлік рәміз», «ведомстволық рәміз» және «әскери рәміз» деген құқықтық санаттарға сүйене отырып жүргізілсе, олардың ара-жігі анық ажыратылады. Мұндай тәсілде бірде-бір ұғым екіншісінің мәртебесін төмендетпейді. Керісінше, әрқайсысы өз құқықтық деңгейінде қарастырылады. Демек, мәселенің түйіні терминнің өзінде емес, құқықтық жүйелеудің әлсіздігінде жатыр. Ұғымдарды құқықтық санаттар арқылы айқындау ғана бұл саладағы түсінбеушіліктер мен жасанды қайшылықтарды жоя алады. Келесі мәселе – өңірлік рәміздің құқықтық мәртебесі мен қолданылу тәртібінің жеткілікті деңгейде нақтыланбауы. Егер өңірлік рәміз ресми белгі ретінде танылса, онда оның қолданылу аясы, қорғау тәртібі және заңдық жауапкершілігі де нақты көрсетілуге тиіс. Әйтпесе, рәміз тек көркем белгі деңгейінде қалып, қазақстандық рәміздік жүйенің бір бөлігі ретінде толыққанды қызмет атқара алмайды.

Тағы бір маңызды жайт – рәміздік мазмұнды сараптау механизмі. Геральдикада әрбір белгі кездейсоқ тандалмайды. Әр бейне белгілі бір тарихи дәстүрді, мәдени кодты немесе әлеуметтік мағынаны білдіреді. Өңірлік рәмізді жасау барысында ғылыми-сараптамалық сүзгі әлсіз болса, онда тарихи негізі жоқ, мағыналық тұрғыдан үстірт рәміздің пайда болу қаупі артады. Бұл өз кезегінде рәміздің тәрбиелік және идеологиялық әлеуетін әлсіретеді.

Енді бір назар аударатын мәселе – ұлттық геральдикалық дәстүр мен қазіргі дизайнерлік үрдістердің арақатынасы. Соңғы жылдары рәміз жасау барысында таза көркемдік немесе графикалық тәсілдерге артықшылық беріліп, тарихи-рәміздік мазмұн екінші қатарға ысырылып жатады. Ал геральдикада керісінше, ең алдымен, мағына шешуші рөл атқарады.

құқықтық қатынастар, рәмізді пайдалану немесе өзгерту тәртібі анықталмаған. Бұл болашақта құқықтық даулардың туындауына әкелуі мүмкін.

Тағы бір маңызды мәселе – тарихи және этнографиялық элементтерді пайдалану тәртібі. Геральдикада мұндай белгілерді қолдану аса жауапкершілікті талап етеді, өйткені өңірлік рәміз белгілі бір аумақтың барлық тұрғындарын біріктіретін ортақ белгі болуға тиіс. Сондықтан оның мазмұны тар рулық немесе этникалық сипатта болмауы керек. Сараптамалық кеңестің қызметіне қатысты нормалар да нақтылауды қажет етеді. Кеңестің өкілеттігі, шешім қабылдау өлшемдері және қорытындыларының құқықтық салдары толық ашылмаған. Ал геральдикалық сараптама тек көркемдік бағалау емес, тарихи, мәдени және құқықтық талдауды қамтитын кешенді процесс. Бүгінгі қағидалар өңірлік рәміздерді әзірлеу процесін рәсімдік тұрғыда реттегенімен, геральдикалық мазмұнды қалыптастыру мәселесін ашық қалдырған. Нәтижесінде, құжат әкімшілік процедуралар жиынтығына айналып, рәміздің ғылыми негізін толық қамтамасыз ете алмай отыр. Егер құрылымдық талаптар, терминологиялық бірізділік және геральдикалық стандарттар нақты бекітілмесе, Қазақстандағы өңірлік рәміздер біртұтас жүйеге емес, әр аймақтың дивайнерлік эксперименттеріне айналады.

Сондықтан өңірлік рәміздер туралы құжатты жетілдіру кезінде үш негізгі бағытқа басымдық беру қажет деп санаймын. Бірінші, геральдикалық композицияның нақты стандарттарын белгілеу; екінші, рәміздердің құқықтық мәртебесін және оларды қолдану тәртібін айқын регламенттеу; үшінші, рәміздік мазмұнды ғылыми тұрғыдан сараптайтын тұрақты сарапшылық механизмді (*темікті*) қалыптастыру.

Өңірлік рәміз – жай ғана көркем бейне емес. Ол белгілі бір аумақтың тарихи жадын, мәдени кодын және құқықтық мәртебесін білдіретін ресми белгі. Сондықтан өңірлік рәмізді әзірлеу қағидаларын геральдикалық талаптарға, құқықтық нормаларға және терминологиялық бірізділікке толық сәйкестендіру – уақыт талабы. Құрылымдық стандарттар мен құқықтық анықтамалар нақты бекітілген жағдайда ғана өңірлік рәміз біртұтас геральдикалық жүйе қалыптастырып, ұлттық мәдениет пен мемлекеттік басқару жүйесінде өз орнын табады. Өңірлік бірегейлік те дәл осындай ғылыми негізделген әрі құқықтық тұрғыдан айқын жүйе арқылы ғана толық мәнге ие болмақ.

Әлбетте, бұны білгеннен мәселе шешілмейді, біз әлі де стерильдей береміз (нені болса да). Сірә, одан енді ешқашан бас тарта алмаспыз. Автор да ол қажеттілікті терістемейді. Өйткені... оқырман стерилизация туралы шындықты айтты. Өйткені ол да, сендей, жаралыстың басқа бір нүктесінде тұр. Ол да өз биігінен бірдеңе көріп тұр. Тек оныкі жөн болғанымен, ақиқатты ашуға жеткіліксіз. Оныкі... автор шындығының құрамында. Оның шындығы автордың қазанында қайнап, ақиқатқа ұласты.

Иә, «Бағира Шер» әңгімесінің авторы күреспейді, тартысқа түспейді, ешкімді де, ештеңені де сөкпейді, кінәламайды, терістемейді. Ол оқырман айтып отырған мәселені одан әлдеқайда биік деңгейде ашып көрсетеді және онысын оқырманға таңбайды. Сол үшін де драманы жасанды күшейтпейді. Ол тек көзқарас аясын кеңейтуді ұсынады. Бұл — өзекті тақырыптар өрісіне бейімделмейтін, қайта, дағдылы деңгейден әлдеқайда терең қабатты ашып көрсетіп, «сонынан ертетін» субъект позициясы. Оны қабылдау я өз шеңберінде қалу оқырманның өз еркі. Әрине, ойы мен бойы қалыптасып, небір иланымға ұйып, қатып-сөміп қалған адамның бір мысқал өсуінің өзі мұн. Бірақ азат басын құл ғып, қолдан келмес іске ұмтылған нағыз еркін жан.

Көркем шығарма, жалпы, кітап оқуға кіріскен оқырман да, дүниеге, өмірге өз көзқарасын ұсынған автор сынды, конструктивті диалогқа апарар сұхбатқа, тіпті пікірталасқа әзір ғана емес, ықыласты да болса, бірінші кезекте, қоғам үшін игі.

«Бағира — Шер» әңгімесі күн тәртібіндегі өзекті әлеуметтік мәселе тұрғысынан оқып, пікірлер қалыптасып, күресі ретінде, «қолдаймын» я «қарсымын», «стерилизация керек» я «керек емес» дегенге құрылатын тартыс ретінде қабылдайтын мәтін емес.

Автор трагедиялық желіні оқырманға әсер етіп, жанашырлығын тудыру үшін емес, әлдеқайда тереңдегі, шығарма (оқиға) шегінен тыс шындықтың өлшемі ретінде сақтайды. Тартыстың моральдік (құндылықты) емес, эмоциялық тұрғыдан мақұлдау шеңберіне жұтылып кетуіне жол бермейді, дайын тезиске бағындырмайды. Қайта, қоғамдық сезім баяғыда-ақ шешім шығарып, нүктесін қойған мәселені әрі қарай қаулап, ширеңдетіп тудырады. Өркениетті, гуманистік шешімді бұзып, кері кетіргендей болады. Гәп осында. Осы ширеңдеу, қарсылықты автор ғана емес, оқырман да енсерсе, ар жағынан ол қоғамдық таңдаудың құны ашылады. Оқырман осылай өседі. Автор жеткен өре, оқырманға белгілеген, дәлірек айтқанда, оқырман жетуі тиіс «планка» ыңғайсыз, тіпті қайшылықты. Сол күрделі, қайшылығымен де мәтін өте жанды.

Қазақ мал сойғанда (бауыздағанда) өз әрекетінің мұқтажыдан екенін түсініп, мойындап, «Сенде (немесе малда) жазық, менде азық жоқ» дейді. Моральдік философияда бұны «жад этикасы» дейді. Оның мәні мұқтаждық, зәруліктен жасалған іс-әрекет те басқаның еркіне қол сұғу, өміріне араласу болып қалады дегенге саяды. Міне, «Бағира — шер» әңгімесінің авторының айтпағы да сол. Ақыл иесі бола тұра, табиғи жөн-жосыққа оспадарсыз қол сұғып, араласқанымызды, енді соның салдарын реттеуге мәжбүр екенімізді түсіну, есте сақтау.

Суреткер сергек болғанда, әдебиет ақты қаралау, қараны ақтауға, терең, көпқатпарлы, көпқырлыны қарабайырландыруға қарсылық кеңістігіне айналады. Қалыпқа сыймайтынды бейтараптандыру, одан қалыптасуға айналдыру арқылы шешім қабылданып қойғанда да адамды жауапкершілік тұғырынан тырп еткізбейді. Осы сергектік сақталғанда, рұқсат етілетін норма терезесі тым кеңімейді, тым айқара ашылмайды.

Өнерде аяқталғандық — көркемдік қажеттілік. Ал тірі адам, жалпы, тіршілік иесіне қатысты зорлық десе болады. Сондықтан эстетикалық тұрғыдан мәтін аяқталғанмен, этикалық тұрғыдан аяқталған жоқ. Сөз тәмам болғанмен, процесс аяқталмайды. Солай болуы керек те.

Айнагүл САДЫҚОВА,
әдебиеттанушы, Жазушылар одағының мүшесі

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ — АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Инклюзивті қоғамды оң мүмкіндіктермен толықтыру уақыт сұранысы болып отыр. Бүгінде түрлі диагнозбен өмірге келген балалар санының артуын мамандар экологиямен, азық-түлікпен, өзге де себептермен байланыстырады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін балалар көбейіп барады. Балалар тиісті реабилитация қабылдау үшін жарты жыл уақыт күтеді. Сөйтіп, уақыт жоғалтады. Кезегі келген кезде толық оңалтудан өтуге мәжбүр. Балалар сапалы қызмет алу керек. Мемлекет тарапынан арнайы психолог мамандарының даярлануына назар аударылуы керек.



Білім және ғылым министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осы жұмысты қолға алуы керек», — деп айтқаны бұл мәселеде дабыл қағып қана қоймай, нәтижелі жұмыстар жасалуы тиіс екенін дәлелдейді.

Осы орайда ҚР Оқу-ағарту министрлігі инклюзивті білім беруді дамытуға күш салуда. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жұмыс тобының отырысы өткен болатын.

Қазақстанда инклюзивті білім беру адами әлеуетті дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі саналады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, әрбір баланы оның қажеттіліктеріне қарамастан қолдау — әділетті әрі орнықты қоғам қалыптастырудың негізгі шарты. Тең мүмкіндіктер қоғамын құру және сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету салада жүргізіліп жатқан реформалардың басты басымдықтарының бірі болып қала бермек.

Қабылданып жатқан шаралар аясында

елімізде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау инфрақұрылымы кезең-кезеңімен кеңейтілуде. Қазіргі уақытта Қазақстанда 537 бейінді ұйым жұмыс істейді. Олардың қатарында 48 балабақша, 99 мектеп, 126 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, 238 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 12 аутизм орталығы және 14 оңалту орталығы бар. Қолдау кабинеттерінің саны 1 095-ке дейін артты.

2025 жылдың қорытындысы бойынша еліміздегі мектептердің 95,2 пайызы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға жағдай жасаған. Инклюзивті ортада 94 527 бала білім алуда. Мемлекеттік тапсырыс аясында 7 775 мүмкіндігі шектеулі бала психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған. Жұмыс тобының отырысы барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды кешенді қолдауға бағытталған мүдделі тараптардың ұсынымдары таныстырылды. Бұл ұсынымдар білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелерінің өзара іс-қимылын біріктіріп, баланың дамуының барлық кезеңдерінде қажетті қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Түрлі қажеттілігі бар балаларға дер кезінде медициналық, психологиялық, өзге де дамыту негізіндегі оңалту жұмыстарын жасаса, нәтижесі де айқын болмақ.

«ЕРЕКШЕ» ФИЛЬМІ КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Жуырда толықметражды «Ерекше» фильмінің премьерасы өтті. Туындыға Арман есімді жас жігіттің өмірі арқау болған. Кинода басты рөлдерді Жасұлан Көпберген, Ақерке Назарбекова және Расул Бауыржан сомдаған. Сценарийін Сержан Серікбай жазса, режиссері — көрерменге «Алға» спорттық драмасы, «Келінжан» франшизасы, сондай-ақ «Жаным, ты не поверишь» және «Менің папам — тигр» фильмдері арқылы таныс Ернар Нұрғалиев.

Фильмнің желісі бойынша, алаңсыз күн кешуге дағдыланған күндердің-күнінде мас күйінде көлік жүргізіп, мүлікке зиян келтіргені үшін қоғамдық жұмыстарға тартылады. Спорт кешеніне келген кезінде Әйгерім және оның БЦС диагнозы бар інісі Дидармен танысады. Бастапқыда Арман жеке пайдасын ғана ойлайтын жан болғанымен, күтпеген жағдайлардың әсерінен мінезі өзгере бастайды. Әйгерімнің інісімен арадағы достық арқылы Арманның көзқарасы түбегейлі жаңарады, құндылықтар жүйесі де мүлде басқа арнаға түседі.

Дидар денсаулығындағы қиындыққа қарамастан, спортты серік етіп, паралимпиадалық спорт түрі боччамен айналысады. Арман Дидармен бірге оның үмітсіздікке түскен сәттерін, спортты тастағысы келген кездерін және жеңіске деген ерік-жігерін бірге бастан өткереді, бірге жаттығады. Болмысы өзгерген Арман Әйгерім үшін де жақын адамға айналады.

Картина Қазақстан бочча федерациясының қолдауымен және серіктестердің демеуімен түсірілген. Жоба ерекше спортшылардың қалай өмір сүріп, немен айналысатынын көрсету мақсатында жүзеге асқан.

Премьера қонағы белгілі журналист Гүлбану Аният: «Бүгін «Ерекше» деп аталатын фильмнің жабық көрсетіліміне бардым. Өте әсерлі, сапалы, актерлік құрамы да мықты туынды. Басты рөлдерде, әсіресе жастар жақсы көретін

Жасұлан Көпберген, Ақерке Назарбекова және Расул Бауыржан ойнайды.

Фильмде әзілдей отырып, инклюзия проблемасына назар аудартады. Ерекше жандардың өздері ғана үнсіз күресіп жүретін қиындықтармен қоғамдағы кедергілерді қозғайды. Инклюзия мәдениеті дәл осы құндылықтарды дәріптейтін туындылардан басталады деп ойлаймын.

Фильмді Қазақстан бочча федерациясының (президенті Мәулен Әшімбаев) бастамасымен түсіріпті. Жаңа картина барлық кинотеатрларда 19 наурыздан бастап көрсетіледі. Барыңыздар, қолдаңыздар. Демалыста балаларды алып барыңыздар. Фильмнен түскен қаржы ерекше балаларды қолдауға жұмсалады екен. Ендеше млрд жинасын», — деп Ақжарма тілегін жеткізді.

Бұл спорт түрі 1984 жылдан бері Паралимпиада ойындарының бағдарламасына енген және әлемдік спорттағы тең мүмкіндік пен инклюзивтіліктің символдарының бірі болып саналады. Бұл ойын ауыр мүгедектігі бар адамдарға арналған, оның ішінде БЦС, бұлшықет дистрофиясы және жұлын бұлшықет атрофиясы диагнозы бар спортшылар да бар. Қазақстан бочча федерациясы 2021 жылы құрылған. Қазіргі уақытта ұйымның аймақтық филиалдары еліміздің 13 өңірінде жұмыс істейді. Спорт секцияларында 250-ден астам спортшы жаттығады. Ұлттық құраманың 47 мүшесі Қазақстан атынан халықаралық жарыстарда өнер көрсетіп жүр.



ДАРЫНДЫ ШӘКІРТТЕР ТАБЫСЫ

Астанада өткен жаратылыс-тану-математикалық пәндер бойынша ғылыми жобалардың республикалық байқауының қорытындысында Қарағанды облысының оқушылары 10 медаль жеңіп алды, оның төртеуі – алтын.

Еліміздің өңірлерінен 623 оқушы қатысқан байқау қорытындысына 10 секция бойынша 463 жоба ұсынылды. Жұмыстар халықаралық талаптарға сай бағаланды.

«Сарыарқа дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығының мәліметіне сәйкес, Қарағанды облысынан финалға 13 оқушы қатысып, 10 жоба шыққан. Соның ішінде жел энергиясын пайдалану арқылы зымыранға арналған аэродинамикалық қону платформасы жобасын ұсынған Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушылары Әнуар Әбдіразақ пен Ислам Қанағатов алтын медальға ие болды. Жоба жетекшілері – физика пәнінің мұғалімі Айнұр Мұсабекова мен информатика пәнінің мұғалімі Жарқын Әбдікәрімов.

«Жас зерттеушілер аэродинамика заңдарын, ауа ағындарының қозғалысын, жел күшінің әсерін және энергияны қайта бөлу мүмкіндіктерін зерттеп, қорытындыларын тәжірибелік модель арқылы дәлелдеді. Шешім отын шығынын азайтуға, қауіпсіз қонуды қамтамасыз етуге және экологиялық тиімділікті арттыруға бағытталған, – деді Жамбыл атындағы ММЛИ директорының орынбасары Арай Қалыкова. – Бұл

жеңіс – бүкіл ұжымның жетістігі әрі жүйелі еңбектің және ғылымға деген қызығушылықтың нәтижесі».

Сондай-ақ ақпараттық технологиялар лицейінің 9-сынып оқушысы Иван Сон бионика қағидаттарына негізделген роботтандырылған қол жобасы үшін бірінші орын, алтын медаль иеленді. «Манипулятор жобасын былтырғы көктемде бастаған едім, республикалық байқауға дейін нұсқасын жетілдірдім. Бионикалық роботтардың мүмкіндіктері кен, олар өнеркәсіпте де, медицинада да қолданылады. Ерекшелігі – ұстауға ыңғайлығында. Жұлделі орыннан үміттендім, жеңімпаз атанған сәт, әрине, ерекше толқыныс сыйлады», – дейді ол.

– Иван робот техникасымен бірнеше жылдан бері айналысады, бұл – оның алғашқы марапаты емес, – деді жаттықтырушысы әрі ұстазы Қайрат Исмаилов.

Математика секциясы бойынша алтын медальді Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Даниал Орысхан жеңіп алды. IT лицейінің оқушылары Ясмин және Айлин Сейфуллиналар «Информатика» секциясында күміс медальдарға ие болды. Ясмин сонымен қатар Narxoz University оқу грантын иеленді. Ал «Дарын» ММЛИ оқушылары Нұрасыл Мереке, Риза Ахметова және Тілек Амангелді, сондай-ақ Балқаш қаласы Абай атындағы №2 мектеп-лицейінің оқушысы Тұмар Ерболқызы қола жүлдегерлер атанды.

Айта кетейік, үздік жобалар мамыр айында АҚШ-тың Финикс қаласында өтетін Regeneron ISEF 2026 халықаралық ғылыми-техникалық көрмесіне қатысады.



ЕЛ ИГІЛІГІНЕ АРНАЛҒАН ҚОЗҒАЛЫС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына, волонтерлік қозғалыстарға, қайырымдылық шараларға әлеуметтік кәсіпкерлікке және ел игілігіне арналған басқа да жұмыстарға белсене қатысу – жауапкершілікке негізделген жасампаз отаншылдық көрінісі.



Бүгінде ұлттық идеологиямыздың ажырамас бөлігіне айналған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында Атырау облысында табиғат қорғау аймақтары мен табиғи қорықтарда өрт қауіпсіздігін сақтау және оның алдын алу мақсатында өткен экологиялық іс-шараға 200-ге жуық жас қатысты.

Өңірлік коммуникациялар қызметі хабарлағандай, «Экологиялық ағарту және насихаттау жұмыстарын жүргізу» жобасы аясында өткен іс-шара барысында жастар мен еріктілер табиғат қорғау аймақтарында демалушылар мен тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Өрт қауіпсіздігі ережелері туралы ақпарат таратып, табиғат аясында демалу кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау жөнінде арнайы жадынамалар үлестірді, демалыс орындарында қоқыс қалдырмау, от жағу кезінде сақтық шараларын сақтау қажеттігі түсіндірілді.

Табиғи ресурстар және табиғат

пайдалануды үйлестіру басқармасының басшысы Ерболат Омаровтың айтуынша, табиғи аумақтардағы өрттердің басым бөлігі адам факторынан туындайды. «Сондықтан тұрғындар арасында экологиялық ағарту жұмыстарын күшейту және жастардың табиғатты қорғауға бағытталған бастамаларын қолдау аса маңызды», – дейді басқарма басшысы.

Басқарма басшысы былтырғы жылы облыс аумағында 11 қамыс өрті тіркеліп, табиғатқа айтарлықтай зиян келтірілгенін атап өтті. Осыған байланысты облыс әкімінің қолдауымен Ақжайық мемлекеттік табиғи резерватына 20-ға жуық арнайы техника берілген. Ол «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясындағы мұндай іс-шаралар өңірде эко-волонтерлік қозғалысты дамытып, қоғамның әр мүшесінің табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін арттыруға және қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыруға үлкен ықпал ететінін атап айтты.

Өз тілшімізден

ЕЛ ӘЛЕУЕТІН ҚОРҒАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

«AMANAT» партиясы Отырар аудандық филиалының ұйымдастыруымен Аққұм ауылдық округіндегі «Аққұм» бастауыш партия ұйымында фермерлер мен шаруа қожалықтарының құрылтайшыларына арналған маңызды кездесу өтті.

Іс-шараға аудан әкімдігінің сала жетекшілері, ауылшаруашылығы, кәсіпкерлік бөлімдерінің жауапты өкілдері, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, микроқаржы ұйымдарының басшылары, ауыл кәсіпкерлері мен белсенді тұрғындар қатысты.

Бұл басқосу Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан жүйелі реформалардың өңірлік деңгейде нақты түсіндіріліп, іске асырылуына бағытталды. Кездесу барысында ауыл шаруашылығын қолдау тетіктерімен қатар, еліміздің болашағын айқындайтын жаңа Конституция жобасының негізгі қағидаттары кеңінен сөз болды. Сонымен қатар «Ауыл аманаты» бағдарламасы әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндіктер қағидаттарының орнығуына жәрдемші болатыны да қозғалды. Жиында партияның басты мақсаты мемлекеттік қолдау тетіктерін ауыл тұрғындарына нақты, түсінікті әрі қолжетімді форматта жеткізу, кәсіп бастауға ниетті азаматтарға жол ашу екені түсіндіріліп, «Ауыл аманаты» бағдарламасының мүмкіндіктері таныстырылды. Кездесу барысында ауыл кәсіпкерлігін

дамыту мәселесі стратегиялық басымдық ретінде қарастырылатыны, ауылдың әлеуетін арттыру ел экономикасын нығайтудың, халықтың әл-ауқатын көтерудің ең тиімді жолы екеніне баса мән берілді.

Осы тұрғыда «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, жұмыссыздықты азайтуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейін көтеруге бағытталған кешенді жоба ретінде ұсынылды. Кездесу барысында «Ауыл аманаты» бағдарламасының VI бағыты аясында Отырар ауданы аумағында жүзеге асырылатын кәсіпкерлік бастамаларға ерекше назар аударылды.

Бұл бағыт ауылда шағын және орта бизнесті дамытуға нақты мүмкіндіктер ашып бергені айтылды. Атап айтқанда, бағдарлама аясында қызмет көрсету саласына қатысты кәсіп түрлеріне – шаштараз, автожөндеу, тұрмыстық қызмет көрсету жобаларын төменгі пайызбен несиелеу мүмкіндіктері жөнінде мағлұмат берілді. Шағын өндірісті дамыту саласында тігін цехтары, наубайханалар, қолөнер бұйымдарын өндіру жобалары басымдыққа ие екені түсіндірілді. Туризм және демалыс қызметтері саласында агротуризм, экскурсиялық бағыттар, ұлттық тағамдар орталықтары, атпен серуендеу, балық аулау сынды жобаларға қаржы бөлу қарастырылып отырғаны туралы ақпарат берілді.

«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының баспасөз қызметі

«Көрсен, көзің тоймайтын, айтсаң, сөзің жетпейтін» киелі Жетісу бүгінде жаңа тыныс алып, жаңаша кейіпке енген өңірге айналып отыр. Асқақ «Жетісу – Алатауы» мен шипалы толқыны тербелген Алакөл мен Балқаштың арасына қоныс тепкен бұл өлке – жай ғана географиялық нүкте емес, Қазақстан туризмінің алтын арқауы, табиғат пен тарихтың үндескен ғажайып мекені.



ЖЕТІСУ ТУРИЗМІ: СЕРПІЛІС пен ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР

Осы бір ғажайып өңірдің туристік әлеуетін әлемге паш етіп жүрген «Visit Zhetysay» туристік ақпараттық орталығы – даму мен жаңашылдықтың басты қозғаушы күші. 2025 жыл орталық үшін тек атқарылған жұмыстардың қорытындысы ғана емес, жана мүмкіндіктерге жол ашқан, тың бастамалар жүзеге асқан, туризмге серпін берген айрықша кезең болды.

«Visit Zhetysay» туристік ақпараттық орталығы өңірдің сұлу табиғатын, терең тамырлы тарихын және қайталанбас мәдениетін халықаралық деңгейде таныту жолында ауқымды әрі жүйелі жұмыстар жүргізіп, Жетісудың туристік келбетін жаңа биікке көтерді. Бұл – тек жетістік емес, болашаққа нық қадам, Жетісудың жарқын келешегіне бастар сенімді жол.

Бұл кезең ерекше қарқынмен, тың серпінмен шабытқа толы болды. Жыл бойы ұйымдастырылған 19-дан астам ауқымды іс-шара Жетісудың туристік әлеуетін жаңа белеске көтеріп, өңірдің тартымдылығын айқын көрсетті.

Алакөл мен Балқаш жағалауында өткен ақпараттық турлар, «Долантау–Жолбарыс» тауларына бағытталған экспедициялар, сондай-ақ халықаралық «KITF–2025» көрмесіндегі жарқын әрі нәтижелі қатысу – мұның барлығы Жетісудың туристік брендіне жаңа леп, жаңа серпін сыйлады. Әсіресе үздік стандарттардың бірі ретінде иеленген марапат өңірдің мүмкіндігі мен әлеуетінің айқын дәлелі.

Алғаш рет жүзеге асқан «National Geographic Qazaqstan»-мен бірлескен экспедициялар Жетісу табиғатының тылсым сұлулығын жаңа қырынан ашып, оны халықаралық аудиторияға танытудың тиімді алаңына айналды. Ал «Таза Қазақстан» экологиялық акциялары табиғатқа деген жанашырлық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама ретінде ерекше мәнге ие болды.

Бұл жетістіктер – Жетісудың тек бүгінгі табысы ғана емес, болашақтағы зор мүмкіндіктерінің берік іргетасы. Жетісу туризмінің басты ерекшеліктерінің бірі – оның терең әлеуметтік бағытталуы. 2025 жыл алғаш рет ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен әлеуметтік осал топтарға арналған экскурсиялардың ұйымдастырылуы туризмнің тек демалыс емес, қоғамды біріктіретін, жүректерді жақындастыратын үлкен күш екенін айқын көрсетті.

«Алтын-Емел» ұлттық табиғи паркімен бірлесіп өткен «Парктер шеруі – 2025» танымдық сапарлар балаларға табиғатпен үндесіп, туған жердің қадірін терең сезінуге, оның әрбір тынысын жүректен ұғынуға мүмкіндік сыйлады. Экскурсиялар Жетісу облысының туристік нысандарында, атап айтқанда, Текелі қаласы, Талдықорған қаласы және «Алтын-Емел» МҰТП және басқа да бағыттар бойынша өткізілді. Бұл бастама мейірім мен қамқорлыққа негізделген, қоғам үшін аса маңызды қадамдардың бірі болды.

Заманауи туризм – бұл әсер мен визуалдың үйлесімі. Осы бағытта да «Visit Zhetysay» батыл қадам жасап, жаңа деңгейге көтерілді. 1200-ден астам фотосурет пен 700-ден астам бейнеролик өңірдің табиғи сұлулығын сөйлеткен көркем тілге айналды.

«Visit Zhetysay» орталығы заманауи контент әзірлеу бағытында фото, видео, дрон арқылы түсірілген әсерлі панорамалар, жасанды интеллект элементтері қолданылған заманауи бейнероликтер Жетісудың жаңа цифрлық келбетін қалыптастырып, оны әлемге жаңаша қырынан танытты. Бұл – табиғат пен технологияның үйлесім тапқан, туризмнің болашағына бастар жарқын бағыт.

Ақпараттық кеңістікте де Жетісудың үні айқын әрі сенімді естілді. Әлеуметтік желілер, телебағдарламалар, басылымдар мен әуе компанияларымен жасалған серіктестік арқылы өңір кеңінен насихатталып, жаңа аудиторияға жол тартты. SCAT әуе компаниясының «Аспан» журналында облыстың туристік нысандары туралы макала 7000 дана таралым жарық көрген материал, жолаушыларға Жетісудың көрікті жерлерін таныстырып, өңірге деген қызығушылықты арттырды. Журнал 16-дан астам бағыт бойынша ұшатын әуе рейстерінде таралды.

Инфрақұрылымдық жұмыстар да жүйелі түрде жүзеге асырылып, туризмнің сапалы дамуына негіз қалады. Жаңартылған ақпараттық сөрелер, заманауи онлайн-карталар, туристік бағыттардағы навигациялық баннерлер – мұның бәрі саяхатшылар үшін қолайлы әрі түсінікті орта қалыптастыруға бағытталды.

Ал ақпараттық зарядтау станциялары заманауи сервистің жарқын үлгісі ретінде туристерге жаңа мүмкіндіктер ұсынып, Жетісудың инновациялық бағыттағы дамуын айқындай түсті.

2025 жыл Жетісу үшін ерекше есте қалатын кезең. «Жетісудың туристік серпілісі» жобалары өңірдің туристік әлеуетін жаңа деңгейге көтеріп, табиғатсүйер саяхатшыларға ұмытылмас әсер сыйлады.

«Долантау – Жолбарыс» тауларының асқақ шыңдары, Тасарал аралының тылсым тыныштығы, Ақтөбе шыңының биік рухы мен Сарыбел тауларының керемет көріністері – бұлар енді тек картадағы нүктелер емес, әсерге толы саяхаттарға бастар жол болды. Әрбір тау, әрбір көл және әрбір ауыл өз тарихы мен сырын ашып, туристерге ерекше тәжірибе ұсынады.

Бұл жолда контент рөлінің де шешуші екені байқалды. «Жетісудің мұрасы» жобасы көрерменнің жүрегіне жол тауып, жүз мыңдаған қаралым жинады. Кәсіби фотографтар мен видеографтар өңірдің бірегей визуалды бейнесін қалыптастырып, Жетісудың табиғи сұлулығын, мәдени және тарихи мұрасын кең аудиторияға паш етті.

Нәтиже айқын: Жетісу туралы контент 800 мыңнан астам қаралым жинап, өңірге деген қызығушылық айтарлықтай артты. Лепсі ауылы үздік туристер ауылдар қатарына енді. Ал «Алтын-Емел» ұлттық табиғи паркінің халықаралық «Travel + Leisure» басылымының нұсқасы бойынша АҚШ-тан тыс орналасқан әлемнің ең үздік ұлттық паркі ретінде рейтингінде 7-орында.

Жетісу енді тек көрікті жерлердің жиынтығы емес, саяхатшылар үшін рух пен шабыт сыйлайтын орынға айналды. Табиғаттың әрбір сәті, тарихтың әрбір парағы, мәдени мұраның көрінісі – туристік серпілістің айқын дәлелі.

2026 жыл «Visit Zhetysay» туристік ақпа-

раттық орталығы Жетісу өңірінің туристік әлеуетін барынша жоғары деңгейде көрсетуге және дамытуға бағытталған жүйелі жұмысын жалғастырады. Бұл жылы біз тек туристерді тартумен ғана шектелмей, бизнес өкілдері мен мемлекеттік құрылымдармен ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ ішкі және халықаралық туризмді белсенді дамытуға ерекше көңіл бөлеміз.

Өңірдің заманауи туристік имиджін қалыптастыру басты назарда болады: жарқын әрі есте қаларлық іс-шаралар; ақпараттық турлар және заманауи медиа құралдарының кең ауқымды серіктестік ұйымдастыру; Жетісу тек көркем табиғатымен емес, мәдениеті мен тарихымен де туристерді баурайтын аймақ ретінде таныту.

Өңірдің туристік мүмкіндіктерін ілгерілетуде Жетісудың туристік нысандары әлемге танытырылады. БАҚ өкілдері, блогерлер, туроператорлар және туризм саласының мамандары үшін ақпараттық турлар, блог-тур, пресс-тур, ірі ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып, өңірдің тартымдылығын кеңінен насихаттау. Сонымен қатар сауықтыру, экологиялық және ауыл туризміне арналған шаралар туристер үшін жаңа қызық мүмкіндіктер ашады.

Жетісу туризмін әлемдік деңгейде таныстыру үшін 2026 жылы XXV Қазақстан халықаралық туристік көрмесі «KITF – 2026» көрмесіне қатысу және халықаралық туристік көрмелерге қатысу жоспарланған. Халықаралық көрмелерге қатысу өңірімізді әлемдік деңгейде дамытуға өте үлкен ықпал береді.

Ал табиғи мұраларды насихаттау мақсатында «National Geographic Qazaqstan» ұйымымен бірлескен экспедициялар ұйымдастырып, «Алтын-Емел» МҰТП ғажайып табиғаты арқылы өңірдің бірегейлігін көрсету. Жоғары сапалы медиа-контент өңірдің танымалдығын арттырып, туристерді қызықтырады. Цифрлық ілгерілету де басты назарда: әлеуметтік желілер, медиа-платформалар мен визуалды контент арқылы Жетісудың жаңа туристік бейнесін қалыптастыру.

2026 жылы өңірде бірқатар ауқымды фестивальдер ұйымдастырылып, туристерге ұмытылмас әсер сыйлау жоспарлануда, солардың бір қатары: «Сиверс алмаларының гүлдеуі» фестивалі, «ShaganFest–2026» фестивалі, «AlakolFest» фестивалі, «Zhetysay Balkhash Fest–2026» фестивалі Балқаш және Алакөл көлдерінің жағасында өтетін ірі туристік іс-шаралар ұйымдастыру. Бұл фестиваль мәдени шаралар мен ойын-сауық бағдарламаларын біріктіріп, демалыс пен әсерге толы ерекше атмосфера сыйлайды.

Жоспарланған барлық іс-шаралар Жетісу өңірінің туристік тартымдылығын арттыруға, туристер ағынын көбейтуге және өңірдің оң имиджін қалыптастыруға бағытталған.

Жетісу – бұл тек саяхат емес. Бұл – табиғатпен үндесу, мәдениетті тану және жаңа әсерлерге толы сапар.

Жандос НҰРИЕВ,
«Жетісу» туристік ақпараттық орталығының басшысы

● ДҮНИЕ-ҒАЙЫП

Сара ЛАТИЕВА

Белгілі журналист, жазушы, мәдениеттанушы Сара Латиева 79 жасында дүниеден өтті. Ол 1947 жылы 2 ақпанда қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы, Орда ауылында туған. 1969 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын шұбартаулықтардың бастамасымен комсомолдық жолдама бойынша, Жәнібек ауданы, Талов совхозында қой шаруашылығына бастаған. Аудандық «Октябрь туы» газетінде, Гурьев (қазіргі Атырау) облыстық радиосында корреспондент, республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде, Қазақ радиосында, ұлттық «Қазақстан» энциклопедиясында, «Ақ желкен» журналында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. «Мен соғысты көргенім жоқ», «Бұлбұл», «Хадиша Бөкеева», «Төрелігін өздерін айтыңдар» (А.Балақовтан аударған) атты кітаптары жарық көрген.

Руханиятқа сүбелі үлес қосқан қаламгердің жарқын болмысы халқының жүрегінде сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы

Ұлттық өнер тарихын көркем тілмен жеткізді

Жазушы, журналист, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Сара Латиева – қазақ әдебиеті мен өнертану саласында қатар еңбек еткен қаламгер, өнер зерттеушісі. Ол қазақ руханиятына айтулы тұлғаларды таныстырды. Қазақ сахнасы мен музыка өнерінің ірі өкілдері туралы деректі-көркем шығармалар жазды. Әсіресе әйгілі опера әншісі Күләш Байсейітова туралы «Бұлбұл» атты повесть-эссесі – ұлттық өнер тарихын көркем тілмен жеткізген маңызды еңбек. Хадиша Бөкеева, Байғали Досымжанов жайлы туындылары арқылы қазақ театр өнерін кеңінен насихаттады. Өнертанушы ретінде қазақ мәдени мұрасын жүйелеп, кейінгі ұрпаққа жеткізді. «Мен соғысты көргенім жоқ», «Туған жердің түтіні» сияқты кітаптары арқылы қоғам, тарих, адам тағдыры тақырыптарын көтерді. Бұл бағытта ол қазақ әдебиетіндегі деректілік пен шынайылық дәстүрін нығайтты.

Шешендігі өз алдына. Кез келген аудиторияны өзінің біліктілігімен, ойының тереңдігімен жаулап алатын. Ешкімге бас имеді, өр, батыл, ерекше еді. Бірге оқыды, қатар еңбек еттік. Бір-біріміздің жанымызға жалау болдық. Арамызда айтылмаған сыр жоқ еді. Әлпештеп өсірген жалғыз ұлын Нұраманның қызығын көрмедің. Себеппен салдары қап-қара тұңғықтың апанында, соны түсіндіруге тырысқаның әлі есімде. Көкейде түрлі түйткіл қалды. Ауыр дертке шалдықтың. Сонша талантты, ақылды және қамқор ана болғанына қарамастан, титтей нәтижесін көрмей, өзегімізді өртеп кетіп барасын, қайран құрбым...

Мағира ҚОЖАХМЕТОВА

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, төрағасының орынбасары болып қызмет еткен жазушы Қалаубек Тұрсынқұловтың зайыбы

Нағима ЕРМЕНБАЙҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы белгілі жазушы-драматург Роза Мұқановаға ағасы

Жәрдем ҚАЖЫҒАЛЫМҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазақ әдебиеті» газетінің лауреаттары



Ғабиден Құлахметов атындағы қоғамдық қор (Ғазиз Ғабиденұлы және Шыңғыс Ғабиденұлы) мен «Атамұра» баспа корпорациясының (Президенті Рахымғали Құл-Мұхаммед) демеушілігімен «Қазақ әдебиеті» газетінде 2025 жылы жарияланған үздік шығарма авторларына «Қазақ әдебиеті» газетінің лауреаты атағы берілді.

Жүлделеріңіз құтты болсын!



Өмір КӘРІПҰЛЫ
«Алашап айғыр һәм Болтай» (18.04.2025. №15), «Майор шенді шеше» (17.10.2025. №41) әңгімелері үшін;



Жұманазар АСАН
«Күллі түркі халқының Нострадамусы» (28.03.25. №8) және «Ғылымға көңіл бөлсеңіз...» (25.07.25. №29) танымдық мақалалары үшін;



Жақыпжан НҮРҒОЖАЕВ
«Мен білетін Ібітанов», (12.09.25. №36) «Күй күдірет» (07.11.25. №44) эсселері үшін;



Абзал БӨКЕН
«Екі сөздің біреуінде ел деймін...» (17.01.25. №2) өлеңдер топтамасы үшін;



Талғат ТЕМЕНОВ
«Боз далада Шыңғыс отыр...» (14.11.25. №45), «Жеңісті әнмен жақындатқан Қасым мен Константин жырлары туралы», (28.03.25. №8), «Қоңыр әуен» (26.09.25. №38) танымдық мақалалары үшін;



Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ
«Ай қанатты арғымақтар» (14.11.25. №45) «Абай және Тәкен» (01.10.25. №30-31) «Қылқалам және тағдырлы талант» (12.12.25. №49) сараптамалық мақалалары үшін;



Ерсайын ТӨЛЕУБАЙ
өнер тақырыбына арналған «Талант» (21.11.25. №46) мақаласы үшін;



Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА
«Тіл мен дәстүр – егіз ұғым» (07.03.25. №9), «Көктөбе көктемі» (16.05.25. №19), «Ұлт тілін ұлықтаған қайраткер» (12.12.2025. №49), «Әдебиетке автордың танымы жан бігіреді» (23.05.25. №20) сұхбат-сараптамасы мен танымдық мақалалары үшін.

КІТАП ЖАРШЫСЫ



«Жырұйық»


Белгілі ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қорғанбек Аманжолдың «Жырұйық» кітабына елдіктің асқақ мұраттары туралы өрнекті өлең-жырлары еніп отыр. Поэма жүгін арқалаған этнографиялық этюдтер қазақтың ұлттық бітім-болмысын, салт-дәстүрін келісті бейнелеген. Ақын өлеңдері отаншылдық, азаматтық, адамгершілік, адалдық пен мейірім тұрғысындағы нұрлы да таза сезімдерге бай. Махаббат, достық, ізгілік, имандылық, туған жер мен табиғат тақырыптары да мейлінше мол қамтылған. Кестелі көркем тілі жалпы бітім-болмысымен һәм мақсат-мазмұнымен сабақтаса өрілген бұл өрелі жинақ жыр-сүйер қауымға лайықты тарту болатынына еш күмән жоқ.
Алматы. Атамұра, 2025

«Ақ бастау»

Бұл кітапқа «Ақ желкен» журналының 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ақ бастау» әдеби байқауының жеңімпазы болып танылған шығармалары топтастырылды. Шығармалар тақырыбы мейлінше кең, стилі заманауи, қазақ әдебиетінің тарихи даму үлгілеріне толық сай. Байқауға қатысқан авторлар қазіргі жасөспірімдердің ойлау, өмір сүру, адамдармен қатынас жасау, болашаққа үніле білу, өткенді қадірлеу, бүгінгі күннің игі дәстүрлерін қалыптастыру сияқты машықтарын шебер танып, әдемі тілмен өрнектейді.

ARNA-B, 2026

«Жұртым деп жортқан бір жалғыз»



Ғабиден Құлахметтің бұл хикаясы – елдік пен ерлік, намыс пен парасат жайлы кесек туынды. Көне дәуірдің көреген биі – Қарға тұлғасы арқылы автор ұлттың рухани келбетін, сөздің, ойдың салмағын суреттейді.

Ұлықтың алдында бүгілмей, елдің қамы үшін сөйлеу – әркімнің мандайына жазыла бермейтін қасиет.

Бұл шығармада шын билік пен жалған бедел, таза жүрек пен дүниеқоныздық қатар жарысады.

«Жұртым» деп жортқан жалғыздың жолы – ұлттың ұлы мұратына айналған жол!

Алматы. Ағна-В, 2025

«Аты аңызға айналған адам»

Академик-жазушы Меңдібай Әбілұлының «Аты аңызға айналған адам» атты очеркі көп жылдар Қарақалпақстан Республикасы Тактакөпір ауданындағы К.Маркс атындағы совхозда мал дәрігері, содан соң Нөкіс ауданына қарасты құс шаруашылығы мекемесінің, Тактакөпір ауданындағы «Жаңадария» совхозының директоры болып еңбек еткен еңбек ардагері, қажы Оразалы Иімбетовтің өмірі мен елге істеген қызметі, халықтың руханиятын көтерудегі жанқиярлық еңбектері жайлы баяндайды.

Очеркте қазақтың көрнекті ақыны, сазгер, Өзбекстан Компартиясы Қарақалпақстан обкомының бірінші хатшысы, Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі

Кәкімбек Салықовтың өмірінен қызықты деректер келтіреді. Қазақ, қарақалпақ, қырғыз түркілерінің арасындағы бауырластықты нығайтушы тарихи тұлға ретінде көрінеді.

М.Әбілұлы очеркке «Дәуқара» өңірінің діни-ағартушылары қазақ түркілері Аңсатбай ахун мен Сагидулла ахун туралы, Өтім жырау туралы, қырғыз түркісі Сәтмырза (Сәт) ахун т.б. туралы қызықты оқиғаларға құрылған аңыздарды арқау еткен.

Кітап қалың оқырман қауымға арналып шығарылды.

Тараз, «Формат-принт» баспасы, 2025



Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға, **ӘБДІКҰЛЫ** Төлен, **БАҚТЫГЕРЕЕВА** Ақұштап, **ЕЛУБАЙ** Смағұл, **ИРАН-ҒАЙЫП**, **КӨПІШ** Өшірбек, **ҚАБЫШҰЛЫ** Ғаббас, **ҚАНАЗ** Молдахмет, **ҚОШЫМ-НОҒАЙ** Байбота, **НҮРЖЕКЕ** Бексұлтан, **НҮРМАҒАНБЕТОВ** Тынымбай, **ОРАЗАЛИН** Нұрлан, **СЕГІЗБАЕВ** Кәдірбек, **СЕЙСЕНБАЕВ** Роллан, **СМАТАЕВ** Софы, **ШАХАНОВ** Мұхтар, **ЫСҚАҚБАЙ** Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректор:
Айнаш ӘЛДИБЕК

Меншікті тілшілер:

Астана қаласы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӨУЛЕБЕК, Алматы облысы

Ержан ТОҚТАРҰЛЫ, Абай облысы

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ, Ақтөбе облысы

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ, Атырау облысы

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА, Батыс Қазақстан облысы

Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН, Жамбыл облысы

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ, Жетісу облысы

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ, Қостанай облысы

Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ, Қызылорда облысы

Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА, Маңғыстау облысы

Сағындық РЗАХМЕТ, Павлодар облысы

Серік ЕЛІКБАЙ, Түркістан облысы

Айдар СЕЙДӨЗІМ, Шығыс Қазақстан облысы

Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ, Шымкент қаласы

Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекшілер: **Жүніс ОМАР**, **Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА**

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

e-mail: kazakh_adebiety25@mail.ru

Мекенжайымыз: 050009, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105-үй, 3-қабат.

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер галамтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды. Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г күәлігі берілген. Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Офсеттік басылым. Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.